



Ж. ЕЛШІБЕКОВ

ЖАУҚАЗЫН 

ЖАНАТ ЕЛШІБЕКОВ

ЖАУҚАЗЫН

ҚАЙНАР — БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1976

631. 3.

Е. 49

УДК 331. 876. 2

Елшібеков Жанат.

Жауқазын. Алматы. «Қайнар», 1976.

129 бет.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас Совет Одағының Коммунистік партиясының XXV съезінде жасаған баяндамасында «Біз адамдарымыздың бойындағы қалың қайрат, ұшқыр ой, жастық жігер бүкіл өмір бойы сақталса екен деп тілейміз» деді.

Талдықорған облысы, Панфилов ауданы, Калинин атындағы колхоздың бір кезде Бағдат Қожабаетаева басқарған механизатор-қыздар бригадасы коллективінің жасампаз жарқын істері осынау ұлағатты тілектің шадыман өмірдегі өркенді бір көрінісіндей. Кезінде Бағдат Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты болса, бүгінде оның ізбасарлары жарыс отын бұрынғы қай уақыттағыдан болса да лаулата түсуде.

Журналист Жанат Елшібеков өзінің бұл кітабында замандастар өмірін, олардың сан-салалы іс-әрекеттерін, мақсат-мүдделерін нақты фактілер негізінде шуақты сезіммен салықалы толғайды.

Е $\frac{40100-069}{M403(07)-76}$ 26—76 М

© «Қайнар» баспасы, 1976

Елшібеков Жанат

ЖАУҚАЗЫН

(на казахском языке)

Редактор Нусибалиев К. Художники Б. Ильин, А. Аскарров.
Фото Дорекеева М. Худож. редактор Б. Жапаров. Технический редактор О. А. Иванова. Корректор С. Нуркишева.

Сдано в набор 31/III-1976 г. Подписано к печати 25/VI-1976 г.
Формат 70×108¹/₃₂. 5,2 п. л. Уч. изд. 5,1. Бумага № 2. УГ03059.
Тираж 5900 экз. Цена 16 коп.

Издательство «Қайнар», г. Алма-Ата, 480009, ул. Советская, 50.

Заказ № 670. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

ӨМІР ДЕГЕНІМІЗ— ЖОЛ БЕТАШАР НЕМЕСЕ КІТАПТЫҢ КІЛТІ



Жол алғашқы қадамнан басталады. Артында із қалады. Ізсіз жол жоқ. Мынау менің алып Қазақстаным жерінде не көп, жол көп. Бәрі-бәрі көз сүзген сайын сайрап сөйлеп барады. Іздеп шыққаның малшы, әлде егінші, кенші мен құрылысшы, болмаса орманшы мен маралшы. Қай жерлерде жүргенін айтып берейін дегендей тарам-тарам жол-іздер, сүрлеу-соқпақтар сан саққа жетелейді. Адамдарға жеткізгенше, жүздестіргенше, сыр ақтарысар сәттерге тағатсыздандырады. Өйткені өмір дегеніміз — жол.

Айнала төңіректің, тіршілік табиғат біткеннің күре тамыры жол. Ұйқысынан ояна қоймаған Алатау аясындағы әсем астана көктем жаңбырына шомылып тұр. Сәуір тамшылары үздіксіз билеп жатыр. Бозарып атқан Алматының жауынды таңы көңіл құсын шарықтатып жіберген. Шырқау биіктерге самғап кеткен қиял соңында сәл сәтке болсын өзінді ұмытқандайсың.

Лезде Жаркент өңіріне қалай жеткеніңді де білмейсің. Бір ғажабы, жаңбырмен бетімізді жуып шыққан біздерді қарсы алған — ақ ұлпа қар. Мыңсан мамық «көбелектер» көңілдене ағаш бұтақтарына қонақтап жатыр. Үздіксіз жапалақтайды.

«Құс қанаты» көктем лебін жеткізіп тұрғандай. Асқаралы Жоңғар шындарының біріне көтеріле ілініп қалған күн сығалайды. Ертеңгі аяз демін үрлейді. Айнала-аппақ.

Тау баурайында қоныс тепкен ауылдар біріне-бірі жалғасып кете барады. Ал сол ауыл-ауылдың арасында мыңғырып отар-отар, табын-табын төрт түлік өріп жүр. Кешегі төсінде қызу еңбек думаны танды-таңға жалғап ерекше бір еңбек күйін үздіксіз шерткен алтын алқап, ілкі сәт тыныштық құшағына оранған. Енді міне, бірер күннен кейін сайын даланы дүбірге бөлеп тракторлар керуені қыр сахнасына толассыз ағылып шығады-ау. Бір белестен бір белес асып, болашақ молшылық қамына үрдіс кірісіп кеткен дала қаһармандарының қай-қайсысы болсын өздеріне жүктелген жұмыстарды да тиянақты орындауға жұмылады. Өйткені ертеңгі молшылық негізі бүгіннен қаланады емеспе. Жауапкершілік жүгі жеңіл болмаса керек. Соның айғағы ең жауапты шақты — мал қыстатуды қажырлылықпен аяқтаудың соңғы сынақтарын малшы қауымы төл алумен қат-қабат жүргізуде.

Ер еңбегінің сыналар сын сағаттары диқандарды, ең бірінші механизаторлар әулетін мазасыздандырар кез. Қақаған аязда жалаңаш қолдарымен мұздай темірлерді ұстап, жансыз сол темірлерге қан жүгіртіп, жөндеу сапына қойған темір тұлпарларды қыр төсіне шығарғанша асығулы. Күз бойына зябь көтерген тракторлар енді қара жердің қыртысын аударып, Жер-Ана қойнына тұқым себеді. Содан бастап, өмір нәрі — алтын дәнді аялаумен, мәпелеумен болады. Ерте көктемнен басталған шаруаның мазасыз күні сарала күзге ұласады.

Ырыс селін жалғыз адам ғана тасқындата алмайтыны белгілі. Үлкен арнаға құйылып жатар мақсатты мүдде қашан да жемісті де жеңісті. Ен-

деше дүйім салқар көштің арасында ауыл шаруашылығының барлық салаларында еңбек ететін қыздар мен жігіттер қатар жүр. Бұл заңды да. Бүгінгі таңда панфиловтық механизатор қыз-келіншектердің даңқы бүкіл республикаға әйгілі. Ұлан-ғайыр республикамыздың түкпір-түкпірінде жаңа бастаманы жаппай қолдаушылар — жас қыздар легі аз уақыттың ішінде күрт өскені баршаға аян. Әрине бұрын-соңды техника тілін білуші қыз-келіншектер есімдерін қадау-қадау кездестіретініміз және белгілі. Ал, жаппай техника тілін меңгеруге құлаш ұрған қыздардың осынау қозғалысы шын мәнісінде үлкен бастама-тұғын.

Жаңалықтың, не бір жарқын істердің бастаушылары әуелден жастар. Жастар жүрген жерде із қалары да сөзсіз. Олардың еңбек ететін адрестері де сан алуан. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXV съезіне КПСС Орталық Комитетінің есепті баяндамасында Леонид Ильич Брежнев: «Партия қандай міндеттерді алға қойса да, комсомол оларды шешу жолында жастық жігермен күреседі» деген ғой. Демек совет жастары өзі еңбек ететін ортаның озық та үздік мүшесі болуы тиіс. Қай кезде болмасын жаңалық атаулыға жаны құштар жандар өнегелі деген ең үздік істерімен дараланады. Көпшілік көңілінен шығып, коллектив мақтанышына айналады біртін-біртін. Республикада «Техника тізгінін қолымызға алайық!» деген қозғалыстың бастаушылары болып, тұңғыштар атанған Панфилов ауданындағы Калинин атындағы колхоздың механизатор-қыздар қатары жыл сайын толықтырылуда. Трактор рулінде отырған қыздарды бүгінде жолықтыру кімді болсын таңдандырмаса керек. Оның да себебі бар. Бүгінде көптеген шаруашылықтарда механизатор қыз-келіншіктердің араласпайтын жұмыс түрі жоқ.

Темір тұлпар тізгіндеген өмір жауқазындарын бірде қоғамдық малға арналған жемшөптің берік қорын жасаушылар сапынан көрсек, енді бірде қара жердің қыртысын қопарып, жал-жал із салып жүргенін байқар едіңіз. Қомбайн штурвалында отырып, астық бастырып, дала кемесінен қырманға қызыл дән тасып, сын сәттерінің нақ ортасында бел шешпей қажыр-қайратымен алаулайтын да осы қыздар. Оларды мазасыз минуттарда ұзын жолдың бойынан жолықтырасың. Тек жол үстінде ғана жүздесіп, сыр суыртпақтайсың. Ырғалып тұруды уақыт көтермейді. Өйткені үлкен жол — өмір жолы алға тартып барады. Адамдар жүрегіне де жол таба білуіміз қажет. Қарсы алдымдағы картаға үңілгенмін сонда. Жоңғар сілемдеріне — Жаркент өңіріне шақырған еді сол жолдардың бірі.

Тасты жарып шыққан тұма бұлақтың мөлт-мөлт тамшылай төмен құлағанын көрсен, шіркін! Қайнар көзін жарқыратар аялы алақан әмсе-ақ қажет. Ең ақыры бастау да адамдардың жылы алақанының табын зәру етеді. Бұлақ көзін аршыған сайын бұлқына, буырқана атқылайды емеспе. Дүниеге келіп жатар жастар бастамасына да сондай жақын жанашыр керек. Коллективтің қамқор да ыстық ықыласы молынан төгілгенде барып, желісін жая беретіні де бар. Алғашқы асулар мен кездескен кедергілер көп болып жұмылуды қалайды. Бірлік түбі — тірлік. Аға ақылының да кезек күттірмес тұсы осы. Тыннан із салған ізбасарларға бағыт-бағдар сілтер шақта өз орнынан табылған еңбек ардагерлері жайлы жүрек түкпірінен шыққан жастар лебіздері де мол. Мұның бәрі де өмір көрігінің шоғына түсіп, шым болаттай шындалған жастардың әрқайсысынан естисің.

Бір сәт бастама өрісіне көз жіберелікші. Сонау жылдары Панфилов ауданы бойынша трактор рулі-

не отырған бірді-екілі ғана қыз есімін ауызға алатын болса, қазіргі таңда аудан шаруашылықтарында екі жүзге жуық механизатор қыз-келіншектер еңбек етуде. Социалистік жарыс отын жалындатып жүргендер де сол жауқазындар — қыз-келіншектер. Тоғызыншы бесжылдықтың әр жылы қыздар сапын жаңа есімдермен толықтырып отырды. Ауданда онға тарта механизатор қыз-келіншектер бригадасы құрылған. Олардың қатары жүзден асады. Жамбыл атындағы колхоздың құрамында 13 мүшесі бар қыз-келіншектер бригадасын Ұлтуар Қайымбекова басқарады. Сондай-ақ «Үшарал» колхозында — 12 қыз (бригадирі Бибінұр Сағымбекова), Ленин атындағы совхозда — 12 қыз (бригадирі Азаткүл Тұяқбаева), «Красный Восток» колхозында — 6 қыз (бригадирі Анар Төлендиева), Киров атындағы колхозда — 12 қыз (бригадирі Гүлбаһрам Изизова) темір тұлпарды ұршықша үйіруде. Ал әуелгі бастама иесі — Калинин атындағы колхоздың қыздар трактор бригадасына 28 механизатор мүше. Бригаданы талапты жас Халида Мантизова басқарады. Колхоздағы механизатор мамандығын меңгерген қыз-келіншектердің ұзын саны — елуге тартады. Жоғарыда аталған қыздар бригадаларының барлығы да өздері еңбек ететін шаруашылықтарында атқарылар ең өзекті жұмыстардың басы-қасында. Еңбектері де өнімді. Әр бригаданың жеке-жеке социалистік міндеттемелері бар. Өзара социалистік жарысқа түскен коллективтердің негізгі нысанасы — еңбек өнімділігін арттыру, биік көрсеткіштерге қол жеткізу. Сөйтіп, табыстың тай қазанын тасыта беру. Тоғызыншы бесжылдықтың әр жылын ерен ерлік еңбекке толтырған механизатор қыздар мен келіншектер жаңа асуларға беттеп отыр. Оныншы бесжылдықтың календарын бұдан біреу жыл бұрын ашқан еліміздің

мындаған таңдаулы еңбеккерлерінің сапынан, әрине, панфиловтықтарды да көрер едік.

Калинин атындағы колхоздың қыздар трактор бригадасы тоғызыншы бежылдық тапсырмаларын төрт жыл алты айда орындап шықты. Осы уақыттың ішінде бригада жоспардағы 77 177 гектардың орнына 78 766 гектар жер жыртып, жоспарды 102 процентке орындаған. Сонымен қатар міндеттемедегі 8 104 центнер жанар-жағар майдың 24 проценті үнемделді. Еңбек жеңімпаздары әр кез құрметке, ерекше ілтипатқа бөленеді. Соның шынайы көрінісі — калининдік механизаторлар бригадасының ВЛКСМ Орталық Комитетінің вымпелімен, ВЛКСМ Орталық Комитетінің және Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің диплом, грамоталарымен наградталуы. Бригада мүшелерінің көпшілігі — коммунистік еңбектің екпіндісі. Олардың омырауларында Отан наградлары — ордендер мен медальдар жарқырайды. Халық қалаулысы қанша ма?!

Бұл өңірде бұрындары қыздардың техника маңын төңіректеуі соншалықты әбес көрінетін. «Қыз баланың қолы емес»... секілді сөздердің жоққа шыққанына да көп уақыт. Трактор рулінде, ия болмаса комбайн штурвалдарында даланы дүбірге бөлеп, бір қырдан бір қыр асып бара жатқан орамалдыларға кей кездері қызыға да, қызғана да қарайтынымыз бар. Сүйсінеміз, мақтан етеміз бәріміз боп. Ал техника тілін білуге, оны жетік меңгеруге қыздар ықыласын жан-тәнімен аударған нендей жан еді? Механизатор мамандығына деген қыздар құлшынысын айырықша желпінткен сыр түйіні қандай болды екен? Бастама қалай туған еді осы! Сол бастама иелері кімдер еді? Алғашқы қарлығаштар қатарына кейіннен қосылған лектер жақсы істі қалай жалғастыруда?.. Тұс-тұстан ағылған көп сауалдар көз алдыма қыр төсінде жүрген құрбылардың бейнеле-

рін еріксіз көлбендеткен. Олардың романтикаға толы арманшыл өмірлерінен үзік-үзік штрихтарды ойша сызып, мүсіндерін кескіндеп отырмын. Жол апшысы қуырылып келеді. Жол!.. Мың бұралып біресе төмен тартып зулайды, енді бірде өрмелеп, биікке беттейді. Таусылар емес. Адамдарға жеткізгенше асығады. Иә, жолдар таусылмайды...

«...Калинин атындағы колхозда орта мектепті бітіруші бір топ қыздар трактор руліне отырыпты». Осыдан жеті жыл бұрын бұл хабар аудан емес, облыс көлеміне емес-ау, кең-байтақ республикаға тез тарап кетті.

«...Калинин атындағы колхозда еңбек ететін Қазақстан комсомолының 50 жылдығы атындағы қыздар трактор бригадасының бригадирі Бағдат Қожабаева — Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты!» Екі жылдан кейін бұл хабарды бүкіл еліміз бір күннің ішінде естіді. Жер-жердегі әңгіме арқауы — «Бағдат және оның бригадасы» болды.

Ендігі біздің ағытар сыр да сол тұңғыштар — бастама иелері жайлы өрбімек.



БӘРІ ДЕ СОЛ БІР КЕШТЕН БАС- ТАЛҒАН БҰЛ—АЛПЫС ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛДЫҢ ЖАДЫРАҒАН ЖАЗЫ ЕДІ

Жаз — шаруа айы. Жадыраған жаздың жай-машуақ тәуліктері қат-қабат жұмыстарды бірінен соң бірін көлденеңдетіп алдыңа тастайды да отырады. Бірін еңсеріп тастаған мезетте тағы да екінші жұмыстың ұшығы көрініп тұратыны және бар. Қай жерге барсаң да осындай қарбаластың үстінен шығасың. Еңбек адамдарының асығыс қимылдарына куә болар еді кімде кім.

Тура сол күндердің бірі-тін. Калинин атындағы колхоздың егістік алқаптарында да дала жұмыстарының қыз-қыз қайнаған шағы. Таң алакеуімнен ауыл сыртын еңбек күйіне бөлейтін тракторлардың гүрілі түннің әлде бір уағына шейін толастамайды. Жер солқылдатқан алыптардың дауысы әр тұстан талып жетеді. Түрен салған кешегі күндер де артта қалыпты. Егістіктегі қауырт сағаттар енді ғана соққан. Алқапты суару, тыңайтқыш сіңіру, жүгерінің түбін қопсыту секілді қым-қуыт жұмыстар соңы оны арам шөптен тазартатын күндерге ұласады. Ол күндер де жақын. Сосын ала жаздай осынау тіршілік өзгеріссіз қайталаанады да отырады. Әлденеше рет... Оның бәріне де жұмыс қолы өте тапшы. Трактордағы жігіттерді алмастыра қоятын да артық күш жоқ. Құрылыс пен мал соңында

жүргендерді пайдаланудың да жолын іздестіріп бақты — ау... Бірақ... Бірінде ілгерілеген жұмыс қайсысында ақсаулы күй кешетіні көрініп тұр. Қолхоз председателінің басын қатырған да осы жайлар.

Терезеден құйылған нұрға назар тіктегенде шаршаған денесі сергіп сала берген. Орнынан тұрған бойда сыртқа, сонау сағымданған көкжиекке көз жіберді. Ішке енген Илиманы да аңғармас па еді біразға дейін. Қолхоздың маңдай алды тәжірибелі тракторшысы Илима Аманбаева не бір ойларын, көкейінде жүрген әңгімелерін Имирмен ақылдаспай жүзеге асырмайтынын, өзге жанға сездірмейтінін жақсы біледі. Қашанғы әдеті. Сондықтан болар, ол келгенде сөздерінен жаңалықтың ұшығын іздеп отырады.

— Иә, Илима, қал қалай, үй — іші аман ба?

— Жақсы, жақсы, қалыпша...

— Жаңалығыңды айта отыр.

— Кездескен сайын жаңалық күтетініңізді біліп, тектен-тек келуге қысылып жүр едім.— Илима сөзін әзілмен қозғаған.

— Охо!..— Рахаттана, жарыса күлді.

— Ендеше жаңалығым бар десеңші. Құлағым сенде, бастай бер,— деді артынша.

Илима әңгімесін неден бастауды, қалай өрбitudі білмей аз кідіріп отырды да:

— Мазалап жүрген ойдың түйіні,— деді салмақтай сөйлеп, жыл сайынғы мектепті бітіруші жастарды коллективті түрде колхозымызда еңбек етуге қалдырсақ. Жоғары оқу орыны қашпас. Кейіннен қыздар мен жігіттердің жүйелі түрде жоғары білім алуына жағдай жасауға болар еді. Тектен-тек түнімен көше кезіп, сендей соғылысып жүргендер де бар. Соларды қатарға неге тартпасқа? Қолымыздан келері — колхоз орталығынан ме-

ханизаторлар курсың ашу керек. Әрине, оны ұйымдастырып қаз тұрғызу өзімізге байланысты. Техника тілін аулымыздың таңдаулы да, тәжірибелі механизаторлары үйретеді. Жастардың техникаға үйір екенін, сондай құштар екенін менен гөрі өзіңіз жақсы білесіз.

Бағанадан құлағың түрумен әңгіменің ұзын-ырғасын, жай-жапсарың әріден зерделеген председатель әлсін-әлсін қозғалып қойып отырды. Байыпты сөздің сырын әбден ұққанша тіс жармаған. Көптен шешілмей әуреге салған түйін тура көз алдында тарқатылып бара жатқандай. Бөгеліңкіреп барды да жадында ұстаған әңгіменің жанды жерінен қозғай сөз сабақтады.

— Әлгі толғамдарың өте орынды. Шындығында жалғыз жанның қолынан келер анау-мынау іс емес бұл. Үлкен бастама деуге де тұрарлық. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Сондықтан осы жайды парторгке де айталық. Ақанның да хабардар болғаны жөн.

— Ахметжан Надыров жолдас қарсы бола қоймас,— деді сөз орайында Илима.

— Әлбетте... Жақсылыққа, жаңалыққа кім қуанбас дейсің — Имир аға қуанышын жасыра алмай жүр. Ертеңге, болшаққа көңіл құсын самғатумен отырған ол, әңгімесін әрі жалғады.

— Сонымен үлкен жолға әзірленейік. Барлығы да дұрыс. Қинайтыны... қыздардың механизатор мамандығын меңгеруіне олардың үй-іштері қалай қарар екен? Өзіңнен басқа бұл салада қыз баладан ешкім жоқ. Оның үстіне қазақ, ұйғыр қыздарының ішінен суырылып белсенділік көрсете қоятындар табылса жарар. Осы жағы ойлантады-ау.

— Еркіндік тізгіні жастардың өз қолында. Құштеп, нә болмаса үгіттеп, бүгінгі жастарды басқа жолға итермелей алмаймыз ғой. Басты мақ-

сат — оларға дұрыс та, әділ бағыт-бағдар сілтеуіміз керек.

— Шындығында сөзіңнің жаны бар. Осы заманда әркім-ақ өз ақылымен жүріп-тұрады. Ендеше мынаған тоқайласайық. Мектепте өтетін мамандық таңдау кешіне қатысайық. Биылғы бітірер оныншы кластықтардың класс жетекшісімен де сөйлес. Артықтық жасамас. Кеште өзің сөйлейсің. Он екі жылдық механизаторлық өмір жолың жайында қызықты да, тартымды сыр ақтарасың. Орта мектеп қабырғасынан қанат қағып үлкен өмірге ұшайын деп отырған қыздарды — сіңлілеріңді техника тілін үйренуге шақырасың. Қысқасы, құрбыларды темір тұлпар тізгіндеуге жұмылдырасың. Одан арғы шаруа біздердікі. Үлкен істегі алғашқы адым жемісті болғай!..

Бәрі сол күнгі түннің бір уағына дейін созылған кештен басталған. Қолхоз орталығында А. Розыбакиев есімімен аталатын орта мектепте мамандық таңдау кеші өтіп жатты. Жиналғандар — оқушылар мен мұғалімдер. Топ алдында шығып сөйлеушілердің арман-мақсаттары да алуан тектес. Әр кімнің жүрек қалауы әр басқа. Албырт көңіл, балаң қиял заңғарларға самғайды. Сан-саққа жетелейді. Сондағы дүйім топты толғандырған, ойға шомдырған жалғыз ауыз сөз — «Кім болам?»

Сөз кезегі кеш қонағы, колхоздың таңдаулы механизаторы Ленин орденді Илима Аманбаеваға берілді. Ол трактор руліне отырған уақыттан бері көрген-түйгендерін сыр етіп шертті.

— Әрине, еңбек бейнетсіз, қиындықсыз бола ма?— деді ол әңгіме арасында.— Сол қиындықты жеңген адам ғана оның зейнетіне бөленеді. Бұны өздерің де білесіңдер. Сендерді сол қиыншылықтарға төзбейді деген жаңсақ пікірден аулақпын. Және жалт береді деп ойламаймын. Мені мазалан-



Бағдат Қожабаева

дыратын жайт механизатор мамандығы десе қыздардың ат-тонын ала қашатындығы. Көпшілік «тракторшы болу тек жігіттердің ісі» деп ойлайтын болса керек. Жоқ. Мүлдем қате пікір бұл. Техникаға біз де ортақпыз. Оны меңгеру біздің де қолымыздан келеді. Мен сендерді үгіттеп отырғаным жоқ, өмірден алған өз тәжірибемді, өз ойымды орталарыңа салғаным. Сөзімнің төрешісі де, қазысы да мына отырған сендер...

Тыныштықты артқы жақтан шыққан қыз дауысы бұзып жіберді. Бағдат екен. Ол парталастары мен ұстаздары алдында қысыла сөйлеп:

— Құрбылар, түсінген адамға Илима апайдың әлгіндегі жүрек түкпірінен шыққан сөздері жеткілікті. Шынында, біз мектепті бітірісімен туып-өскен ауылымызда бір-екі жыл жұбымызды жазбастан еңбек етелік. Техника тізгінін қолымызға ұстап байқайық. Дүниеде адам бағындырмаған биіктік жоқ, жалын жігер, мұқалмас қайрат, соның ең керегі жасқа тән құлшыныс. Ал оқу қашпас. Егер де жақсы бастама ұзақ та, үлкен жолға сәтті қадам жасаса біздің ізімізге кейінгі лек те ілесер...

Алғашқылардың бірі болып Шораханова Асылхан да үн қосты. Сол-ақ, қыздар шетінен дүр сілкінген, бірінің сөзін бірі толықтырып, жалғап кетті. Баршасының ойлары бір арнаға тоғысып, үздік-

сіз құйылып жатты. Мектептің 28 түлегі — армандастар ортақ шешімге тоқтаған. Сөйтіп, олар мектепті бітірісімен өздері туып өскен колхозда еңбек етуге бір ауыздан келісті. Арнайы үндеу қабылдады. Оның ішінде он алты қыз колхоз орталығынан ашылатын тракторшылар даярлайтын арнаулы курста оқитын болды.



Айтжамал Қарашева

Сонымен, игі істің бастаушылары — Бағдат Қожабаева, Асылхан Шорханова, Гүлбике Оңғарбаева, Ризвангүл Аманбаева, Күлімхан Бейсембаева, Айтжамал Қарашева, Бәтімхан Жұмаханова, Құрбангүл Зайтова, Сұлтан Нұрпейісова, Чимән Зайтова, Оразхан Төребаева, Зорам Шұлғаубаева, Тұрсынақша Құсайынова, Күлдән Тұрапбаева, Захидам Абдуллаева, Махинур Тохтаева. Кіл жас түлектер. Бұл 1969 жылдың көктем күндерінің бірі болатын.

Ертеңінде-ақ бүкіл ауыл гүледі. «Қыздар тракторшы боламыз депті. Қадамдарына гүл бітсін де... Әй, сол қыздарың техника тілін меңгеріп кетсе жарады ғой»...

Жаңа бастамаға ілесе сенім мен күдік қатар жүреді емес пе ежелден. Сенім мен күдік... Қайсысы үстем көрінбек? Ол жағын келер күндер екшейді.

ТЕМІР ТҰЛПАР МІНГЕН ҚЫЗ ОЛ ӨЗІМІЗДІҢ ПАША ҒОЙ ИЛИМА ЖӘНЕ ОНЫҢ СИҢЛІ- ЛЕРІ



Қарт әже өзін сергек сезінді. Жүрегі де, көңілі де әлденені сезетіндей. Лүп-лүп... Байыз тауып жатқызар емес. Көптен айтып жүрген оң қабағының бүлк-бүлк тартқанын да қуанышқа жорыған. Ұйқысы ашылып кеткен ол бөлме іші алакөлеңке болғаннан тұрып күнделікті тіршілігіне кірісті.

Таңғы тыныштық. Өзінен басқа қыбырлаған жан баласы көрінсейші. Ауыл таңғы тәтті ұйқы құшағында. Үй-үйдің алдында жатқан сиырлардың күйіс қайырғаны, қотандағы қойлардың ыңыранғаны естіледі. Осынау таң хабаршысындай әлде қайдан сиқырлы құс сұңқылы талып жетеді. Құс үні шыққан «Өсекті» бетке алған жұп-жұп құстар қанатының суылы да кемпір жүрегінің сырға толы пернесін дір-дір еткізген. Кәрі жүрек қуанатын секілді. Бар қуаныш пен жақсылықты Илимасына тілейтіні әуелгі әдеті. Қызының абройының артып, беделінің өскенін көрген сайын балаша қуанатыны бар. Осының бәрі жігіттермен иық тіресіп, тең жүргендігінде Илимасының. Бір түтіннің иесін жоқтатпай отырғанына шүкіршілік етеді. Жанын үреп тұрады.

Илимасын оятпады. Әбден құс ұйқы боп кеткен, бүгін бір жатсыншы деп ойлаған.

Түннің бір уағына дейін тракторының онымұнысын шұқылап кеш жатып еді. Оның үстіне әлгі басқармадан бастап, ауыл біткен «өзіміздің Паша, өзіміздің Паша» деп ауыздарынан тастасайшы. Әлгі айтып жүрген Пашалары кім екен ә?.. Бұл төңіректен естімеген есімім әйтеуір, реті келгенде сұрайыншы, тарс есімнен шығып кетіп жүрмесе...



Тұрсынақша Құсайынова

Бір кіріп, бір шығып өзіне-өзі сөйлеп жүрген шешесінің қылығына ұйқылы-ояу жатқан қызы еріксіз күлген. «Апам осы қызық жан. Бала секілді. Жападан жалғыз не бір әңгіменің басына су құйып отырғаны. Біреу-міреу құлақ түріп, бас изеп отырса жөн. Оған бәрі бір. Қазір де міне...»

— Апа, кімге сөйлеп жүрсіз, а?

— Жүрегім бірдеңені сезетін секілді. Қуанатын қабағымның тартқанына да көп болды. Әйтеуір, қуаныш хабары болсын, құлыным.

Қуанса, тәуір түс көрсе де жақсылыққа жоритын анасының қашанғы әдеті екенін қызы жақсы түсінеді. Қыз бала шешесіне жуық болып бой жетеді емеспе. Ес білгелі Илима да анасымен көп сырласатын. Не істеп, не қойғанына дейін тәптіштеп есеп беріп отырады. Күні бүгінге дейін сол қалпы. Егістікке бара ма, әлде шабындыққа бағыт алды ма егжей-тегжейіне дейін алдын ала ескертіп кетуді ұмытпайды. Ең ақыры колхоз кеңсесіндегі



Құрбангүл Зайтова

жиналысқа қатысатынынан да хабардар етеді.

Ертеңгі шайды апыл-ғұпыл ішкен Илима тракторына от алдырды. Трактордың дауысы таңғы тыныштықты жаңғыртып жіберді. Әлден кейін тағы бір трактор гүрілі естілді. Сол-ақ екен тұстұстан жарыса қосылған тракторлардың гүрілі біріне-бірі ұласты. Ауыл ұйқысынан оянған. Тағы бір еңбек таңы думанды, дүбірлі күйін шерткен. Таң арайлап келеді. Аппақ көңілдей аппақ таң.

Адам біткен әсіресе жастық шағында тым арманшыл, нелер заңғарларға қол созғыш келеді ғой. Арманның ақ жолына түсірген де, қызықтырған да өмірге іңкәрлік, құштарлық, ғашықтық. Бұла бойындағы жастық шоғы. Илиманы трактор руліне отырғызған да осынау жастыққа ғана тән жалынжігер. Қолхоз көлемінде емес, аудан аумағында темір тұлпар тізгіндеген бір өзі дара болды. Механизаторлар дайындайтын курсты тамамдаған қаршадай қыз аз уақыттың ішінде техника тілін жетік меңгерді. Дайын тракторды жүргізіп кетуге намыс жібермеген. Гаражда қаңтарулы тұрған тракторлардың бірін өз бетімен жөндеп алуға тәуекел етті.

Ертеден қара кешке дейін трактор жөндеумен айналысатын қызға көмектесіп жіберелік дегендер де табылды.

Аз уақытта тракторды жөндеп төрт аяғынан тік

тұрғызған. Қарт әже зерек те сергек қызының ертеңін ойлады. «Ауыл арасында қиыншылығын сезе бермес, жапанда жүргенде бұзылып қалғандағы әуресінің өзі-ақ діңкелетіп жүрмесе. Жеңіл-желпі жұмыстардың кез-келгенінің реті бар еді. Трәктірге барамын, тіректіріс боламын деп... Бірақ, қадамыңа нұр бітсін, шырағым»— деп күбірлейтін.

Жоқ. Барлығы кезінде жаңсақ, асығыс айтылған екен. Алғашқы күннен тракторды ұршықша үйірген Илима шаруашылықтың бар жұмысына араласып кетті. Жүгері плантациясындағы күтіп-баптау жұмыстарына қатысып, мал азығын дайындауда үздік көрінді. Шөп шабуда үлгілі көрінген оны колхоз басшылары қыстауларға, алыстағы мал отарларына сеніммен жұмсайтын болды. Сенімнен шыққанға не жетсін. Ұзын жолдың бойында кетіп бара жатып, тракторшы қарындас ыңылдап әндетер еді. Әсем ән әуезі қыз қиялын шарықтатып ұшыратын. Кешегі арман көкжиегінің көрінгеніне қатты қуанатын. «Бәріне де үлгірсем, шіркін!». Адамдардың игілігі үшін тындырылар ауқымды істерден мысқалдай болсын өз үлесінді, маңдай терінді көргеннен ғанибеті жоқ-ау. Содан бері өз бедер ізін салып жылдар жылжып келеді. Сол жылдардың шежірелі парақтарын ақтарып отырып, ерлікке пара-пар жарқын істер куәсі боласың. Саңлақтар есімін естисің. Отан байлығы үшін, халық дәулеті жолында аянбай еңбек етіп, коллектив мақтанышына айналған үздіктер қаншама. Әр ауылдың өз шамшырақтары бар. Олар жүрген орталарын жарқыратып, нұрландыруда. Солардың бірі бүгінде әбден ысылған, тәжірибесі мол, өмірдің сабақтарын жастайынан жадына сіңірген Илима.

— Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын демекші, Илиманың еңбектегі орны тым биік. Ол — өз ауылымыздың Пашасы ғой. Маусымның қай



Чимән Зайтова

кезінде болмасын Илима араласпайтын жұмыс болсайшы. Жалындап, жарқырап жүргені. Қысқасы, коммунистше еңбек етеді.

Әңгіме орайында Илима турасында колхоз партия ұйымының секретары Ахметжан Надыров осылай дейді.

Колхоз орталығынан жан-жаққа тарам-тарам жолдар тарайды. Мал отарлары мен алыс жайлаулар... Диқан қостары егістік алқаптары... Көк жасыл шабындықтар...

Осы жолдардың қай-қайсысында Илиманың ізі бар. Сайрап жатыр. Әлгінде жарыса шыққан тракторлардың гүрілі енді әлде қайдан талып естіледі. Дала қаһармандары ортақ мақсатқа жұмылған. Ол мақсат — қалайда ел дәулетін молайта беру. Қас қарая дала ерлері ауылға оралады. Үздік-создық келіп жатады, келіп жатады. Илиманың да тракторын тырылдатып жететін уақытын көрші-қолаң шамалап отыр. Бірақ...

— Кешікті ғой өзі?

— Ендігі келіп қалса керек.

— Құлыным, далада жүргенде тірәктірі бар болғыр тұрып қалмаса болғаны да.

Қуанған мен қорыққан бірдей, әншейінде тыншымайтын ана жүрегі бұрынғыдан бетер сабырсызданған. Құтты болсын айтысқан ауыл адамдары сәл саябырлаған кез. Ар жақ, бер жақ көршілер кіріп-шығып жүр. Айтатындары — «Илиманың

өзін құттықтайық орденімен...».

— Ай, Ризангүл — ай, тамның үстіне шықсаңшы, жарық көрінер ме екен, кешікті ғой.

Қарт шеше кенжесін тамға әлде неше шығарған.

...Қараңғылықты қак айырған түнгі жарық біресе аспандап, енді бірде мүлдем жоқ болып көрінбей кетеді. Жарық жақындаған сайын шешейдің қабағы жадырап қоя берді.

Алдынан елпілдеп шыққан үш-төрт қаранда-

ғандарды көргенде Илима түкке түсінбеген. Артынша көйлегінің етегіне орала, сүріне-қабына домалап келе жатқан шешесін байқады. Шешесінің мына түріне күліп жіберді. Трактордың зор үні ештеңені естіртер емес.

— Илима-ау, мынауынды зіркілдетпей тоқтатсаңшы.— Кабинаға тырмыса жармасқан көрші әйелдің сөзі жарқын-жарқын естілді.

— Наградаң құтты болсын, қызым!

— Ленин орденін тағатын болдың құлыным, айттым емес пе осы, оң қабағымның тартқанына көп болды деп.


— Орденіңмен...

— Мерейің арта берсін, Илима.

Қаумалаған жұрттың ортасында Илима. Қос жанары күлімдей береді. Жүрегі де тулап барады. Жиналғандарды шетінен құшағына қысып, бал-бұл



Күлдән Тұрапбаева



Оразхан Төребаева

жанған жүздерінен құшырлана сүйе бергісі келеді. Айналып аузына түсе беретін жалғыз сөз. «Рахмет!» Осылай тұра берер ме еді, көрші келіншек:

— Ей қарақтарым,— деді дауыстап, қашанғы тұрасындар. Үйге жүріңдер. Илима да жуыныпшайынсын да. Сіңлімнің тойы таусылмайды, жүріңдер.

— Есім шығып кетіпті ғой, қуаныштан,— деп жатыр Илима.— Ағайындар, мен үшін бұдан артық бақыт жоқ. Шынды-

ғында тойымызды бастайық...

Еңбек жемісі деген осы. Қолхоздың маңдай алды тракторшысы Илима Аманбаеваның Отанымыздың ең жоғары наградасы — Ленин орденіне ие болуы қажырлы да, табысты еңбегінің шынайы көрінісі еді. Мамандықтың, кәсіптің бірін-бірінен бөліп — даралайтыны жоқ. Өзің сүйіп, әуелден ынтық болған кәсібінді жан-тәніңмен беріле атқару міндетің. Даңққа бөлейтін де осы еңбек. Сонау жылдары техника тілін меңгерсем деген ниетпен трактор руліне отырған Илиманың ертеңіне күдікпен қарағандар да бар еді. Бірақ күдік көпке созылмады. Лезде-ақ сөйілген-ді. Жас қыздың қоғамдық еңбекке көзқарасы, коллектив арасындағы белсенділігі, еңбек сүйгіштігі кім-кімді болсын қуантқан. Іле-шала тракторшы қыз жайында жылы лебіздер жиі айтылып жүрді. Тіпті екінің бірінен еститіні: «Трактор-

шы қарындас!», «Темір тұлпар мінген қыз», «Ол өзіміздің Паша ғой» секілді тіркестер.

Ауылдың үлкені мен кішісінің құрметіне, ыстық ықыласына оранған Илима бойындағы жалт еткен қасиеттерін басқаларға үлгі-өнеге ете әңгімелеу дәстүрге айналды. Халықтың аузына ілігу — үлкен құрмет. Ал, халық та өзінің сүйіктісін ғана қолпаштаса керек.

Содан бері де көптеген жылдар артта қалды. Соңғы жылдары Илима

бұрынғыдан бетер қарқынды еңбек етті. Жеке жоспарларын артығымен орындау ол үшін дәстүрге айналды. Міндеттеме биігінен табылып жүрді үнемі. Осы жылдарда колхоздың экономикасы да күрт өсіп, жаңа асуларға көтерілді. Аудандағы, қала берді республикадағы іргелі шаруашылықтар сапында көрінді. Осыншалықты толағай табыстардың ішінде озат механизатор облыстық Советтің депутаты Илима Аманбаеваның да үлесі мол.

«Ат тұяғын тай басар» деп, ата-бабаларымыз тегін айтпаған. Бұл нақылды өмір сабақтарынан ойып алып отыр. Жылжып жылдар өтуде. Әр он екі айдың өзіндік ерекшеліктері мен әкелер жаңалықтары да өзгеше. Жылдар жүгі жеңіл емес әрине. Толысу, кемелдену кезеңдерін бастан өткерген Илима әр уақыт бұрнағы жылдарға да үңіліп, небір ойды көңіл елегінен өткізер еді. Бір уақ дәулеті



Зорам Алаева

тасыған колхоздың келбетіне де көз тастайды. Сонда «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығара ұйымдасып еңбек етіп, туған ауыл бейнесін көркейтіп жүрген замандастарына, құрбыларына риза екенін жасырмайды. Алдыңғы толқын ағалар үлгісімен болашаққа қарышты қадам жасаудың өзі ежелгі ғадет. Енді міне, сол жастар тағы бір үлкен бастама көтеріп, қарлығаш армандарын ұшырды. Осынау бастамаға ең алғаш балаша қуанған да Илима. Қалт



Шәрбан Зиямова

еткен уақытын қыздарға арнайды, колхоз орталығында ашылған механизаторлар дайындайтын курстың кей сабақтарын өзі өткізгенді ойлайды. Техника тілін, техника сырын соңынан ілескен сіңлілеріне оқытудан, үйретуден жалыққан емес. Практикалық сабақтарын да қадағалаумен жүрген ол қыздардың оқуға деген ынтасы мен ниетіне қуанды. Күткені де осы болатын. Ынта бар жерде құлшыныс та бар.

Әсіресе Бағдат пен Сұлтанның қағілездігі, Гүлбике мен Тұрсынақшаның талпынғыштығы, Ризвангүл мен Бәтімханның бейнетқорлығы тәңті еткен. Басқалары да бірін-бірі қайталамайтын қырларымен, сыршыл мінездерімен үйірген. «Бір-бір тракторды тізгіндеп, ерттеп шыға келгенде көрерміз осы. Ой қалыптастыратын, тәрбиелейтін де коллектив күші. Ал, коллективтен асқан тәрбие мекте-

бі некен-саяқ. Біздер осы мектептен өттік. Мақтанышымыз да сол — коллективіміз».

...Ол әуелгі кезде көпке дейін бойын билеген күдіктен арыла алмай жүрді. Ұмытайын десе де есінен шығара алсайшы. Дігір салған сан-сапалақ сауалдар жауабын іздеумен шарқ ұрады. Мазалайды.., ойлар соңына салып қояды. «Бастамамыз қалай болар екен осы? Бастаған ісіміз орта жолда аяқсыз тұралап қалса ұят-ау. Қыздардың өзі қиындыққа мұқалып жүрмесе жарар еді. Игі істі ілгері жетектеп кетсе болғаны... Иә, ең бастысы...»

Парторгтің ішкі ойын бір ғана адам біледі. Ол — Имир. Неше жылдан бері қоян-қолтық қызметтес болғаннан да оның сыры бес саусақтай белгілі.

Ахметжан байыз тауып отыра алмады. Бөлмеге енді де стол үстінде жатқан папканы екі-үш қайтара сапырып, тартпаға сүңгіте салды. Асығыс тысқа шыққан бойы колхоз шеберханасына тартқан. Көшеде кездескендерге бас изеп жүре жөн сұрасып үлгереді. Қысқа-қысқа ғана. Кеше кешкілік қыздардың практикалық сабағының осында өтетінін сұрастырып білген. Колхоздың қауырт жұмыстары шаш-етектен асып жатса да, екі-үш сағатын арнайы бөлгісі келген-ді. Ондағысы — қыздардың сабағын өз көзімен қадағалау. Өйтпеске шара жоқ. Ертеңгі күні уақыттың тектен-тек жеткеніне сан ұрып жүрмеу. Техника тілін жүрдім-бардым үйренерміз деушілердің ұшыраспауын күні бұрыннан бағдарлау еді. Шала білім кесірі айналып келіп алдынан қарсы құшақ жайса болмағаны. Міне, ол осыны ойлаған.

Көк тракторды ортаға алған қыздар үйме-жүйме жапырласып қалыпты.

— Қай жерде, апай?

— Бізге мүлдем көрінбейді ғой.



Чимән Зуламова

— Илима апай, қайта көрсетіңізші?

— Қайсысы.... қайсысы...

Парторг қақпа алдында мына көріністі үн-түнсіз байқап тұр. Құрбылар ешкімді де елер емес. Төңірегіне зер салар бірі болсайшы. Баршасының назарын баурап алған, ынтықтырған көк трактордың двигатели. Илима апайлары сөйлеп жүр.

— Асықпасаңдаршы, көресіндер...

— Үлгересіндер бәрінде. Әлгі плакатқа қол

жалғап жіберіндерші. Поршень сақинасының суретін көрсетейін енді.

Қыздар бастарын көтергенде барып, жандарында тұрған парторгты көрді. Ыңғайсызданып жатыр шетінен.

— Оу-у... Илима, сінділеріңе бірдеңе үлестіріп беріп жатқаннан саумысың? Дауысыңды ғана естімесек, көрінбейсің ғой. Елегілерің де келмейтін сынайларың бар,— деп әзілге басқан Ахметжан Надыров.

— Жо — жо-ға. Шатунның шатағымен байқамай қалғамыз да,— деді Илима да әзілдеп.

— Е, дұрыс қой. Сабақтарың қалай жүріп жатыр, көзіммен көріп білейін деген еді менікі.

— Өте жақсы, Ахметжан аға. Ұстазынан бұрын жауап берген Бағдат көкейіне жетіп келген ойын да табанда айтып салды.

— Ағай, біздер арнаулы трактор — қыздар бригадасы болып біріксек қайтер еді. Қыздардың да ойы осы пікір. Қалай қарар едіңіз?

Парторгтың аузына қапелімде сөз түсе қоймады ма? Әлде ат үсті нақты пікірге тоқайласуды жөн санамағаны болуы керек. Үндемеген. Уәде бере алмады.

Жауапты Илима берді.

— Алдымен трактор руліне отырсаңдар, сендерді үлкен сын күтулі. Онан кейінгісін бәріміз болып көре жатармыз.

Парторгтың айтпағы да осы-ау. Ол тәжірибелі тракторшының мына сөзіне бас изеген.

Ахаң болашақ механизаторлармен әдеттегіден ерекше тым көңілді қоштасты. Сағатына қарады, сосын көк күмбезіне көз жүгіртті. Іліп алар шөкімдей бұлт жоқ. Көз ұшында марғау қалықтап жалғыз қыран құс жүр. Еркін қанат қағады. «Биіктік қыран құсқа, жалын жастыққа жарасымды-ау». Қыран биігіне қайтара көз сүзді. Аспан төрін еркін шарлаған темірқанаттың самғауы қатты қызықтырған. Оның көңілі де биіктеп сала берді. Неше күннен кіреукелеген күдік бұлты біржола сейіліп, рахатты сәт құшағында. Еңсесін басқан ойдан ада болғанына қуанышты. Түскі үзіліске шықпастан председателдің келуін күтті. Оқта-текте жұмыс бабымен кешікпесе Имирдің уақтысында орнынан табылатынын әбден біледі. Айтқандай-ақ парторгтің есігін ашқан председатель сөйлей төрге озды.

— Әлгінде шеберханада жүргеніңді сыртыңнан көріп едім. Иә, қыздарың қалай екен. Бірдеңе шығатын ба?

Председатель сөзінің соңын күтпеген парторг:

— Ілеке, қыздардың ынтасы мен құлшыныстарына қуанып келдім. Практикалық сабақтарын да тәмәмдап қалыпты. Қазірдің өзінде анау Бағдат-

тарың тракторды безілдетіп-ақ жүр. Басқалары да қалысар емес-ау. Асау үйреткендей темір тұлпарды шеттерінен ерттеп мінуге әзір. Тіпті өз алдымызға бригада құрсақ дейді.

— О-о-о, қыздар ерледі десейші, сол Бағдаттан шығады түбінде.

— Көптен бір мазасыз күйде жүргенмін-ді. Сейіліп қайттым.

— Білмейді емеспін, Аха,— деген Имир,— баяғыдан сезгенмін сенің халыңды.

— Сізден асқан психолог жоқ дейтінім де осындайдан ғой, Ілеке!

Жарасымды әзілдер. Жүректер қуанышы. Толғаныстар... Бәрі, бәрі жаңадан қаз тұрып келе жатқан үлкен бастамадан туындауда.

Тракторшы қыздар көшінен көз жазбаған парторгтың қуанғанын көрсең шіркін! «Қарлығаштарым, қанаттарың талмасын!» Осы сөзді ол ішінен әлденеше рет қайталай берді, қайталай берді. Өзінің жалғыз еместігіне қуанды. Қаулай жайқалып бүршік шашып, мың құлпырып келе жатқан қыр қызғалдақтарын елестеткен осы сәт. Гүлдің ішінде де гүлі болады. Ендеше, олардың арасынан күні ертең-ақ елімізге әйгілі Паша Ангелина секілді механизаторлар шығуы мүмкін ғой.

...Ауыл шетінен әсем әуен естілді. Бұл шеберханадан қайтқан қыздар әні. Олардың кімдер екенін бүгінде бүкіл ауыл біледі. Күнделікті осы. Ауыл аспанында кешкі шырақтар жымың-жымың ойнайды. «Армандастар» әуені әуелеп қалықтап барады.



КҮДІК БҰЛТЫ ҚАЛАЙ СЕЙІЛДІ? ҚЫРДАН ҰШҚАН ОН АЛТЫ АҚҚУ ҚЫЗДАР МЕН ҚЫЗҒАЛДАҚТАР

Қыздар колхоз орталығынан ашылған арнаулы курсты келер жылдың көктемінде бітіріп шықты. Бір кездегі қиял тура осы шақ шындыққа айналғандай. Он алты қыз — он алты механизатор. Куәліктері қолдарында. Он алты қызға — он алты трактор, он алты тіркеме бөлініп берілді. Шаруашылықта қыруар жұмыс атқаратын мұншама техниканы тұңғыш механизатор қыздарға сеніп тапсыру оларға үлкен жауапкершілік жүктеген. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы алғашқы бастама иелеріне аялы алақан, қамқор қанатын көрсетіп жатыр. Бірінші күннен мұндай ілтипат көрсетудің де реті бар. Өйткені осы толғанысты, тебіреністі, сағынышты сәтті бүкіл колхоз тағатсыздана күтті. Колхоз өміріндегі елеулі оқиға, айырықша салтанатпен атап өтілуде. Колхоз председателі Имир Біләлов, парторг Ахметжан Надыров, тракторшы Илима апайдың қуаныштары шексіз. Ал, қыздар қуаныштары тіптен есепсіз. Лекция мен практикалық сабақтарды жүргізген шаруашылықтың тәжірибелі механизаторлары мен инженерлері Марат Әбдірахманов, Садық Разиев, Марун Сайтовтар да осында жүр. Әншейінде бұл маңайға жоламайтын ойын балалары да аяққа оралып қалар емес. Бүлдіршіндер

жүректері де әлденені сезеді-ау шамасы. Бір жыл бұрын ұшқан ұялары — орта мектеп мұғалімдері мен оқушылары да ағылып жатыр. Оныншы класстықтар ұйымдасқан түрде шашау шықпастан жеткен. Орталық парк мерекеге қатысушыларға лық толы. Дүйім жұрт ілкі сәт тына қалды. Топ ортасына колхоз пердседателі Имир шықты да жиналғандарды айтулы оқиғамен құттықтады.

— Жолдастар! Әр күннің жеткізер жаңалықтары қай кезде де сезім күйіне бөлейтіні хақ. Мұндай ерекше тамашаға күнде тап бола бермейміз де. Сирек болсын, колхоз өмірінде таңдай қақтырарлық, мақтанарлық айырықша қуанарлық жайлар кездесіп жүр. Ал, бүгінгі мына өздеріңіз куә болып тұрған оқиғаның мәні мүлдем зор. Механизатор мамандығын меңгеру, техника тілін білу қыздар үшін оп-оңай дүние деп ойламауымыз керек. Бұл бір биік асу-тын. Сол асуға бет алған ауылымыздың түлектері алдарыңызда тұр. Біріңнің — қызың, біріңнің — қарындасың, біріңнің — сіңлің. Қиыншылығы мен қызығы қат-қабат мамандықты игерген олар қыс бойы техниканың қыр-сырын оқып, үйреніп шықты. Тура бүгінгі күні колхозымызға он алты тракторшы қосылып отыр. Осыншалықты арнаулы білімі бар білікті маманды қайдан табар едік? Осы уақытқа дейін біздерді қинайтыны жұмыс күші болатын. Оның ішінде колхозымызда механизатор жетіспейтін. Әрине, шаруашылығымыз қанатын жыл санап кеңге жаюда. Егістік көлемі үздіксіз артуда, мал жылма-жыл көбейіп келеді. Сондықтан да көп міндетті өздеріңе — кейінгі жастарға жүктеуді дұрыс деп таптық. Ортамызда туып отырған игі бастаманы күні ертең-ақ бүкіл республикамыздың түкпір-түкпірінде іліп әкетері сөзсіз. Біздер үшін одан артық қуаныш болмас, сірә! Бастама баянды болсын! Өміршең істің жалғастырушысы —

кейінгі толқын да өз ортамызда. Кейінгі жерде соларды күтеміз, қарлығаштарға тек табыс тілеймін. Тағы да табыс!..

Аспанның алыс төрінде ақ шарбы бұлттар қалқып жүр. Қырдан көктем лебі баяу еседі. Төбеге тақаған күн де шуағын мейірлене төгеді. Көгілдір көктем шуағы адамдардың нұрлы жүздерінен өбеді. Ерке самал қыздардың бұрымынан сипайды, қыр төсіне шақырады. Құрбылар да мәз. Ғажайып толғаныс үстінде трактор кілтін қолдарына алған олар жүрек жарды лебіздерін айтып жатыр. Алғыстарын да төгіп жатыр. Қоллектив сеніміне еселі де, ерен еңбектерімен жауап беретіндерін де тебіреніс сәтінде жасырмаған. Енді бір кез... тракторлар от алды. Гүр-гүр... Қыздар жапа тармағай өзді-өзінің тұлпарларына отыра бастаған. Алыптар ілгері тартып барады. Қыздар керуенінің көш бастаушысы — Бағдат. Соңына қарағыштай береді әлсін-әлсін. Онан кейін Сұлтан... Тұрсынақша.., Гүлбике.., тракторлар, қыздар. Бүкіл ауыл болып көз ұшына дейін ұзатып салған. Естен кетпес бұл күннің әсері әр жүректе сақтаулы. Көп көңілінде із қалдырған тракторшы-қыздар сөзінің түйіндерін ұмыта алмаған қайсыбірлері. Әсіресе, Бағдаттың айтқандары қазқалпында қайталана беретін секілді.

— Әрине, алғашқыда қиындау соқты. Техникадан бейхабар біздер — қыздар үшін трактор тетіктерінің аттарын ажыратып, әрқайсысының нендей қызмет атқаратынын меңгеру оңай болған жоқ-ау!

Бағдат езуінде күлкі үйірілгендей болды. Қарақат көзі ойнап тұр. Іле-шала сөзін сабақтаған.— Кейбір механизмдердің ұсақ-түйек бөлшектерін бақайшағына дейін шаға білмесең тағы да болмайды ғой. Өйткені біздер болашақ бір-бір техника несіміз. Оның жүріп-тұруы өзімізге байланысты емеспе. Демек, механизатор болғың келді екен,

техниканы жан-дүниенмен беріле, ықыласпен үйрен. Сосын, ең керегі — намыс. Намыс оты ғана көздеген нысанаға, діттеген мүддеге жеткізбей қоймайды. Біз он алты едік. Парталастар сыры ежелден белгілі. «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, әрқайсымыздың мінезіміз де әр түрлі. Қыздар жаны нәзік, не болса соған қылт ете қалушылық та кездеседі. Далада оңыннан да, солыңнан да еститінің — тракторлар гүрілі. Көк жүзінде қайтқан құстар тізбегі. Аққулар қанатының сусылын естір күнге асыққан қыр төсінде жүрген қыздар. Қалиндік он алты қыз колхоз бойынша жаңа көктемнің тұңғыш түренін салу құрметіне ие болды. Болашақ молшылық символы еді бұл құрмет. Егістік өңірге айқұш-ұйқыш із тастаған тракторлар еңбек дастанының алғашқы парақтарын жаза бастады. Қырмызы қызғалдақтардың ерекше қаулап жайқалғаны — ай осы көктемде! Ауылдан қозы көш жер ұзасаң, қызғалдақты алқапқа тап боласың. Құлпырған алқап, гүлге ғашық жандарды әсіресе жауқазын қыздарды қулай қызықтырады. Кейде түс кезінде құрбылар тракторларын тоқтатып қойып, қатар-қатар тізілген бойы жарыса гүл теретін. Қызғалдақ кешкен қыздар бейне бір айдын көлде жүзген аққулардай көрінетін.

— Гүл қызығына түсіп, жұмысты естен шығармайық. Илима апайды да күттіріп қойғамыз жоқ па?

Бағдаттың сөзі құрбыларын елең еткізді.

— Шындығында Илима апайды ұмытпалық, — дейтін олар бірінен соң бірі.

Гүл теріп қайтқан қыздар тракторшы апаларының құшағын шоқ-шоқ гүлге толтырып жіберетін. Артынша-ақ, тракторшы қарындас басқарған тракторлар керуені тағы бір бел асып бара жа-тады...

Көш бастаған Илима апайдың қос қолы рульде болғанымен, ойы сонау көкжиектерге самғайтын. «Бәрінен бұрын... өздері де гүлдей жайрандаған, бал-бұл жанған жүздерінде шаттық күлкі. Еңбек десе жанып-ақ тұр. Күні кеше ғана емес пе, техника тілін білсек, үйренсек, меңгерсек дейтіндері. Ал қазір де он алтысы бір-бір тракторды тізгіндеген. Оларды қырдан ұшқан он алты аққу десе де болғандай. Қайран жастық-ай!»...

Біздің айтарымыз: «қырдан көтерілген аққулар, туған ауыл аспанында әуелей беріңдер!...

Айнала төңірек біткен ән салып жатқандай: әуелей бер, әуелей бер, ерке аққулар!

...Жер тершіп жатыр. Жылға-жылғамен сылдырап су жүгіргелі қашан. Кешелі-бері күн өз шуағын мол төгіп тұр. Терістіктен көктем самалы еседі. Сайын далада дүбір бар. Бұл еңбек дүбірі.

**БАҒДАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БРИГА-
ДАСЫ
ЕГІСТІККЕ ЕҢБЕК ЖЫРЫ ЖА-
ЗЫЛДЫ
АЛҒАШҚЫ АСУЛАР**



Алғашқы айлар... Әуелгідей емес тракторшы қыздар колхоздың сан-салалы өміріне бел шешіп, бекем кірісіп кетті. Қым-қуыт қыруар жұмыстар таусылған ба әсте. Бірін бітсең, бірі күтулі. Егістік алқапқа тыңайтқыш тасиды, мал қораларына жем-шөп жеткізеді, құрылыс алаңдарына тас апаратын да осылар. Шаруаны шырқ айналдыратын қыздардың таң алакеуімнен кешқұрымға дейін кездеспейтін күндері де болады. Алғашқыда түстіктің өзін дала дастарханында төрт көздері түгел отырып ішпесе ас батпайтындай көрінетін құрбылар келекеле дәстүрді бұзайын деді. Дұрдараздықтан аулақ, тек шаруа мойын бұрғызбайтын болды. Ендігі жерде тәуліктердің тәуліктерге ұласа берерін жақсы ұқты. Ертеңгісін жұмысқа аттанған олар кешкілік үздік-создық оралатын боп жүр. Жол үстінде ұшырасқанда ғана трактордың жер солқылдатқан дауысынан сөздерін естімесе де, қол бұлғап қалады. Бастарындағы орамалдарын шешіп алып бұлғайды. Күміс күлкіні мотор гүрілі ешқайда шығармастан сол сәтте жұтып қояды. Бірақ сыршыл сезімдер өзді-өзін түсініп жатар еді. Осынау көріністер қыздар жүрегін елжірететін. Әрқайсысы-ақ рульде отырып ойлайтын: «әлде жұмыс болған соң...», жұп

жазбай жүру мүмкін емес-ау». Бағдат нендей амалын іздеп тапсам деп біраз жүрді. Күндер жылжыған сайын құрбылардан алыстап бара жатқандай сезінді. Кедір- бұдырлы кемер жол қисапсыз шайқап келеді. Кабинадан мойнын созып артына қарағыштай береді. Тіркеме былқ-сылқ етіп жолдың екі шетіне кезек секіреді. Ол екі-үш жерге түсіп, тракторын айналып, үйреншікті әдетімен доңғалақты да бір-бір тебуді ұмытпады. Қайта отырғанда қайқап етіп қара жолға шыға келді. Осыдан тура ауылға жеткенше қасқа жол бүлкілдетеді де отырады. Маңдай тұстан бір бума қою кара түтін аспанға атты да трактор ілгері қозғалды. Одан сәл төменірек тағы бірі... Ол көріп келеді. «Кімдер болды екен. Жоқ, күтейін. Пікірлерін білейін, ақылдасып алғанның артықтығы болмас...» Бағдат тракторын жол жиегіне қиялатып қойды да, моторды өшірді.

Жота-жотаны қызыл арайға малып, күн батып барады. Ақша бұлттар да жалқын тартқан. Қалбақтаған қарғалар да қанаттарын жалынға батырып алғандай. Өрістен оралған отар аяғынан көтерілген ақ шаңның сонау бір ұшы ауылға сіңіп жатыр. Кешкі апақ-сапақтағы ауыл шуы талып жетеді. «Үлкен қарағайдан» құлаған шоғырды Бағдат жазбай таныған. Табандағы жолға іркес-тіркес түскен олардың шабындықта жүрген — Гүлбике, Тұрсынақша, Күлімхандар екенін біліп отыр. Сөйткенше жолдың сол жағасынан жарыса қосылған екеудің жанамалай тоқтағанын көріп, кабинадан түскен. Қос құрбы Күлдән мен Ризвангүл екен. Құдды бір айлар бойы көріспеген таныстардай қауышып жатыр. Құшақтар... сыңғыр-сыңғыр күлкілер... Пәк көңілдер...

— Неғып асыққансың бүгін?— деп Ризвангүл Бағдаттың бетінен сүйді.

— Қыздардан ешкім жоқ па әлі?

— Жоқ. Сен екенінді білмедік. Біраз тұрдың ғой. Тракторың сау ма, әйтеуір?

Күлдән мен Ризвангүл қабаттасып кезек берер емес.

— Қыздар, қашанғы өстіп үндемей жүре береміз,— деді Бағдат асықпай.— Екі-үш ай араламастан бытырап бара жатқанымызды білесіңдер ме?

— Шындығында бұлай болар деген ой келмеуші еді. Бәріміз бір жерге неге сұранбаймыз осы. Күлдән тағы бірдеңелерді айтқысы келген. Бірақ, Бағдаттың қабағынан бөтен ойды аңғарған. Үндемеді. «Сонда не істемекпіз?» деген сұраулы сынаймен Бағдатқа қарады.

— Бәрі де дұрыс қой. «Қурсты бітіріп шығысымен жеке қыздар бригадасын құрсақ». Бұл сөзді өзіміз айтпаушы ма едік. Менің сендерді күтіп, бәріміз болып пікірлесіп, ақылдасайық дегендегі ортақ әңгіменің өзі осы-тұғын. Уақыт өтіп барады. Жүйесіз жұмыс соңында жүргеніміз мынау. Одан да басқармаға пікірімізді білдірейік. Қыздар бригадасына бірігеміз, өз алдына жұмыс жоспарымызды жасаймыз делік. Қай жұмысқа барсақ та, бірге болар едік. Сондықтан біздер үшін күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселе — бригада құру. Оның үстіне білесіндер, ондаған шақырымнан бәріміз де тракторымызбен келеміз, таңертең қайта жосыламыз. Дегенмен біздерді тракторымыздан ешкім аударып алмас. Бірақ ойлаңдаршы, егерде дала қосына дейін жалғыз трактормен барып, қайтып жүрсек. Қандай тиімді болар еді. Ойнап-күліп, әндетіп дегендей, сырымызды бөліссек те ортақ ортаға не жетсін, шіркін. Тіпті тракторды кезек-кезек, келерде біреуміз, қайтарда біреуміз жүргізейік. Тіркемені де жайлы да жұмсақ етіп жасап алу қолымызда емеспе. Бәрінен бұрын көл-көсір

пайдасын айтайын. Біріншіден, қаншама жанар, жағар май үнемдемекпіз сонда. Он алты трактордың орнына бір ғана трактор... Екіншіден, ерсілік-қарсылы бос жүрістен трактор бөлшектерінің тездетіп істен шығып қалу қаупінен құтыламыз. Мұның бәрі былайша қарағанда ұсақ-түйек нәрселер. Ал шын мәнінде жіті зер салсақ, үлкен толғақты мәселе. Экономикалық тиімділік, еңбек өнімділігі, жұмыс сапасы дегендердің жаңағы айтқандарға тікелей қатысы бар. Әрине, бұл алғы шарттар ғана. Бригаданың аты-бригада. Көп болып көтерген жүк жеңіл. Коллективті түрде істеген ісің әр кез қарышты қадам жасамақ. Ендеше серпілейік, қыздар тағы бір!..

Бағдат жоғарыдағы сөздерді айтуын айтса да сондай қысылды. Қатты ыңғайсызданды көсемсіп көсілгеніне. Екі бетінің нарттай қызарғанын іші сезіп тұр. Дуылдап жанып барады. Бүкіл қыздар қоршауында оқшау отырғанын да кеш аңғарды. Барлығы да жиналып қалыпты ғой тегі. Құрбыларының бар ынта зейінін қалайша баурап алғанын білмей ыңғайсызданды. «Ойланарлықтай бірдеңе айттым ба?!» Күн әлдеқашан ұясына қонақтаған. Күні бойғы дабыр-дүбірдің де аяғы басылған. Маңайды меңіреу тыныштық жаулапты. Тылсым, ара-кідік құстар қанатының суылы естіледі. Тұңғық көк төрінде шашыраған жұлдыздар жымың-жымың көз қысады. Іргедегі ауыл аспанында да жұлдызшамдар жарқ-жұрқ ойнайды. Мүлгіген тыныштықты өздері бұзып жіберді.

— Бағдат, мына пікірің де, ойың да орынды.

— Айтқандарыңа бір кісідей қосыламыз.

— Байыбына үніле бермейді екенбіз ғой ненің болсын.

— Олар түсінетін шығар айтқанымызға.

— Құп алары сөзсіз.

Бағдат жүрегіне шуақ әкелген де құрбылары.

Жеке пікірі еді, жаппай қолдап кетті. Бір шетінен бұза жарып, бұра тартып кететіндер де кездесер депте күткен. Жауап та әзірлемек еді. Жок. Қайта қыздар тың ойды тым биіктетіп жіберді емеспе. Олардың барлығы жапа-тармағай топырлауды ретсіз көріп колхоз кеңсесіне бас сұғып шығуды Бағдатқа жүктеді. «Ойыңды аяқсыз тастамай, соңына жеткіз. Біздер сен жағындамыз». Жоңғар сілемдеріне жармасып қиық ай туып келеді. Қыздар тракторын от алдырды. Ай астында шешілген кешкі әңгіме түйіні құрбылардың біраздан бергі пәс көңілдерін жадыратып, сейілтіп жіберді. Тракторлар самаладай жарқырған ауылды бетке алды...

Бағдат бұл түні жөнді ұйықтай алмады. Таңғы ауа дымқыл. Жаңбыр тамшыларының аз ғана уақыт терезе әйнектерін шерткенін де тындап шыққан. Өткінші. Лездің арасында сіркіреп өтті. Бұта біткен мөлдір моншақтар тағып алыпты. Мөлт-мөлт етеді. Ол аула ішінде әрі-бері жүрді де, есік алдындағы тоқал пештегі тамыздыққа сіріңке тұтатты. «Апамдар тұрғанша шай да ызылдап тұрсын. Таңғы шайды бір дастархан басында қатар отырып ішпегенімізге де көп бопты-ау. Апам не ойлайды екен. Қанша айтқанмен әйел адам ғой. Одан бұрын әкемнің көңіл түкпіріндегі ойлар түйдегін білер ме еді. Әйтеуір трактор айдағалы бері пәлендей ағытылып, төгіле сөйлегенін көрмедім осы. Не болса да ішінде...»

Үш-төрт шыны шайдың өзін біреу қуып келе жатқандай апыл-ғұпыл ішкен Бағдат басшыларға жолығатын шаруасы барын айтып, дастарханның жиналуын күтпестен түрегелді. Алдын ала шимайлаған қос парақты қалтасына сала салған. Болашақ бригаданың іс-жоспары. Әлі жоба ғана. Реті келсе кеңседегілермен пікірлесіп, көрсетпек.

— Демалатын күндерің бе еді бүгін?— деді Жұмахан шешей қызына.

— Қыздар жүре береді ғой. Жұмысым бітсе кейін барамын.

— Е-е... Жарайды онда, жолыңнан қалма, күнім.

Шешесінің айтпағын Бағдат сезіп тұр. «Красный Востоктағы» туыстарға ат ізін салмағалы біраз болды, барып қайтсақ қайтеді қалт еткенде»— деп қыңқылдаған кешелі-берлі. Жұмыстың қайнап жатқанын, әрі ел қыдырып ауыл арасында теңселіп жүрер уақыт еместігін түсіндіріп құтылған.

— Мейлің, кейінірек, қолың босағанда бара жатармыз.

Оп-оңай байламға келген шешесі аңсаған көңілін сыртқа шығармады. «Мазаламай-ақ қояйыншы, онсыз да басы қатып жүр. Ұйқысы да шала. Тракторы бар болғыр шаршататын шығар...» Айтпағын тағы да ішінде бүгіп қалды.

Кеңсе алдында алғаш жолыққан Имирдің өзі. Газигінен түсіп жатыр екен.

— Бағдат, сәлемет пе?— деп қол берді.

— Иә, қалдарың қалай, әке-шешен қуатты ма?

— Жақсы, бәрі жақсы.

— Қыздардың жағдайлары ше? Әзірге жалығар емес пе? Бүгін-ертең аралап қайтам ба деп отыр едім. Оған ыңғайы келіңкіремей тұрғаны.

— Неге, ағай?

— Ертең Алматыға ұшпақпын.

— Жайша ма?

— Сессия ғой.

— Е-е... Дер кезінде келіппін. Әйтпегенде ұстай алмайтын түрім бар екен.

Бағдат келген шаруасының ұшығын сөзінің мақамымен білдіріп қойды.

— Ендеше айта отыр, бұйымтайыңды,— деді де

оң қол жақтағы қабырғадағы түймені басты. Илешала есіктен секретарь қыз сығалады.

— Ахметжан келісімен маған кірсінші.

— Қысылмай сөйлей бер, Бағдат. Бізге байланысты мәселе болса, ақылымыз бен көмегіміз дайын.

— Түнеугіде Ахметжан ағаға шет-жағасын білдіргенбіз-ді. Сізге айтқан-айтпағанынан хабарымыз жоқ.

Председатель «қандай әңгіме еді» деген сұраулы пішінмен Бағдаттың бетіне бір қарады да, басын изеп тындай берген.

— Имир аға, бұл жалғыз менің емес, он алтымыздың пікіріміз. Қыздардан трактор бригадасын құрсақ деген ойымыз бар. Еңбегіміз өнімді, жұмысымыз жүйелі болар ма еді. Бригаданың колхозымызға болашақта әкелер пайдасы мен тиімділігін, мына бір іс-жоспарымызға түсірген болдық. Теренірек талдап, зерттейміз ғой әлі.

Бағдат қолындағы қағазды председателге ұсына бергені сол, парторг бастаған үш-төрт адам қауқылдаса есік ашқан.

— Бағдат та осында екен ғой.

— Халдерің қалай? Қыздардың жағдайлары ше?

— Ендігі үйреніп-ақ кеткен шығарсындар?

Жарыса жөн сұрасқандар председатель қолындағы қағазға үңілісті. «Қыздардан құралған трактор бригадасының іс-жоспары. Бригаданың негізгі социалистік міндеттемесі. Еңбек өнімділігін арттыру мен жұмыс сапасын жақсартудың негізгі жолдары. Бір жылда үнемделер жанар-жағар майдың орташа мөлшері. Тракторшы қыздардың сан салалы жұмыстарға бөлінуі...»

Әрқайсысы іштерінен оқып шыққан. Көп цифрлар мен таблицаларды қас-қағым сәтте жаттай ал-

мағанымен біраз нәрсені жоғарыдағы жолдар баяндап тұр. Болашақ істер іздері сайрап көрінген. Жөпелдемеде сөйлеген ешкім жоқ. Бірін-бірі күтіп отыр. Бағдат шыдамсыздық жасағысы келгенімен өзін-өзі тежеді.

— Қыздардың мына ұсыныстарына қалай қарайсыздар?— деді әлден уақытта барып Имир Біләлов.

Парторг өз шешімінің түйінін табанда бұлтартпай айтты.

— Қыздардан трактор бригадасын құру жайлы сөзді Бағдаттан ең алғаш естіген мен едім. Ол кезде үндемегенмін. Міне, содан бері де біраз уақыт өтті. Сын сағаттарынан мүдірмегені баршамызға аян. Несі бар, өздері бастап отырса, қоштау керек. Еңбек ете білген адам өз мақсат — мүдделерін де бағдарлай алады. Ерік тізгінін жастардың өздеріне ұстатайық.

— Шындығында бригаданың жөні бөлек,— деген колхоздың бас агрономы Ағзам Марипов та қалғысы келмей.

— Дұрыс, бәрі жақсы-ау. Осы жалғыз жапырақ қағаздың ішінде бүкіл бригаданың тағдыры жатыр. Бір ғана механизатордың өмірі емес... әлденеше... Сонда бригаданы кімге тапсырамыз, жетекшіге кімді тағайындамақпыз. Сол жағын ойладыңыздар ма?...

Колхоз басшысының сөзін аяқтатпастан отырғандар бір-ақ жауап берді.

— Бағдаттың өзі ше?...

Үн-түнсіз отырған Бағдат бұлардың мына пікірлеріне шоршып түсті. Ыңғайсызданған.

— Қыздардың ішінен іскер де, еңбек сүйгіштері табылады ғой. Кез келгені-ақ сенімнен шығуға тырысар. Бригадирлікті сұрап жүргендей көрінбейін.

Менің пікірім — құрбыларымның пікірі ғой,— деді ол.

— Жоқ Бағдат, сен ондай ойдан аулақ бол! Ешқандай да қысылатыны жоқ. Түсінеміз. Ал, ағаларыңның жаңағы сөзі тектен тек айтыла салмаса керек. Өте орынды байлам. Көптен көңілдің бір түкпірінде жүрген келелі ой бұл. Қыздардан құралған трактор бригадасына жетекшілікті саған тапсырамыз. Бүгіннен бастап жастар бригадасының бригадирісің. Құрбыларың қуанбаса қарсы бола қоймас. Басқарма мүшелеріне ресми түрде айтуымыз тиіс. Сосын түстен кейін қыздарға Бағдатпен бірге барып, бригаданың құрылуымен құттықталық. Илиманы да ерткеніміз жөн болар. Председатель Бағдатқа жаңа табыстар, бригаданың асулар биігінен табылуын тіледі.

...Сонымен комсомол қыздардан трактор бригадасы құрылып, оған Бағдат Қожабаева жетекшілікке бекітілді. Бригада мүшелері алғашқы күннен қарқынды еңбек үлгісін көрсетті. Социалистік жарыстың алауын жалындата түскен коммунист Бағдат Қожабаева басқаратын қыздар бригадасы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен республикамыздың жарты ғасырлық торқалы тойларын тамаша еңбек тартуларымен қарсы алып, бесжылдықты мерзімінен бұрын орындап шығуда жеңісті де, жеңісті қадам жасады.

Бригаданың алғашқы межелері мен міндеттері мынадай еді: егістік жерге 12 мың тонна органикалық, 950 тонна минералдық тыңайтқыш шашу,

— 1500 гектар жерді әр түрлі химиялық препараттармен өңдеу.

— 1200 тонна шөпті престеу,

— 3500 тонна жүгеріні тазалау және 2100 гектар жерді культивациялау.

Осынау көрсеткіштердің орындалуы да айтарлықтай жоғары. Мәселен, жүгері тазалау 120 процент, культивациялау 127 процент, шөп престеу 202 процентке орындалса, 13.850 тонна органикалық тыңайтқыш егістік жерлерге төгілді. Жер өңдеу жоспары да әлде қайда артығымен орындалды. Ауыл шаруашылық жұмыстарындағы қол жеткен табыстары жоғары бағаланып қыздардан құралған трактор бригадасы облыстық партия комитетінің, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті мен кәсіподақтардың облыстық Советінің грамотасымен наградталды.

Жастар бригадасының жетекшісі Бағдат Қожабаеваға берілген грамотада былай деп жазылған: «Механизатор мамандығын меңгеру жөніндегі қызкеліншектердің патриоттық бастамасына қызу үн қосқаныңыз және жүгері өсіруде, мал азығын дайындауда, басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарын атқаруда қол жеткен табыстарыңыз үшін Қазақстан КП облыстық комитеті бюросының, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің және кәсіподақтардың облыстық Советінің қаулысы бойынша Сіз осы грамотамен наградталдыңыз». Сонымен бірге Бағдат коммунистік еңбектің екпіндісі атанды. Бригада мүшелерінің біразына облыстық және аудандық комсомол комитеттерінің Құрмет грамоталары берілді. Озық еңбегімен озат атанған бір топ жас арнаулы бағалы сыйлықтарға ие болды. Тандаулылар сапында — Тұрсынақша Құсайынова, Сұлтан Нұрпейісова, Айтжамал Қарашаева, Асылхан Шорахановалар есімдері жиі-жиі аталатын.

Алғашқы жыл аяқ алысы жаман емес. Көп аузына іліккен қыздар бригадасының даңқы дүркіреп кетті. Бүкіл республикамыздың жер-жерінде панфиловтық жастардың бастамасын қолдаушылар

шыға бастаған. «Техника тізгінін қолымызға алайық!» атты қыздар қозғалысы кең өріс алды.

Қыз-келіншектерден механизатор кадрларын дайындайтын арнаулы курстар ашылып, оларда жүздеген қыз-келіншектердің дәріс алып жүргендігі хақында көбірек естуге құлақ та үйренді. Бұл заңды да. Жақсы істің жанашырлары үнемі жанымызда. Калининдік тракторшы қыздарды алыстан ат арытып іздеп келушілер де табылды. Міне, мұның бәрі Бағдатқа және оның құрбыларына бұрынғыдан бетер зор жауапкершілік жүктеген. Қажырлықпен еңбек етуді олар тәжірибелі механизаторлардан үйренді. Бригадада еңбек етуші жастардың мінез-құлқына, қабілеті мен қажыр-қайратына қарай жұмыс түрі мен орны белгіленіп берілетін болды. Сондай-ақ олардың үйреншікті таптаурын жұмыстардан зерігіп, иә болмаса жалықпауы жіті қадағаланды. Олар жиі ауыстырылып, бірінің орнына бірі барып жүрді. Мұның өзі қыздардың қай жұмысты болмасын тез меңгеріп кетуіне, оның құпиясы мен қыр-сырына әбден қанық болуына септігін тигізгенін бригададағы механизатор қыздардың кез-келгенінен естисің. Қызыға тыңдай берер едің өткен күндерде атқарылған істер туралы әңгімелерді. Қаншалықты құлақ түрсең де жалықпасыңа сенесің. Өйткені, бригаданың қызықты да, думанды өмірбаяны енді ғана жазыла бастаған еді.

Алғашқы айлар жылға қол созды. Қалендарь парақтары да сапырыла-сапырыла сарыала күзді де жабуға тақау. Кешегі қырмызы қызғалдақтары құлпырған көгілдір көктем, даланың жап-жасыл жазира жазы бір-ақ түннің ішінде күз бояуын жамылыпты-ау. Әлде байқамағанбыз ба?! Күз реңі... Маңай біткен күз ырғақтарын шертіп жатыр. Тыңдашы, құлақ түрші... Қарбалас шаруаларын уақтысымен бітіргенге мәз. Қол ұстасқан құрбылар

шат. Тағы бір берекелі ырыс жылын табыспен қорытындылап отыр. Отан қамбасына құйылған Қазақстан миллиардында олардың да адал еңбек, маңдай тері бар. Дала төсін айқыш-ұйқыш жыр жолдарына толтырған тракторлар бірер күннен соң келер жыл қамына, зябь көтеруге жұмылады. Әзірше аз үзіліс. Бірақ, бригада мүшелері қол қусырып отырмады. Ұзақ сапар алда еді. Патриоттық бастама иелері Отанымыздың жүрегі — Москваға үлкен жолға шықты. Олар — он алты қыз. Олар — Бағдат және оның бригадасы. Қыр саңлақтары арнайы жолдамамен СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысуға шақыртылған еді. Темір тұлпар тізгіндеген кіл қыздар астананың көптеген жерлерін аралап тарихи орындармен танысты. Қазақстандық қыздар Одақтық «Крестьянка» журналының құрметті қонағы болған-ды. Жерлестеріміз жайында осы журналдың бетінде материалдар жарық көрді кезінде. Бағдат және оның бригадасын бүкіл елімізге танытуға себеп болды.

Жұбын жазбаған парталастар, кластастар, курстастар, еңбектестер алыс жолдан тың әсермен, мол қуанышпен оралды. Еңбегі жанған жұлдызға бұдан артық құрмет боларма. Бақыттың үлкені де осы еңбек бақыты.

Алда әлі талай асулар, биік белестер күтіп тұр. Сол заңғарларға бет алып калининдік механизатор қыздар — Бағдат және оның бригадасы нық басып барады. Олар биікке беттеп барады.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН
ОЛ—ДЕПУТАТ, ДЕЛЕГАТ,
ЛАУРЕАТ
ЖҮРЕКТЕР ЛҮПІЛІН ТЫҢДАСАҚ



Бағдаттың атына, бригада адресіне келіп жататын бірен-саран хаттар соңғы кездері есепсіз көбейді. Уақытын бөліп, қолына қалам алған құрбылар хаттары қай жерден жолданбасын, кімнен келмесін бір-бірімен өзектес. Сарындас. Кеше, бүгін, ертең... Қай күні келген конвертті ашпаңыз, сауалы, сұрағы сол: «алғашқыда мақсаттарың, әрине басқа болар. Бастама қалай туған еді? Оның ішінде механизатор мамандығы ойларыңызға нендей себептен түсті? Курсты бітіргеннен соң қыздарды тың мамандық ренжіткен жоқ па? Қолхоз тарапынан қандай шаралар жасалуда? Бригададағы қыздарға жұмыс түрі қалай бөлінеді? Тәптіштеп сұрап жатқанымыз, біздерді де техника тілін білу, оны меңгеру қызықтырып жүр. Арمانымыз — темір тұлпар тізгіндеу. «Құр желікпендер» деушілердің сөздері қиял қанатын қырқып тастағандай. Шіркін, техника құлағында ойнаған жақсы-ау!».

Хаттар легінің арасынан көрші шаруашылықтардан жазылған сәлемдемелерге ол күлетін. «Оның орнына жетіп келмей ме? Өмірімізбен етене танысар еді!» Үлгергенінше шын ниетімен жазып жүрді. Бірақ бәріне бірдей уақыт табу мүмкін емес. Сондықтан да Бағдат тракторшы қыздар бригадасының

қайнаған ішкі өмірі турасында аудандық, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жан-жақты әңгімелеп те берді. Республикалық жастар газеті арқылы ол өз замандастарына сыбағалы сөзін де айтқан болатын:

— «Біздер бүгін еңбегімізбен ел құрметіне бөленіп отырмыз. Бүгінгі ауыл, оның өркендеген озат шаруашылығы озық техникамен жарақтанған. Оны меңгеру, ел мен жердің, бүкіл байлықтың мұрагерлері біздің еншіміз. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың колхозшылардың Бүкілодақтық III съезінде сөйлеген сөзіндегі жастардан механизатор кадрларын әзірлеу жөніндегі нұсқауларын жүзеге асыру жастарымыздың, комсомолдың ардақты парызы. Осы парызды сезіне біліп, ұлан-байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінде техниканы қолға алған қыз-жігіттер қаншама. Тамшыдай болса да біздер бастаған игі істі республикадағы құрбы-құрдастарымыз жалғастырып, жалындатып әкетеді деген сенімдеміз. Ұлы Отанды көркейту жолындағы ұлы іске үн қосу әрбір жастың арманы емес пе?! Кел қатарға, құрбым! Жарыс шеруінің шалқар өрісіне шық. Бәйге — еңбекте озғандікі!»..

Кезінде құрбыға айтылған осынау сырлы сөз кімді болсын ой соңына салғаны хақ. Романтика құған армандастарды механизаторлар курсының есігін аштырып, техника тілін үйреткен, одан темір тұлпарды ерттеп мінгізген де осы мамандыққа деген айрықша құлшыныс еді. Бағдат аузынан шыққан жоғарыдағы сөздер — тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні еді. Осынау тобықтай түйін талай жүректерде жатталып қала берді. Кейінгі толқынға ықпал да, әсер де болған осы тобықтай түйін. Жаңа бастаманың қолдаушысы қашан да көбейе бермек. Бүкіл ауыл он алты аққу атап кеткен Бағдат бригадасына

келер — 1971 жылдың көктемінде тағы бір жаңа лек келіп қосылды. Тұңғыштар қанат қаққан колхоз орталығындағы А. Розыбакиев орта мектебінің он тоғыз түлегі механизаторлар даярлайтын арнаулы курсты бітіріп, куәлік алып шықты. Жас механизаторларды Бағдаттың бригадасы қамқорлыққа алып, өмірден жинақтаған тәжірибе сабақтарын үйретуді ең негізгі мақсат санаған. Өрім қыздарды еңбек тезінде сынаған. Сан-салалы жауапты жұмыстар мен арнайы тапсырмаларды ұқыпты да, тиянақты орындауларын қатаң талап етті. Жауапкершілікпен тындырылған іс жемісті де. Жемісті еңбек қана жеңіс биігіне көтереді. Ал еңбек жеңісі кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Оған барар жол даңғыл. Солай бола тұра қиын, әрі аса жауапты жол. Абыройлы еңбек, адал тер, азаматтық ар ғана сол аңсаған арман жеңісіне алып барады. Есіміңді, ісіңді әйгілейтін де жемісті еңбегің. Алдыңғы толқын кейінгі толқынға осыларды негізгі нысана етті. Бағыт-бағдар сілтеді. Өйткені, онсыз толқынға толқын ұласпайды. Толқынға толқын қосылмай үлкен өмір болмақ емес.

Кейінгі лек жаңа леп ала келді. Коллективтің қамқор қанатының саясында кездескен қиыншылықтарға мойымастан қысқа мерзімнің ішінде озық еңбектің үлгісін танытқан жастар есімі де колхоздың еңбек даңқы шежіресіне жаңа беттер болып қосылды. Шаруашылықтың экономикасын өрге бастыруда үлкен істер тындырды. Жастыққа тән тамаша еңбектің ең жсғары көрсеткіштеріне қол жеткізді. Олар кілең өрім жауқазындар болатын. Жауқазындар қыр төсінде бүршік атып қана қойған жоқ, қайта дүркіреп мың құлпырып, жайнай түсті. Олар — Халида Мамтизова, Сағадат Асқарова, Розагүл Маметова, Ниязгүл Мәмбеталиева, Мұқарам Аюпова, Сепиям Қамердинова секілді



Колхоз председателі Имир Біләлов.

шоқ-шоқ жауқазындар. Иә, олар он тоғыз еді. Сонымен колхоз аспанында отыз бес жарық жұлдыз жарқырап көрінетін. Шырақтар жыл санап көбейе бермек әрине.

Бригаданың әр күні бедерсіз болмады. Рекордты көрсеткіштер тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындаудың кілті іспеттес. Бірде дала қосында бригада комсомол ұйымының жиналысы өткізіліп, күн тәртібіндегі «Бригада және социалистік міндеттеме» деген жалғыз мәселе төңірегінде егжей-тегжейлі әңгіме қозғалған. Сан алуан пікірлер, ойлар тоғысқан. Бесжылдықтың беташар жылын толағай табыстарымен қорытындылайтындарына әбден көз жеткізген сөйлеушілердің әрқайсысы. Осы жиналыста бригада мүшелері бесжылдықтарын төрт жарым жылда орындауға уәде байласты. Қыздар еншісіндегі 25 трактор, осыншама тіркеме, ондаған ауыл шаруашылық машиналарының түрлерінің үздіксіз жұмыс істеуі, олардың бос тұрып қалмауын қадағалау бригаданың белсенді мүшелеріне жүктелді.

Комсомол жиналысында бригада жетекшісі Бағдат, сондай-ақ бригада мүшелері Зорам, Құрбангүл, Чимән, Сұлтандар көкейде жүрген көп ойларын ортаға салды. Бағдат өз бригадасының бұдан былай өздерінің ұйғарымы бойынша Қазақстан комсомолының 50 жылдығы атындағы деп аталатынын, бұл талапты аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің мақұлдағанын хабарлады. Құрбылар бұл хабарға қатты қуанысқан сонда.

...Жетпіс бірінші жыл комсомол жас механизатор-қыздар бригадасы үшін елеулі-елеулі оқиғаларымен қуанышты басталған. Содан бері талай даңқты істер колхоз атын да көтеріп келеді. Бригаданың жетекшісі Бағдат Қожабаева облыстық Советтің депутаттығына сайланып, халық қалау-

лысы атанды. Осы жылы іскер жетекші Қазақстан комсомолының съезіне делегат болып қатысып, съезд мінбесінен өзі басқаратын қызкеліншектер трактор бригадасы жайлы толғаныспен, тебіреніспен сыр шертті. Еңбектес құрбыларының есімдерін үлкен мақтаныш сезімен атады. Съезге бригаданың еңбек рапортын тапсырды. Қуаныш-қуанышқа жалғаса берді. Бір ғана бригада емес, бір ғана колхоз емес, ұлан-ғайыр республикамыз қуанған жаңалықты радио толқындары еліміздің барлық нүктесіне таратып жатты. Еліміздің бір топ жас ғалымдары мен өндіріс озаттарына 1971 жылы Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты құрметті атағы берілгені орталық және республикалық жастар баспасөзінің беттерінде жарияланған. Лауреаттардың ішінде біздің республикамыздан Талдықорған облысының Калинин атындағы колхоз комсомол жастар трактор бригадасының бригадирі Бағдат Қожабаева да бар болатын.

Осынау күндері колхоз кеңсесінің есігіне тыным болған жоқ. Телефон да безілдеуін қоймаған. Үлкен қуанышпен құттықтаушылар легі толастасайшы. Облыстан, ауданнан да телефон соғуда. Алматыдан да телеграммалар ағылып түсіп жатыр. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті арнайы құттықтау жолдаған. Председатель мен парторгтың, ұстаз бен шәкірттің, аға мен апаның, құрбы-құрдастардың жүрегінен шыққан қуанышты лебіздер. Бекзат әке мен Жұмахан шешейдің қуаныштарын сезсең шіркін! Жан тебіреністерін көрер ме едің. Бүлдіршін бауырлардың жүрек лүпілдерін естісең. Бірақ... Бағдат бұл күндері Балтық жағалауында жүрген-ді...

Ортақ қуаныш, Бағдат бақыты жайлы жүректер лүпілін тындасақ, бригадада қанша адам — сонша

сыр. Замандастары хақында, қатар жүрген құрбылары турасында, өздері жайында ешқайсысы да бүгіп қалғысы келмеген. Ағынан жарылып, жүрек лебіздерін тереңнен суырған.

— Өз басым аз уақыттың ішінде өмір сабақтарынан мынаны ұқтым,— деген Сұлтан сөзін әріден бастап,— қандай бастама болмасын қарышты қадам алып ілгері биіктеп, өрлеп кетуі жастардың — біздердің өз қолымызда екен. Жалындатып, жарқыратып әр қырынан көрсету үшін бастаған ісіңе жантәніңмен, айырықша сүйіспеншілікпен, ыстық ықыласпен жұмылу жөн. Сонда ғана әуелден бағындырылмастай көрінген биігің бас ие бастайтынын ап-анық аңғарасың. Мәселен, сонау бір мамандық таңдау кешінде албырттықпен, асығыстықпен мінбеге көтерілдім-ау осы, деумен жүрдім. Бұл ойымнан мектеп бітіргенше арыла алсамшы. Парталастарыма да әлденше рет айтуға оқталып барып, өзімді сан мәрте ұстағам. Абырой болғанда шыдамсыздық көрсетпегенім дұрыс болды.

Шынымен-ақ техника тілін, оның өзінде де толып жатқан шым-шытырық механизмдердің қалай орналасуы мен жұмыс істеу қызметін меңгеріп-ақ кетеміз бе? Бұрын-сонды көз қанық нәрсе де емес. «Шешенсіп, сөздің майын тамызғанда сондай, ал жеме-жемге келгенде жалт бұрылды» деген қауесеттен қорыққанмын. Ұялғанмын. Бригададағы бәрімізге де ықпал еткен бірден-бір осы ұят оты. Алған бағытыңда қыранша самғау, сөйтіп, асудан-асуға қалықтай беру адам бойындағы ең тамаша қасиеттердің бірі. Осы қасиеттерімізді алдымыздағы ағаларымыз бен апайларымызға көрсете білдік. Қамқорлықтарына алып, қол ұшын созды олар. Ақыл-кеңестерін дер кезінде санамызға сіңірдік. Әрине, ауыр жолда сыр беріп, боркемік мінез де көрсетіп қалдық. Олқылықсыз, кем-

шіліксіз іс болуы мүмкін емес қой. Қыл үстіндегі сәттерде бойға қажыр-қайрат құйған да өзіміз. Көмегімізді көрсетіп, жолдастық пікірімізді бір-бірімізбен бөлісуге тура келді. Ерке назымызды сыйладық гүл етіп. Бұл гүл көңіл түкпірінде өсетін ізгілік гүлі еді. Қалтырап барып қаз тұрған кездерімізді де жасыра алмаймыз, ұмытпаймыз. Сүрінгеміз жоқ, әйтеуір нық тұрдық! Қолхозымыздың белгілі механизаторы Илима Аманбаева апайға айтар алғысымыз мол. Ленин орденді, облыстық Советтің депутаты бізге үйретуден, жетекшілік етуден жалықпады. Ал одан кейінгі өміріміз — еңбек жолымыз жанымызда жүрген құрбымыз Бағдатқа байланысты болды. Өйткені, ол — бригада жетекшісі. Сондықтан оған көмектесіп отыруды, айтқанын екі еткізбеуді міндет санадық. Бағдат бойындағы не бір қасиеттерден үйренуге тырысқан мезеттерді мақұлдаймын да. Басқа құрбылар да сондай ойда. Коллектив бақыты, коллектив қуанышы қашанда ортақ. Жақсы істерге жабыла қуана білдік ең бастысы. Бағдат облыстық Советке депутат болғанда, республика комсомолының съезіне делегат болып қатысқанда да қуандық. Одан да бұрын Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанғандағы қуанышымызды сөзбен жеткізу қиын. Өйткені біздер үшін, бригада үшін бұл зор мерей еді. Дала дастарханында кіші-гірім той өткіздік. Москвада жүрген Бағдат үшін күніне бір норма орындауға келістік. Еңбек адамына деген ең үлкен сыйлығымыз осы болсын дедік. Мұнымызды ол естісе, сөз жоқ, қуанады, балаша қуанатынын жақсы білетінбіз. Бағдаттың ортамызға тезірек келуін күттік. Аз уақыт болса да сағынып қалғандаймыз.»

Жүректердің лүп-лүп соғысын сөйлетіп, тыңдай бергің келеді.

Алғаш қызықтардан гөрі қиындықтар аяғымызға орала берді. Тәжірибесіздіктен болар. Мойымдық, мұқалмадық әйтеуір. Ал, біз туралы жұрт жақсы пікірде еді. Қамқорлықта болдық. Еңбек емтиханымызға үлкен жауапкершілікпен зер салдық. Алғашқыдай емес, келе-келе көп құрметіне бөленіп, жылы-жылы лебіздерді жиі естідік. Бұл бізді бұрынғыдан бетер жігерлендіріп, құлшындыра түсті. Басқалар да механизаторлық курсқа келе бастады. Бригаданың әр сәтті қадамы орынды, лайықты бағаланды. Бағдат — депутат, делегат, лауреат атанды. Тұрсынақша Еңбек Қызыл Ту орденін қадады. Өзім «Еңбектегі ерлігі үшін» медаліне ие болдым. Құрбыларымның көпшілігі аудандық және селолық Советтерге депутат. Жыл сайын бригададағы қыздардың екі-үшеуі Лениндік партияның қатарына өтуде. Биік мерей деп осындайды айтады ғой. Табысқа тоқмейілсушілік толдым-пістім, даңққа бөлендік деуден аулақпыз. Алғашқыда он алты болсақ, қазір отыз беспіз. Жақсы іс жалғасын таба береді. Бригадада жастардың білімін жетілдіре беруде игі шаралар жүзеге асырылуда. Бұрынғы ұстаздарымыздан консультация алып тұру дәстүрге айналды. Жоғары оқу орындарына түсуге колхоздың арнаулы жолдамасы әзір. Бүгінде бригададағы он қыз Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтында сырттай оқиды. Техникумдарға түскендер де бар. Оқу мен еңбек егіз...

Астанамызға келген бойда Бағдаттың ең бірінші сұхбаттасқаны республикалық жастар газетінің журналистері еді. Редакцияда қонақ болғандағы диалогтарды қаз-қалпында ұсынғанды жөн көрдік.

... Осы бір сәттегі көңілді жүзінен оның ерекше қуаныш құшағында екенін аңғарасың. Біз де қыз қуанышына ортақтастығымызды білдірдік.

— Бағдат, лауреат болуыңмен құттықтаймыз!

— Рахмет...

Ол ойланып қалды. Артынша-ақ үзілген сөзін қайта сабақтады.

— Сіздердің құттықтауларыңызды Москвадан келген күні газеттен оқығамын. Тағы да рахмет.

— Москвадан келген күні дейсің бе?

— Иә...

Осы сапар Бағдат Қазақстандық делегацияның құрамында Эстония комсомолының жарты ғасырлық мерекесіне қатысыпты. Балтық жағалауындағы әсем астана Таллинді аралап, тарихи орындар мен республиканың колхоз, совхоздарында болғанын әңгімелейді. Ол ВЛКСМ Орталық Комитетінде қабылдауда болған сәтінде, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілгенін алғаш естіген кездегі қуанышын да жасыра алмады.

— Ауылдан шыққалы аз уақыт болса да үйді, құрбы қыздарымды сағынған сияқтымын. Әйтеуір жүрегім асыға береді. Құрбыларымың құттықтау телеграммасын да осында — Алматыда алдым.

— Еңбек өмірбаяныңыз, механизатор құрбыларыңыз жайлы бірер сөз.

— Не айтсам екен. Еңбек жолымыздың өзі енді басталды емес пе?.

Әйтседе менің еңбек жолым трактор рулін алғаш ұстаған күннен басталған тәрізді. Құрбыларым турасында да осыны айтар едім. Өйткені, бәріміздің өмірбаянымыз ұқсас қой. Техника тілін жетік меңгерген қыздардың арасынан Асылхан Шораханова, Сұлтан Нұрпейісова, Күлдән Тұрапбаева, Оразхан Төребаева есімдерін айрықша атауға болады.

— Бағдат, кімде-кімнің болмасын құрмет тұтар ұстазы болады емес пе?

— Сөз жоқ. Менің де ұстазым бар. Ол — Ленин орденді тракторшы Илима Аманбаева. Ол кісінің

трактор рулін ұстағанына да оншақты жыл. Қарапайым еңбекқор Илима апайдың өмірі қайсымызға болмасын өнеге. Біздің де арманымыз-тракторшы апайдай ел құрметтісі атану.

— Алдағы мақсаттарыңыз бен міндеттемелеріңіз?

— Әрбір еңбек адамы өз кәсібінің биігін ойлайтыны белгілі. Сондықтан болар, өзім және құрбыларымның мақсат-мүдделері бір — жастыққа тән жалынмен еңбек ету. Бригада міндеттемесі — жаңа тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын төрт жарым жылда орындан шығу.

Тағы бір белес артта қалды. Табысты-табысқа ұластырар өмірдің ұмытылмас күндері тек болашаққа бастайды. Жаңа асуларға жетелейді, қияндарға самғатады. Адам баласы еңбегімен көрікті, еңбегімен құрметті. Ал, ыстық ұядан үлкен өмірге — еңбек дариясына бет алған балаң жасқа жол сілтер де әлгі еңбек көрігінен шыққан жандар. Темірқанаттандыратын да, шыңдап сомдайтын да қарапайым еңбек адамдары. Көп ретте өзінді қамқор қанатының астына алып, жылы алақан аясында еңбекке баулып ұшырған коллектив пен ортаның орнын байқай бермейміз. Еңбек әліппесін қалай парақтағанды да зерделей бермейсің. Бір ғажабы ең алғаш өзіңнің еңбек өмірбаяныңды қай жерде, кімдердің ортасында, неден бастағаныңды ұмытпайсың, жиі еске аласың. Сол сәттерде барып еңбек мектебіндегі алғашқы ұстаздарыңды, ең бірінші қол жеткізген табыстарыңның маңдай тер моншақтарын көріп қуанар еді кімде-кім. Бір кездегі тәжірибесіздігің мен жастығың көз алдыңа еріксіз көлбеңдейді. Ойланасың, қиналасың, қуанасың... Өмір баспалдақтары — есею жылдарының бірінен соң бірі қалай жылжығанын еңбектегі өз бейнеңнен көресің.

Бағдат және оның құрбылары да осынау баспалдақтардан өтті. Күні кеше ғана болатын бәрі-бәрі. Бригада құрғаны да, өз алдарына жеке жоспар қабылдап, социалистік міндеттемелер белгілегені. Бесжылдық биігінен көріну үшін бар жігерлерін, жастық ізденістерін жұмсады. Өйткені тоғызыншы бесжылдық олардың тұңғыш еңбек бесжылдығы ғой. Сонау жылдардағы ұшырасқан қиындықтар түрен түспеген тың секілді-тін. Сөйтсе бекершілік екен. Тек тәжірибесіздік, икемсіздік қана аяққа орала берді. Бірақ сүрінбеді ешқайсысы да. Жеңіп шықты. Еңбек тезінен өткен бригада мүшелері ауа райының қолайсыз шақтарына мойымады. Қуаңшылыққа да қарсы тұра білді. Олар ауыл ардагерлерінің нық сапында қоян-қолтық еңбек етті. Уақытпен санаспады. Болашақ молшылықтар мен жаңа табыстар жолында қажыр-қайраттарын ұштай берді. Соның нәтижесі қызкеліншектер бригадасы колхозда алдыңғы қатарлылардың бірі болып бесжылдық жоспарларын төрт жылда орындап шықты. Механизаторлар араласпаған жұмыстың түрі жоқ десе де болғандай. Оныншы бесжылдық календарын бір жыл бұрын ашқан механизатор жастар социалистік жарыс жалауын алаулата түсті. Социалистік жарыс өткен тоғызыншы бесжылдықта жаңа күшпен қанат жайып, алда тұрған міндеттерді шешуде орасан зор жігерлендіруші роль атқарды.

Егіншіліктегі аса маңызды міндет — егін шығымдылығын арттыру, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, дәнді дақылдар өсірудің агротехникасын жақсарту негізінде астық өсіруді барынша молайту және жыл сайын тұрақты мол өнім алу болып табылады. Олар бұл міндетті де абыроймен орындауда. Оған дәлел ретінде бір сәт бригаданың тоғызыншы

бесжылдықта атқарған жұмыстарын цифр тілімен сөйлетіп көрелік. Егістік жерлерге 37700 тонна көң жеткізу жоспарланса, бес жыл ішінде бұл цифр 48 500 тоннаға жетті. Ал, оның 32 900 тоннасы топыраққа сіңірілген екен. Осынау жылдарда 2710 тонна минералды тыңайтқыш 2500 гектар жерге пайдаланылды. 4200 гектар жүгері культивацияланып, оның 610 гектары түптелді. 2900 гектар жердің шөбі шабылып, 8700 тонна пішендеме мал қыстауларына жеткізілді. 18 000 тоннаның орнына 55 000 тонна жүгеріні егіс далаларынан қырмандарға жеткізген де механизатор қыздар. Тоғызыншы бесжылдық ішінде қыз-келіншектер 6120 тонна құрылыс материалдарын тасымалдауға міндеттенген екен. Бұл — 10 150 тонна болып орындалды. Осыншалықты қыруар жұмыстарға 92 100 центнер жанар-жағар май пайдаланылыпты. Тамаша цифрлар! Адал еңбек, маңдай тер. Сонымен бесжылдық асуы алынды. Алда жаңа бесжылдық белестері...



ЕГІНШІЛІК—ЖАСТАРДЫҢ ЕК- ПІНДІ ШЕБІ ЖАСТАР БРИГАДАСЫНЫҢ ЖЕ- ТЕКШІСІ ОЙ ТОЛҒАЙДЫ


КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің 1973 жылы астық және басқа егіншілік өнімдерін өндіру, дайындауды молайту жолындағы Бүкіл одақтық социалистік жарысын өрістету туралы» қаулысында астық өндіруді одан әрі арттыруға байланысты көптеген актуальды мәселелер туралы айтылған. Егіншілік мәдениетін көтеру бүгінгі ғана шаруа емес, ертеңгі күннің, болашақтың да ісі. Мол астық үшін күресте ұсақ-түйек жоқ. Мұндай игілікті мәселеге атсалысу ауыл шаруашылық қызметкерлері — диқан-механизатордың, диқан-манның, баршаның міндеті. Осыған байланысты жерді күтіп-баптау, егіншілік мәдениетің көтеру мәселелері төңірегінде Калинин атындағы колхоздың Қазақстан комсомолының 50 жылдығы атындағы комсомолец-жастар бригадасының бригадирі, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева да кезінде ой толғаған, пікір айтқан еді. Сонда былай деген:

— Ел болып игеруді, жұмыла қолға алуды қажет ететін игілікті істер мен жан сүйсінтер жақсы бастамалардың басы-қасында жүруге дағды-

ланған кең-байтақ Отанымыздың жайсаң жаңды ұл-қыздары сияқты біздің колхоздың комсомолецтері мен жастары да КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің қаулысын талқылап, қызу қолдады. Туған ауылдағы шаруашылықта еңбек өнімділігін арттыру, егіншілік мәдениетін көтеру, жерді химияландыру, мелиорациялау, техниканы барынша тиімді пайдалану, ғылым мен озық тәжірибе жетістіктерін өндіріске батыл енгізу — колхоз еңбеккерлері мен жас диқандардың басты мақсаты. Осымен бірге 1973 жылы колхоздың жүгері егістігінен мол өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету бізге үлкен міндеттер жүктейді.

Социалистік жарыстағы басты шарт — ең жақсы экономикалық көрсеткішке жету. Бұл салада туған ауылдың экономикасы мен мәдениетін көтеруде колхоздың механизатор қыз-келіншектер бригадасы да айтарлықтай үлестер қосуда. Біз күнделікті өмірден көріп жүрміз, жерге жұмсалған бейнет — есесіз кетпейді. Еселеп, ырыс пен табыстың тасқын дариясы болып қайтады. Бұл атам заманнан келе жатқан диқаншылықтың еш жерге жазылмаса да белгілі заңы. Жерді талапқа сай баптау — табыс кепілі.

Біздің колхоз бір кезде ортанқол, қоңырқай ғана шаруашылықтың бірі еді. Егістік мәдениетін арттырып, жерді жақсы күтімге алу нәтижесінде алар өнім өсіп, бұл күндері алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналып отыр. Колхозда 5020 гектар жерге егін себілетін болса, 2900 гектары жүгері егістігі. Сегізінші бесжылдықта орта есеппен 20. 733 мың сом таза пайда тапса, соның тең жартысынан астамы тек жүгері егістігінен түскен түсім.



Егістік даласында.

Жер жағдайына, ауа райына байланысты өсімтал жүгері тұқымы да таңдалып алынууда. Жер агротехникалық талапқа сай өңделеді. Осыған орай жыл сайынғы табыс артып, көрсеткіш жоғарылап келеді. Негізгі түсім тұқымды жақсы таңдап алуға және егістік жерді күтіп-баптауға, сіңірілетін минералдық, органикалық тынайтқыштарға, суландыру жүйесін жақсартуға тікелей байланысты.

Колхоздағы механизатор қыз-келіншектер әрбір жыл сайынғы межелі табыспен істеліп жатқан игі бастамалардың куәсі болуда. Олар қатыспайтын, араласпайтын колхоз өмірінде бірде-бір жұмыс саласы жоқ десек артық айтқандық емес. Жыл сайын қажырлы да талапты жастармен қатарымыз толығып өсіп келеді. Қазір шаруашылықтағы

тракторшы жастардың жалпы саны қырық үшке жетті. Бір кезде ауданда дикан-механизатор қызкеліншектер некен-саяқ еді. Қиын да қызықты бұл мамандықты игеруге жүрексінетіндей көрінетін. Бүгінгі таңда ауданда жеті тракторшы қыздар бригадасы бар. Оларда еңбек ететін механизаторлар саны екі жүзден астам. Бұл, әрине, қуанарлық жай.

Панфилов ауданының ауыл шаруашылық еңбеккерлері тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын төрт жылда орындау жөнінде үндеу қабылдап, бастама көтергендері баршаға аян. Сол сөзде тұрып, биік белестен көріну үшін аудан еңбеккерлері бір кісідей жұмылып, ерен еңбек етсе, талай тартымды табыстардың куәсі болса, солардың сапында жүргенімізге қуанамыз.

Мерекелі жылы СССР-дің 50 жылдығы құрметіне еңбек вахтасына тұрып, өз күш-шамаларымызды межелеп, әр саладан көтеріңкі міндеттемелер қабылдадық. Бригада — комплексті бригада болғандықтан шаруашылықтың қай саласына да қатысуға тура келеді. Жазда қоғамдық малға жемшөп әзірлеу, күзде жүгері жинау, жер жырту, қыста қар тоқтату, түрлі тыңайтқыштарды егістіктерге жеткізу, техника жөндеу — қыруар жұмыс. Толып жатыр.

Солардың ішінде егіншілік жұмысы аса қомақты. Біздер бар мүмкіншілігімізше өзіміз жинақтаған тәжірибемізді ортақ игілік үшін ортаға салуды дәстүрге айналдырғанбыз. Біздің бригада тоғызыншы бесжылдықтың ішінде 77 мың 177 гектар жер жыртып, оны агротехникалық талаптарға сай күтімге алуға міндеттенген болатын. Бұл сөзімізде тұрамыз да. Міндеттемеде көрсетілген әрбір көрсеткішті жыл сайын толық, әрі асыра орындап келеміз. Оған жазғы егін орағы — жауапты науқан

кезіндегі бригада мүшелерінің қол жеткізген көрсеткіштері айқын дәлел. Осы науқан кезінде әрбір бригада мүшесіне әр тракторға 240 тоннадан жүгері тиеу жоспарланса, ол 428 тонна, яғни 180 процент болып орындалды. Сондай-ақ культивациялаудағы әрбір тракторға шаққандағы көрсеткіш те жоғары. Мысалы, әр қыз 60 гектар орнына 70 гектар егістік культивациялады. Барлық салада да жеткен жетістіктеріміз осындай. Егістіктерге әр түрлі жергілікті органикалық және минералдық тыңайтқыштар тасып жеткіземіз. Қелер жылдың өнім негізі бүгіннен қаланады. «Не ексең — соны орасың» деп халқымыз айтқандай, қазіргі әзірлік дәрежесі қандай болса, алынар өнім де сондай болмақ. Сондықтан да әрбір гектар егістікке белгілі мөлшерде тыңайтқыш жеткізіп, оның сіңірілуін қадағалап отыру керек. Әр нәрсе өз шамасымен. Қем болса да, шамадан тыс артып кетсе де жақсы емес. Жерге нағыз диқандық бап керек. Бригаданың қыздары әрқайсысы жоспар бойынша 35 гектар егістікті тыңайтуы керек болса, олар бұл көрсеткішті 55 гектарға айналдырып отыр. Тапсырылған тапсырманы тиянақты да жүйелі орындай отырып, бригада мүшелері бесжылдық жоспарды төрт жылда орындап шығары сөзсіз. Оған ісіміз дәлел.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VI Пленумында (1972 ж.) жасаған баяндамасында КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас: «Мол өнім алу үшін қолдан келгеннің бәрін істеуіміз керек, бұл үшін қысқы агротехникалық шаралардың комплексін, тыңайтқыш дайындау мен тасып жеткізуді, техника жөндеуді, кадрларды жетік даярлауды мұқият және сауатты жүргізуге бар-

лық жерде бірдей қам ойластыру керек» деп атап көрсеткен болатын. Бұл біздің шаруашылыққа да қатысты жайт.

Біздің алдымызда тұрған үлкен мәселелердің бірі — жерді химияландыру және мелиорациялау — егісті суландырудың негізгі жүйесін жасау, егіншілік мәдениетін көтеру нәтижесінде ауыл шаруашылық өнімін арттыру болып табылады. Бұл қолдан келер іс. Бұған аға диқандар, білгір, білікті мамандармен бірге ауыл шаруашылығының жас еңбеккерлері де атсалысып, ортақ игі іске өз үлестерін қосуы керек. Бұл ретте өз құрбыларының алды болып ауылдастарына танылған, ауыл еңбеккерлерінің алғысына бөленіп жүрген еңбектес достарымды мақтан ете аламын. Жастар қайткенде колхозға өз қолдарынан келген көмектерін тигізу үшін үздіксіз ізденуде, озат тәжірибелерден үйренуде.

Табыстың тасқынды болып, жаңалықтың тез қабылдануы социалистік жарыс алауы жалындаған жерде жақсы көрініс алатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Ол тың межеге мегзейді. Сондықтан да Панфилов ауданындағы тракторшы қыз-келіншектер бригадалары өзара социалистік жарысқа қосылған. Олардың түпкі мақсаты — қайткенде ауыл шаруашылық өнімін арттырып, ауданның экономикасы мен мәдениетін көтере беру. Социалистік жарыс — халық шаруашылық жоспарлары мен социалистік міндеттемелерді асыра орындау жолындағы шын мәніндегі күрес болуға тиіс.

... Ен байлықтың қайнар көзі егіншілік мәдениетін көтеріп, жер бабын тапқан бесаспап механизатор диқандар қауымы тоғызыншы бесжылдықтың шешуші жылының астығын орып, жиып алды. Алдын ала қамданып, еңбек өнімділігін арттырудың арқасында қолға қонған құт-береке —

қазақстандық миллиард пұттан астам астық Отан қамбасына құйылды. Міне, осынау көл-көсір табыс бастауы молшылық негізі қоңыр күзден қаланатынын ауыл шаруашылығы еңбеккерлері ерлікке пара-пар ерен еңбек үлгісімен дәлелдеп берді.

Озық еңбегімен үздік танылған республикамыздың таңдаулы саңлақтарының ішінде калининдік механизатор қыздар да бар. Жастар бригадасының жетекшісі Бағдаттың толғақты мәселелер төңірегінде өрбіткен әңгімесі табыстардың шынайы көрінісіндей.

Енді егістік алқапты ала жаздай дүбірге бөлеген дала кемелері шеберханаларда сап түзеді. Дала біткен басқаша әуен, басқаша күйге бөленіп сала берді. Ол — келер жылдың қамына кіріскен диқан-механизаторлар еңбегінің дүбірі. Әсте еңбек шеруі толас таппайтын алтын алқаптарда, дала қостарында жарыс туын жоғары ұстаған комсомолец-жастар бригадалары мен звенолары құлшына еңбек етіп жүр. Зябь жыртып, тұқым әзірлеген, техника жөндеу жұмыстарын қарқындатқан жастар еңбегі қашан да жалғасып жатады. Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева басқаратын Қазақстан комсомолы 50 жылдығы атындағы қыздар-трактор бригадасын қайнаған қарбалас шақтың нақ ортасынан көресің...

„ДАЛА АРУЫ“ ЫРҒАЛЫП ТҰР МАЗАСЫЗ МАУСЫМ МЕН ҰЙҚЫ- СЫЗ ТӘУЛІКТЕР



... Мандайдан мөлдір моншақтар тамшылатқан тамыздың соңғы күндері де жанып тұрды. Тал тұс. Бұта басын тербер леп білінсейші. Ауа — аптап. Әншейінде іргеден мен мұңдалап шақыратын Алатау шыңдары да тым жырақтан сағымданып көрінеді. Тұс-тұстан үздіксіз жөңкіліп жататын ақ «жаулықты» бұлттарын сағынғанға ұқсайды. Бұлтсыз тау қашан да көріксіз. Мынау аңызакта әлде қайдан ойнап шыға келетін шөкімдей бұлттың өзі шың басында ұзақ тұрақтамайтын шақ. Мұны қазір де көріп келеміз. Әлгінде ғана тербетіле көтерілген «Аннушка» бұлт-бұлт етіп заңғар таудың арасына да кіріп үлгерген. Жолаушылар иллюминаторға жабысып, төменнен көз жарар емес. Бар жанардан байқайтының тек бір сурет — алып таудың алып панорамасы. Қойнау — қойнауына не ғажайып сырларды бүккен күйі қалып барады, қалып барады. Аракідік тасты тесіп, булыққан бұлақтар күн нұрына шағылысады. Тамашалап отырған таудың реңі етегіне ойысқанда тіптен ажарланып сала берді. Көгілдір бояу қоюланып барып, бейне бір жасыл орманға айналып жатқандай. Енді сол көк кілемді қақ жарып таудан құлаған тентек өзен қол бұлғап шақырған. Танып

келемін. Бәз қалпы, анау бір қылта тұсында бір кездері егістікке су бұрып, Калинин атындағы колхоздың диқан-механизаторларымен бірге Бағдаттың бригадасындағы қыздар да таңды таңға жалғап жүруші еді. «Қазір, олар қай жерлерде жүр екен. Бригадада кімдер қалды, кімдер кетті? Бағдат болса институтта оқып жүр ғой...» Өз ойымды құрықтағанша болған жоқ, қарсы алдымдағы кемпір:

— Өсек,— деді. Жанындағы шалы да құптап жатыр.

— Иә, Өсек... шынымен-ақ келіп қалғанымыз ба?

— Жүгері әлі кемеліне келе алмай тұр екен. Жап-жасыл...


«АН-2» қырындап, төңкеріле берді. Осы сәт әлгі жасыл алқап шахмат тақтасындай көрінді. Егістікті шаршы-шаршыға бөліп жатқан ақ сәулелі сызықтар самолет құлдилаған кезде жарқ-жүркі ойнаған-ды. Сонда барып, сол сызықтардың су жүйелері екенін аңғардық. Ал, әр шаршыда су ұстап жүрген сушы-диқандар шахмат фигураларын еріксіз елестеткен.

Ұзын жолдың жиегінен басталған жүгері алқабы сонау көгілдір көкжиекпен ұштасады. Көз сүрінгісіз телегей-теңіз астығы шалқып жатыр. Әлі толық сарғаймаған «дала арулары» жібек шашақты шәлілерін шеше қоймапты. Майда самал өпкен сайын маңғаздана ырғалады. Орақ басталар алдындағы соңғы күтіп-баптауларын жасап жүрген жүгерішілерді жол бойынан жиі ұшыратасың. Әрқайсысы өз жұмысының соңында: егістің кісі бойынан асатын кей тұстарынан көріп қалатының жалт-жұлт еткен алмас жүзді кетпендер. Әзірше дала төсін думанға бөлеген тракторлар мен комбайндар көрінбейді. Таң алакеуімнен түннің бір

уағына шейін еңбек күйі толастамайтын мазасыз шақты тағатсыздана күткен жүгері өсірушілердің келер таңға асығары белгілі жай. Мандай терімен мәпелеп өсірген өнімін ысырапсыз шашпай-төкпей жинап алуды ғана көздейді. Олар — жүгеріші, комбайншы, тракторшы. Бір сөзбен айтсақ диқан қауымы. Баршасының да мақсаты ортақ. Қайткенде де Отанды мол табыстармен қуанту.

Жылма-жыл жоғары еңбек көрсеткіштеріне қол созып жүрген Жаркент өңірінің жүгерішілерімен тағы бір жүзбе-жүз кездесіп, олардың ерлікке тән ерен істерімен танысу да әуелгі басты мақсат болатын. Тоғызыншы бесжылдықты қалай қорытындыламақшы, соны көзімізбен көргенді қаладық. «Дала аруын» аялаушылар ортасына бармастан бұрын бесжылдықтың қорытындылаушы жылындағы Панфилов жүгері өсірушілерінің жай-күйін егжей-тегжейлі білу үшін аудандық/ауыл шаруашылығы басқармасына бас сұққан едік.

Абыр-сабыр қарбалас. Асыққан адамдар. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Сауалдары да, жауаптары да қысқа. Өйткені, мазасыз маусым теңселіп тұруды күтпейді. Жайбарақаттық жауапсыздықтың белгісі. Қай істе болмасын жалындап көрінген-



Сүрлем салу сәті.

ге не жетсін. Жауапты науқан — үлкен сын. Осынау сыннан мүдірмей өтуді ойлайтындар негізгі жұмыстарды ұтымды ұйымдастырудан, дұрыс бағыт сілтеуден, іскерлікпен меңгеруден бастайды. Күні бұрыннан зерделенген жоспарлы жұмыс жемісті де. Бесжылдықтың қорытындылаушы жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындап шығуға жұмылған жақсы нышандар жарқылын ап-анық байқайсың. Ешқайсысы да айқайлап айтып жатқан жоқ. Сөйтседағы асығыс ауыз екі әңгіме төркіні көп нәрсені ұқтырады-ау.

Басқарма бастығы Шәріп Омаровтың кабинеті де бір сәт босамады. Шаршаған кейпін де байқатар емес. Ол тиегі әлгінде ғана ағытылған әңгімені қайта ширатты.

— Тоғызыншы бесжылдықтың әр жылы аудан еңбеккерлерінің небір тамаша табыстары мен ерен еңбектерін алтын әріптермен жазып келеді. Шежірелі жылдар толтырған бесжылдық календарын парақтап отырып, кімде-кім біздің ауданымыздың да жарқын істеріне куә болары сөзсіз. Аудан бойынша мемлекетке мал өнімдерін сатудың бесжылдық жоспары барлық түрінен төрт жарым жылда орындалды. Оныншы бесжылдықтың есебіне 900 тонна ет, 950 тонна сүт, 500 тонна жүн тапсырғаны жайында панфиловтықтардың рапорт бергені қашан.

Ал астық өткізудегі бесжылдық межесінен табылу үшін аудан диқандары ендігі жерде Отан қамбасына 53 785 тонна алтын дән құюы қажет.

Ауданымыздың басты байлығы — жүгері. Жаркент диқандары жүгерінің будан және сортты тұқымын өндіру мен дайындауда республика көлемінде алдыңғы қатарда. Тоғызыншы бесжылдықтың соңғы жылында аудан диқандары 29. 308 гектар жерге жүгерінің әр түрлі сорттарын өсірді. Өткен

жылға қарағанда биыл егістік көлемі 5 мың гектар көп. Суармалы егістік көлемін жыл сайын ұлғайтудамыз. Ауа райының қолайсыздығынан 3,5 мың гектар егісті қайтадан себуге тура келді. Қажырлылық пен жігерлілік көрсете білген диқандарымыз жүгеріні агротехникалық талаптарға сай барынша күтіп-баптай білді. Соның айғағы аудан бойынша жүгері дақылы бітік өсірілді. Тура қазір қай шаруашылыққа барсаңыз да тек ырғалып тұрған «дала сұлуын» көрер едіңіз. Алдағы мақсат — диқандардың алты ай жаз маңдай терін тамшылатып өсірген жүгеріні рәсуәсіз жинап алу ғой. Енді міне, санаулы күннен кейін орақ та қарқын алмақ. Жылдағыға қарағанда үстіміздегі жылы орақты бірнеше күн кешігіп бастап отырмыз. Биылғы егін орағы кезінде алтын алқапты 200-ге жуық комбайн, мыңға тарта трактор, мың жарымдай автомашина еңбек дүбіріне бөлейтін болады. Сондай-ақ жалпы егін орағына 17—18 мың адам қатыспақшы. Көбін бүгінде жүгері плантациясынан жолықтырамыз. Олардың дені комсомолецтер мен жастар.

Ауыл шаруашылығы машиналары күні бұрын күрделі жөндеуден өткізіліп, әзірлік сапына қойылды. Жүгері жинауға қатысатын техниканы тиімді пайдалану ауыл шаруашылық мамандарының ең жауапты борышы. Аудан шаруашылықтары бойынша 16. 551 гектар жүгеріні, яғни барлық жүгерінің 67 процентін техника күшімен жинап алу міндеті тұр. Әдеттегідей қысқы және жазғы техника жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізген шаруашылықтар бұл сыннан мүдірмей-ақ өтеді. Биылғы жауапты науқанды «Октябрьдің 40 жылдығы», «Көктал» совхозының механизаторлары үлкен әзір-Калинин атындағы, Киров атындағы колхоздар мен ліктермен қарсы алды. Жоғарыда аталған шаруашылықтарда жүгері жинауға қатысатын ауыл

шаруашылық техникаларының барлығы дерлік сапалы жөндеуден өткізілген. Бір айтатын жай — осынау күрделі де жауапты науқанға Калинин атындағы колхоздың механизатор-қыздарының көпшілігі қатысты. Барлық шаруашылықтарда қырмандарды, қоймаларды әзірлеу жұмыстары да тыңғылықты жүргізілді. Сонымен бірге көптеген қырмандар төңірегіндегі автомобиль жолдары да тегістелді. Мұның бәрі келер жылдың жұмыстарын да жеңілдетеді деген сөз.

Астық жинау науқаны кезінде дала еңбеккерлері арасында жүргізілетін үгіт-насихат, саяси-бұқаралық жұмыстарды бүгінгі күн талабына сай ұйымдастырудың игі шаралары жүйелі түрде қолға алынды. Диқанның екінші үйі — дала қосының өз кызығы мен думаны мол.

Жүгері орағына қорытындылаушы жылы 500-ден астам звено қатысқан екен. Ал осы звенолардың барлығы дерлік «КПСС XXV съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысынан кейін жыл басында қабылдаған жоспарын қайта карап, үстеме жоспарларын бекітті. Соның ішінде 170 звено әр гектардан 60 центнерден, 27 звено 90 центнерден, 10 звено 100 центнерден алтын дән жинауды межеледі. Аудан бойынша 17 бригада, 115 звено бесжылдық жоспарларын төрт жылда орындап шыққан.

Осынау қауырт науқанның қай саласында болмасын өз ортасы мен коллективіне өнегелі ісімен үлгі болып, оқшау көрініп жүргендердің басым көпшілігі жастар-жігіттер мен қыздар. Мазасыз маусымда тәулік бойына комбайн штурвалынан түспей астық бастырған, егіс даласынан қырманға алтын дән тасыған, қайнаған қырман басында маржан дән сапырған сол өрім жастардың кез-келген-

нің жүзінен шаршағандық пен қиналғандықтың иә болмаса өз кәсібіне налығанын көрмейтінімізге қуанамыз үнемі. Социалистік жарыстың инициаторлары да жастар. Шындығында от боп жүру жастарға жарасымды да. Сондықтан болар, бұл күнде темір тұлпар тізгіндеген панфиловтық механизатор қыз-келіншектердің даңқы бүкіл республикаға белгілі. Механизатор-қыздар қорытындылаушы жыл орағының маршруттарынан табылды дер кезінде. «Октябрьдің 40 жылдығы», Калинин атындағы, «Үшарал», «Красный Восток», Жамбыл атындағы колхоздар мен «Көктал», «Октябрь» совхоздарының комсомолецтері мен жастарын дәстүрлі жарыстың — егін орағы майданының ортасынан кездестірдік. Ал, мазасыз маусымның ұйқысыз тәуліктері қашан да көп болмақ.

Ауданның даңқты жүгерішілері Социалистік Еңбек Ерлері Мариям Ниязова мен Құләш Айтжановалар, сондай-ақ Ә. Бақтаев, Н. Қожахметова, Қ. Кеңесбаев, С. Дөмековтар бесжылдықтың бәйге төрінен көрінген үздіктер. Барша еңбеккерлер секілді Панфилов ауданының жүгері өсірушілері КПСС XXV съезіне еңбек табыстарын тарту етті. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылы жаркенттіктер Отан қамбасына 115 000 тонна алтын дән құю үшін жан аямай күресті, жеңіп шықты! Меже биігінен көрінді. Сонымен тоғызыншы бесжылдықтың асуы алынды. Асулар, асулар... Таусылмайды. Алда — оныншы бесжылдық! Жаңа міндеттер мен межелер күтулі...

Тау құшағына сіңіп жатқан асфальт жол алға жетелеумен келеді. Қаладан шыға басталатын алтын алқап көтеріліп келе жатқан күн шұғыласымен шағылысып одан бетер ғажайып әсерге бөлеген. Бейне бір алтын жағалаулар... Жол бойы тіркемелері бар тракторлармен комбайндар топ-топ болып

қалып жатыр. «Ораққа эзірліктері ғой. Дала қосына асығып барады-ау...»

— Мынау Сарыбел әйгілі шаруашылығымыз Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхоздың жүгерілігі,— деген-ді жол серіктерімнің бірі. Толқып жатқан жүгері теңізі көз ұшында мұнартқан Жоңғар бауырына барып құлайды. Жол солға бұрылғанда жергілікті жердің географиясымен таныстырып отырған бейтанысым тағы да сөйлеп кеткен.

— «Алтын ұй» осы жер болады. Қарсы беттегі жасыл желекке оранған Киров атындағы колхоз орталығы. Әлгіндегі Сарыбелге іргелес іркес-тіркес ұласып жатқан алдындағы алқап осы шаруашылықтікі. Социалистік Еңбек Ері белгілі жүгерішіміз Күләш Айтжанова осында еңбек етеді. Ал оның озат ізбасарларын сарылып іздеп әуре болма. Осынау жүгері дариясының кез-келген тұсына сүңгіп кетсең тура өздеріне жолығасың.

Ол сөйлеп отыр. Мен өз ойыммен шырмалғандаймын. «Бұрыла кеткеннің зияны болмас. Асылханмен жолығып қалармын. Осында деп еді ғой. Иә...»

Асылхан Шораханова. Техника тізгінін қолымызға алайық, деуші калининдік он алты қыздың бірі. Бастаманың қаз-қаз тұруына үлкен ұйтқы болған жас. Бағдат жетекшілік еткен тракторшы қыздар бригадасының ыстық-суығын бастан кешірген Асылханның өзінен замандастары жайлы білгім келді. Соңғы жылы семья жағдайымен көрші Киров атындағы колхозға келген. Мұнда да өмірдің тезінде шындалған жас қыз сүйікті механизатор мамандығының соңында көрінеді. Кездесудің сәті түспеген-ді, қырдағы малды ауылға жөмшөп жеткізуге кетіпті.

Бағанағы серігімнің сөздері құлақ түбінде жаң-

ғыруда. Енді міне, өзі әңгімелеген аудан мақтанышы — жұлдызды қызбен сөйлесіп отырмыз. Самал желмен көңілдене сылдырлаған «дала арулары» жүгерішінің жылы алақанын сезіп тұрғандай. Күләш кісі бойынан асатын жүгерілігін аралатып жүр. Жүйектерді көрсетіп, звенодағы еңбектестерімен таныстыруды да ұмытпаған. Өзі жайында айта бермейді. Әңгімені еңбекте оза шауып, озат көрініп жүрген коллективтер мен құрбыларына бұра береді. Сөз арасында іргедегі Калинин атындағы колхоздың механизатор қыздарының тамаша бастамалары жайында да ой толғады.

— Сөзді сөз шығарады ғой. Қыздардың техника тілін білуі менің түйсігім бойынша, — деген ол, — өте қадірлі, әрі сондай мақтаныш. Техниканың қай түрін болсын ұршықша ойнатып бара жатқан қыздарды көргенде қатты сүйсінемін. Жақсы істі танытатын оның өрісі. Калининдік қыздар бастамасы өміршең, ғұмырлы болды. Біздің колхозымызда да қыз-келіншектер бригадасы құрылған. Бригада құрамында жиырма бір жас бар. Жетекшісі Гүлбаһрам Изизова. Алғашқы бастама иелерінің бірі — Шораханова Асылхан да бізде.

Аудан бойынша жүгерінің әр гектарынан 100 центнерден алтын дән жинауға міндеттеніп, басқа да әріптестерін мол өнім жолындағы жарыстың алдынан көрінуге шақырғандардың бірі де осы Күләш болатын. Өзін тындасақ бір сәт:

— Алда партияның кезекті съезі. Ал мұндай үлкен датаға үлкен еңбек табыстарымызбен баруымыз керек. Сондықтан да мен басқаратын звено мүшелері съезд құрметіндегі вахтаға тұрған. Біздер бесжылдық жоспарымызды үш жылда орындап шықтық. Мұның өзін мол тарту деуге де болар еді. Жоспардағы 15.800 центнер орнына бесжылдықтың төрт жылында мемлекетке 28.304

центнер астық тапсырдық. Өзім тоғызыншы бес-жылдықтың айқындаушы жылы 95 гектар жүгерінің әр гектарынан 105 центнерден таза дән жинадым. Қорытындылаушы жылы бұдан да биік көрсеткішке қол жеткіздім. Әрине, жүгері бапқа өсетін дақыл. Қашан да күтіп баптауды, аялауды қажет етеді.

Қорытындылаушы жылдың қамына сонау ерте көктемнен кірістік. Плантациямды кеңейтіп, егіс көлемін 105 гектарға жеткіздім. Күтіп-баптау жұмыстары ерте көктемнен бері агротехникалық талаптарға сай жүргізілді. Жүгеріге арықшалар тартылған кезде үстемелеп минералды тыңайтқыш сіңірілді. Жүгерінің тілейтіні су. Дән алғанға дейін жетінші рет суарған кез болды. Мұның бәрі де мол өнім үшін жасалған алғы шарттар ғой. Сөйтіп күтімдегі «ЗПСҚ-7» сортты жүгерінің әр гектарынан 105 центнер маржан дән жинауды көздеген едім, уәдеде тұрдым. Еңбек абыройы осы да.

**АЛҒАШҚЫ ДӘН НЕМЕСЕ ҚЫР-
МАН ЖЫРЫ**
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СЫР ШЕРТЕДІ.
**КОЛХОЗДЫҢ КЕШЕГІСІ МЕН БҮ-
ГІНГІСІ**



Кешелі бері бүкіл плантацияны аралап шыққан бас агроном Марипов Ағзам көңілінде жалғыз түйін. «Қорғас» алқабы пісіп-ақ тұр екен. Күн оздыра бергеннен ештеңе ұтпасыз. Қолмен үзуді бастаған жөн. Ал дәнді шетінен қырманға тасығанымыз абзал...» Түнделетіп оралған ол бұл ойын председателге де сездірді. Имир Біләлов маман пікіріне қарсы болмады. Өзінің ойы да осы-тұғын. Тура қазір олар көз алдыларына ежелден таныс сары алтынды алқапты, маржан дәнді елестеткен еді...

Қырмандағылар таң біліне кеткен машиналарды мазасыздана күтті. Ертемен жиналған келіншектердің алды іргедегі үйлеріне тарасқан.

— Кешігіп қалып жүрмендер әйтеуір,— деп жатыр бригадир.

Ол құрық бойы көтерілген күнге қолын көлегейлеп қарады да:

— Тектен-тек асығып жүрміз-ау, енді ғана шыққан шығар,— деді.

— Қырық шақырымдай болар осы.— Қырман иесінің мына сөзіне Қатира үн қатқан жоқ.

«Қорғастың» осы жерден қанша екенін біліп тұрып сұрағаны несі?»

Қатира Жұманова Қалинин атындағы колхоздың ең таңдаулы жүгері өсірушілерінің бірі. Жер жыртып, тұқым сепкен сонау көктемнен сарыала күздің соңғы күндеріне дейін тыным таппайды. Жә, жұмыс деген қыста да жетеді.

Түн ұйқысын төрт бөліп, шыжыған жаз бойына «Су-су» деп жүрді. Әр құлақты, әр жүйекті қадағалаумен дән құяр шаққа қалай жеткенін білмей де қалған. Нағыз тыншымайтын уақыт енді басталды. Әрине, халық дәулетін Отан қамбасына ысырапсыз жөнелту бригадир үшін тіптен жауапты. Сондықтан болар, ол осынау сыннан мүдірмей, абыройлы өтуді ойлайды. Мазасызданады. Өмірден көргені мен түйгені мол, тәжірибелі жүгерішінің бесжылдықтың қорытындылаушы жылын да тамаша еңбек табыстарымен аяқтары сөзсіз. Омырауында Еңбек Қызыл Ту ордені жарқыраған Қатира үнемі таңдаулылар мен озаттардың алдыңғы сапында.

...Қырман қуанышында шек жоқ. Жүгері сұрыптаушы қыз-келіншектер де өз жұмыстарына құлшына кіріскен. Жаңа орақтың қызылын жеткізген шоферлер жүрегінің дүрсілін де естисіз. Тұңғыш астықтың салмағына риза болғандай таразы тілі де көңілдене тербеледі. Қатира қуанышы айырықша. Маңдай тер тамшылары — алтын дән моншақтарын көріп қуануда. Алғашқы дән... Алғашқы ән — қырман жыры да өз әуенін бастап та кетті. Қырман жыры шарықтай береді, қалықтай береді. Дән мен ән... құйылып жатыр.

— Қырық шақырым жердегі «Қорғас» алқабынан дән тасып жүрген шоферлер — Әшім Асанов, Мұхамед Теміров, Кәрім Жекеевтер күніне екі-үш рейс қатынап жүр. Ал сұрыптаушылар — Сағдат Тоқтаева, Қлара Қырғызбаева, Әмина Әбілезова, Дина Хамраевалар «Днепровский 56» аталатын жүгерінің бағалы сортын іріктеуде ерекше көзге түсу-

де,— деген еді бізбен әңгімесінде қырман меңгерушісі Иминжан Мусаев.

Халида Мантизова жетекшілік ететін қыздар трактор-егіс бригадасы да диқан еңбеккерлермен қоян-қолтық араласып кеткен. Цехтық комсомол ұйымының секретары жас механизатор Сұлтан Нұрпейісова былай дейді:

— Бұл күнді біздер асыға күтеміз. Жаппай трактор руліне отырамыз. Плантациядан қырманға, комбайннан қабылдау пунктіне дән тасу жұмыстарына бригададағы жиырма сегіз қыздың бәрі қатысады. Жұмысымыз қашан да өнімді. Әр күніміз көңілді. Бригадаға жаңа толқындар үздіксіз келуде. Былтырдан бері Халида жетекшілік етеді. Бағдаттың Талдықорғандағы педагогикалық институтында оқып жүргеніне үшінші жыл. Өзім де осы институтқа сырттай түскенмін. Бір жақсысы, сессияға барған кезде Бағдат көп көмек жасайды. Оқу залдары мен кітапханаларда үнемі бірге боламыз. Бір ай тез зымырап өте шығады. Екеуміз отырып алып өткен күндер іздеріне үңілеміз. Ананы-мынаны ойымызға түсіріп, рахаттана бір күлеміз-ау. Ол көбінде кейінгі лек жайлы сұрайды. «Лайықты ізбасарымыз бола алды ма?» Тұрсынақша, Гүлбикелер тағы бір бастама соңында жүр. Алғашқы қадамдары қалай екен?

«Сендермен бірге емес пе?» деген ойымды Сұлтан айтқызбай-ақ түсіне қойды.

— Иә, олар шұбартаулықтардың бастамасына колхозымызда алғашқылардың бірі болып үн қосқандар. «Еңбек» атты шопан комсомол-жастар бригадасын құрып, Қазақстан 50 миллионы үшін бүкілхалықтық қозғалысқа құлшына атсалысуда. Он қыз жиырма мың қойға ие. Онда барлық жұмыс механикаландырылған екен. Шөп те, жем де, су беру де механизм күшімен атқарылады.


Қыздардың механизатор мамандығын меңгергені қандай жақсы. Қиналар емес. Шопан-механизатор, шопан-оператор, шопан-электрик... Көрдiңiз бе, кез-келген адамның қолынан келе бермейтiн iс. Бүгiнгi шопан осының бәрiн жетiк меңгеруi керек. Әйтпесе, көпке күлкi болады ғой.

Ол сөзiн аяқтап үлгермедi. Үш-төрт трактор тiз-бектесе қырман ауласына келiп кiрдi. Одан әрiректен ауыл шетiне машиналар керуенi құлаған. Алқаптан, комбайннан тасқындаған алтын дән ағысы едi бұл. Шындығында қырман жыры ендi ғана әуелеп барады екен...

Бұралаң жол тағы да шақырған. Егiн жайға емес, малды ауылға асықтық...

Қолхоз председателiнiң шешiлiп сөйлегенi шығар бiр. Оның әңгiмесi бiраз уақыт бөгедi. Бiз қоштасып тысқа шыққанымызда күн де төбеге өрлептi. Қолхоздың кешегiсi мен бүгiнi жайында ол шерткен сыр менiң жүрегiмде жаңғырығуда. Имир Бiләлов басқарып отырған колхоздың келбетiнен оның өткен өмiрi мен қазiргi тынысын қатар iздеймiн.

— Бүгiнде аудандағы iргелi шаруашылықтардың қатарынан саналатын бiздiң Калинин атындағы колхоздың тарихы сонау жиырмасыншы жылдардың аяғынан басталады. Ол кездегi колхоз бейнесi сүреңсiз де жұпыны ғана-тын. Мал өсiрiп, аздаған жер айдап, егiн сепкен екен. Кейiннен қырық үшiншi жылы III Интернационал, «Ават» секiлдi кiшi-гiрiм шаруашылықтар қосылады. Түтiн саны сол кезде төрт жүзден асып жығылған. Содан берi колхоз егiн шаруашылығы мен мал шаруашылығын бiрдей қолға алады. Сөйтiп, бiрер жылдың iшiнде ортан қол шаруашылық болып шыға келдi. Соқтықпалы, соқпақты жолдардан өттi. Қемелдену, толысу бiр ғана жылдың еншiсi болмаса керек.



Механизаторлар шөп престеуде.

Қостанай облысындағы «Харьковский» совхозының тракторшысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері К. Б. Дөненбаева ҚПСС XXV съезінде сөйлеген сөзінде механизатор әйелдердің Қазақстанда жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын, еңбеккерлерінің білімі мен мәдениеті жағынан, тұрмыс пен еңбектің әлеуметтік жағдайлары жағынан бүгінгі село қалаға көп жағынан теңелгенін зор мақтаныш сезіммен атап көрсеткен еді. Иә, мұны біздің шаруашылық өмірінен де көруге болады: колхозда 3,5 миллион сомның техникасы сан-салалы жұмыстар атқарады екен. Осыншама техникаға 580 механизатор ие десек, оның 40-қа жуығы механизатор қыздар. Жұмыс күшінің 80—

85 проценті жастар. Олардың колхозымызға әкеліп отырған табыстары да көл-көсір.

Колхоз келбетін жыл санап өзгертуде, ел дәулетін өрістетіп, еселеуде еңбеккерлеріміздің тындырған жұмыстары елеулі. Ер еңбегімен көрікті дегендей, абыройлы да үздік еңбегімен туған ауыл шамшырақтары атанғандар бойларындағы күш-жігерін, қажыр-қайратын, шеберліктері мен ізденістерін колхоз экономикасын биіктен-биікке көтере беру үшін жұмсай бермек. Ленин орденді тракторшы Илима Аманбаева, Еңбек Қызыл Ту орденді диқандарымыз — Рахман Абдрайымов, Сыдық Дөмеков, Қатира Жұманова, Еңбек Қызыл Ту ордені шопандар — Смайыл Ибрагимов пен Әбіласыл Мұсаевтар есімдерін әр кез үлкен мақтаныш сезіммен атаймыз.

Колхозшылардың Бүкілодақтық III съезінде (1969 ж) сөйлеген сөзінде ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев: «Әрбір колхоз бен совхоз механизаторлар мен басқа мамандарды дер кезінде және жоспарлы түрде даярлап, бұл кадрлардың белгілі резервін жасауға, олар үшін қажетті өндірістік және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ету жөнінде қамқорлық жасауға тиіс», — деп атап көрсеткенін бәріміз де білеміз. Біздің колхозда да механизатор кадрларын даярлауға, оларға тұрмыстық — мәдени жағдайлар көрсетіп отыруға ерекше көңіл бөлінген. Техника тізгінін қолына алған жастарға — қыздар мен жігіттердің еселі еңбек етуі үшін коллективтің жылы алақаны мен қамқор қанаты қашан да әзір.

Бір кездегі бастама иелері Қазақстан комсомолы 50 жылдығы атындағы қыздардан құралған трактор бригадасының жетекшісі Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева 1972 жылы декабрьде Донецкі облысының Старобешево селосында өткен қыз-келіншек механизаторлардың

Бүкілодақтық кездесуіне қатысты. Кейін Бағдат Берлинде өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік X фестиваліне барып қайтты. Сондай-ақ, механизатор қыз-келіншектерге отыз процент мөлшерінде қосымша ақы төленеді. Олардың озат еңбектері үнемі назардан тыс қалмайды. Ақшалай және заттай сыйлықтар беріледі. Жас механизаторларымыздың еңбек демалыстарын мазмұнды да, қызықты өткізуі қадағаланады. Шетелдерге, еліміздің көрікті жерлерін аралап қайтуға тегін жолдамалар беруді дәстүрге айналдырып келеміз. Механизаторлар Рахметолла Сауытов Сирияға, Зуламова Чимән Польшаға барып қайтқан. Жылына 150-ге тарта колхозшылар санаторийлер мен демалыс орындарында болса, осыншама жас бүлдіршіндер жазғы каникульдарын туристік жолдарда өткізіп отырады.

Колхоз орталығындағы 500 орындық Мәдениет үйінің, бөлімшелердегі 4 клубтың оттары түннің бір уағына шейін сөнбейді. Ауыл еңбеккерлері бос уақыттарын осында өткізеді. Еңбек озаттарымен, соғыс ардагерлерімен кездесу кештерін, тақырыптық диспуттарды ұйымдастырушы да жастардың өздері. Кітап оқушыларының конференциясы мен би кештерін жиі өткізіп тұрады. Колхоз кітапханасы малшылар мен механизаторлардың, диқандар мен құрылысшылардың сүйікті орны. Кітапхана қорында 7200 кітап бар. Тұрақты оқырмандар саны 400-ден асады. Тақырыптық стенділер мен фото-монтаждар көңіл аударарлық. «Бесжылдық және мен», «КПСС XXV съезі құрметіне», «Туған ауыл жұлдыздары», «Тек қана қыздар», «Данқ үшін емес, өмір үшін» секілді тақырыптық стенділердің қай-қайсысы да колхоздың кешегісі мен бүгінгі әңгімелейді, сыр шертеді.

Колхоз орталығындағы демалыс паркі мектеп оқушыларының қамқорлығында. Гүлзарлар мен

аллеялар тынығушылар мекені десе де болғандай. Парктің нақ ортасында Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестерге арналған ескерткіш бой түзеген. Бір Калинин атындағы колхоздың өзінен қанды майданға 247 адам аттанған екен. Сол ер-азаматтардың жетпіске жуығы ғана туған жерге оралып, колхоздың дәулетін көтеруде тер төкті. Иә, тізе берсек туған ауыл шежіресі таусылмақ емес. Өйткені шежіре парақтарын кейінгі ұрпақтар толтырып келеді емеспе.

Басқарма бастығы осылайша сыр шертеді, осылайша толғанады. Туған ауыл түлектері, олардың құрыш қолдарымен құлпырған бүгінгі колхоздың келбеті өзекті әңгімесінің тиегі. Ал өзі жайлы айтпаған. Сыр суыртпақтай бастасақ болғаны сөз жүйесін әуелгі арнаға қарай ыңғайлай береді, бұра береді.

Ал ол туралы біздер айтсақ:

Имирдің балалық, жастық, жігіттік шағының іздері де осы өңірдің топырағында сайрап жатыр. Еңбекке араласқаннан колхоз өміріне құлшына кірісіп кетті. 1957 жылдан бері осы колхозды басқарып келеді. Қарапайымдылығымен, іскерлігімен беделге ие болған ол бар күшін колхоз даңқын белестен-белеске көтеру жолына жұмсауда. Имир басқаратын Калинин атындағы колхоз бүгінде республикамызға әйгілі шаруашылықтар қатарында. Колхоз әр бесжылдықтар сайын үздік еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізуде. Калининдіктер ауыл шаруашылығы өнімдерінің көп түрлерінен тоғызыншы бесжылдық жоспарларын төрт жылда орындап шықты. Колхоздың жылдық табысы бес миллион сомнан асады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің және кәсіподақтардың республикалық Советінің Қызыл туы да калининдіктер қолында.

Имир Біләлов — республика парламентінің өкілі. Сегізінші және тоғызыншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі. Біләлов жолдастың омырауында жемісті еңбегінің айғағындай Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен қоса СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын медалі жарқырайды. Қазақ ССР-інің Құрмет грамотасымен үш рет наградталған. Сондай-ақ, ол «Социалистік егіншіліктің еңбек сіңірген құрметті шебері» атағына ие.



БАСТАМА БАСТАМАҒА ҰЛАСТ ЖИЫРМА МЫҢ ҚОЙҒА ОН ҚЫЗ ИЕ

ОЛАРДЫҢ АТТАРЫ—„ЕҢБЕК“ ЖАСТАР БРИГАДАСЫ

Жол апшысын қуырған жеңіл машина әп сәтте комсомол-жастар шопандар бригадасына алып келді. Асфальт жолдың сол жағалауы алтын алқап, ал оң жағында қатар-қатар сап түзеген комплекстің қора-жайлары мен мұндалайды. Шоқ-шоқ қайындар арасынан ақ шаңқан үйдің төбесі көрінді.

— Мінеки, мынау, «Еңбектің» тұрағы,— деді шофер жігіт.

— Гүлбике мен Тұрсынақшаларыңыз осында. Түскі үзілісте болар, бөлмелерінде кездеспесек отар басында жолығармыз.

— Шопандық өмірлерің қалай жылжуда?

— Күндер зулап жатыр ғой, әйтеуір. Жаман емес.

— Жалықтырып жүрген жоқ па?

— Қым-қуыт шаруалардың соңында жүріп, таңның атқанын, күннің батқанын білмей де қалады екенсің,— деді Гүлбике қабырғада ілулі тұрған дәптерді қолына алды да.— Бұл дәптер бригадамыздың іс-жоспары. Бригада мүшелерінің не істеп, не тындыратыны осында жазылған. Жұмыс түрі де сан алуан: шөпті ұнтақтап беру, оны шабындықтан жеткізіп тұру өз қолымызда. Сосын белгілі бір мөлшерде жем беріледі. Осының бәрі ең ақыры

койларды суаруға дейін техника, механизм күшімен атқарылады. Оның үстіне түнгі күзет және бар. Аспаз да, кітапханашы да, клуб меңгерушісі де өзіміз. Сондықтан жұмысымыздың жүйелі жүргізілуі үшін мына іс-жоспарды негізгі басшылыққа аламыз. Біздің құбылнамamız осы.

Гүлбике әлгі дәптерді келгендерге ұстатты. Онысы екі беттік оқушы дәптері. Парақтап отырып, талай-талай мазмұнды мағлұматтар аларың сөзсіз. Цифрлар мен таблицалар да кездеседі. Социалистік міндеттемелерінің көшірмесі де осында. Рет-ретімен жұмыс процесіне қарай толтырылған. Сол жолдарды тыңдап көрсек.

«Еңбек» комсомол-жастар-шопандар бригадасының туған жылы 1974 — тің июль айы;

орта мектепті бітіруші бір топ жастардың бастамасымен дүниеге келді;

жастар жетекшісі — Гүлбике Оңғарбаева сонау кездегі «Механизатор мамандығын меңгерейік!» деуші он алты қыздың бірі;

топ комсоргі — Оразгүл Бейсенбаева, сондай-ақ колхоздың маңдай алды тракторшылары Еңбек Қызыл Ту орденді, облыстық Советтің депутаты Тұрсынақша Құсайынова, Зорам Ибдиева, Рахила Аюпова, Анархан Разиева, Чимән Зуламовалар да бригада мүшелері. Гүлжан Оңғарбаева, Бұлбұл Бұрантаева, Бақжамал Ибрагимова, Бақтықыз Қожабаева, Майра Біләлова секілді жастар еңбек қадамдарын шопандық жолдан бастап отыр. Алғашқы нәтижелер мен көрсеткіштер көз қуантады.»

Қыры мен сыры мол екінші тыңда еңбек ету — екінің бірінің қолынан келе қоярлық оп-оңай шаруа емес. Жастарға колхоз басқармасы, бастауыш партия, комсомол ұйымы қол ұшын созды. Бригадаға ұстаз шопан етіп коммунист, тәжірибелі малшы Сәду Турабаевты тағайындап, ақылшы, әрі кеңес-



Жас шопандар (Солдан оңға қарай)
Бағжамал Ибрагимова, Зорам Ибдиева,
Майра Қиялова

ші болуын өтінді. Жастармен бірігіп жұмыс жасауға, еңбек етуге ол қуанбаса, ренжімеген. «Үйренем, білсем деген кейінгі толқынға көрген-түйгенімді айтып, бағыт-бағдар сілтеп, тәжірибемді алдыларына жайып отырмасақ несіне жүрміз. Айтар ақылыңды тыңдар жанның табылғанына қуаныштымын. Үлкен іске ниет білдірген екен, қамқор қанатымызға алу парызымыз ғой. Беттерінен қақпалық. Мен дайын...» Сәкеңнің сөзі колхоз басшыларын да риза етті. Жастардың алдына он мың тоқты салып берді.

— Тоқты деген аты ғана, әйтпесе салмағы небары 17—18 килограмм қозыдай-ақ еді. Жастың аты жас. Қабылдап алған тоқтылардың әрқайсысының салмағын 50 килограмнан етке өткізіп, әр қайсысынан 4 килограмнан жібек жүн қырқуға міндеттенді. «Артық сілтеп жіберді емес пе екен

осылар?» Өз ойымды өзім тежедім. Алғашқы қадамдарына бөгет жасамайын. Меже биік болса жұмыс та өнімді деген тұжырымға тоқтағанмын-ды сонда,— дейді әңгіме арасында ұстаз шопан.

Алғашқы күндер... Ешқайсысы да ұмыта алмайды. Еңбек өмірбаянының алғашқы беттерін ашып, жаза бастаған сол күндер алғашқы айларға ұласты. Күні кеше ғана қолдарына қалам мен кітап ұстап жүрген жастарға шопан өмірінің сан қырлы шаруалары оңайшылықпен басын ие қоймады. Қарбалас жұмыстардың бәрін бірдей игеріп кете алмаған. Бірінен соң бірі таусылмайтын жұмыстар. Кешке жақын жығылады. Шаршаған да, қиналған да. Тек сездірмеуге тырысты. «Үйреніп-ақ кетерміз осы». Олар бірінің көңілін бірі осылайша жұбата-тын. Шыдаған, төзген. Жастық жігері аз уақыттың ішінде үстемдігін көрсетіп шыға келді. Оның үстіне колхоз басқармасы мен партия ұйымы да көмектерін кезінде ұсынып отырды. Не қажеттің бәрін жазады, қамтамасыз етті.

Жас шопандар комплекстегі жұмыстарды толығымен механизм күшімен атқаруға көшті. Кейбір техника тілінен бейхабар жастарға механизм сырын үйреткен де құрбылардың өздері. Мұның өзі біріншіден, еңбекті жеңілдетсе, екіншіден, оның экономикалық тиімділігін бірте-бірте өсірді. Жас шопандардың қыс бойына атқарған еңбектері нәтижелі көрсеткіштерімен қуантқан. Етке өткізілген 6874 тоқтының әрқайсысының орташа салмағы 54 килограмнан айналып, әр тоқтыдан 4,5 килограмнан жібек жүн қырқылды. Сөйтіп, «Еңбек» жас шопандар бригадасының мүшелері колхозға қыруар пайда келтірді. Атап айтқанда, жайылымда бордақыланған әрбір қойға 28 сом 78 тиын шығын жұмсалса, комплексе бордақыланған әрбір қойға бұдан едәуір аз шығын жұмсалды. Әр қой

25 сом 75 тиын пайда әкелді. Жайылымдағы бордақыланған қойдың бір центнер етінің өзіндік құны 85 сом 75 тиын болса, комплексте бордақыланған қойдың бір центнер етінің өзіндік құны 74 сом 80 тиын болып отыр. Алғашқы қадам... алғашқы нәтиже... Ал бүгінгі биік көрсеткіштер ертеңге меже ғана. Ендеше рекордты биіктер — алда.

Тұңғыш сыннан мүдірмей өткен «еңбектіктер» тоғызыншы бесжылдықтың соңғы жылында 20 000 қойды қабылдап, күтіп баптады. Комплекс көлемі біршама кеңейтіліп, қора саны отызға жеткізілді. Қорытындылаушы жыл міндеттемесін артығымен асыра орындап шыққан жастар бригадасы КПСС XXV съезі құрметіндегі вахтаға тұрды. Ленин комсомолының партияның XXV съезіне беретін рапортына қол қою правосына ие болу жолындағы жарысқа белсенділікпен қатысып кетті.

«Еңбек» бригадасындағы цехтық комсомол ұйымының есебінде он бір комсомол мүшесі тұрады. Жастар арасындағы оқу, үгіт-насихат және тәрбие жұмыстары жоғары дәрежеде жүргізілуде. Алғашқы жылдары бригададағы комсомолецтер «Экономикалық білімнің негіздерін» оқып, үйренді. Саяси сабақты жоғары білімді коммунист, колхоздың бас зоотехнигі Мұхаметқали Ордабаев жүргізді. Сонымен, жас шопандар аз шығын жұмсап, көп пайда түсірудің сырларын үйренді.

Бригададағы жастар арасында түрлі тақырыптарда диспуттар, кітап оқушылар конференциясы, сырласу кештері жиі өткізіліп тұрады. Бұл кештердің біразына тракторшы-қыздар бригадасының мүшелері арнайы шақырлады. Сондай-ақ жастар өздері концерт дайындап, оны ауыл еңбеккерлеріне көрсетіп тұруды игі дәстүрге айналдырып отыр. Әнші де, бише де, музыкант та қыздардың өздері. Шетінен «сегіз қырлы,

бір сырлы». Еңбек сахнасында, өнер сахнасында да үздік көрінгендер. Анардың домбыраның қос ішегіне тіл бітіруі, Оразгүл мен Бақтықыздың сызылтып салған әсем әні, Иминаның мың бұралып билеген биі тыңдаушылары мен көрермендерін еріксіз баурап алады. Жеңістің 30 жылдығына орай «Жаркенттен — Берлинге дейін» атты кітап бойынша өткен кітап оқушылары конференциясының әсері күні бүгінге ұмытылмастай жаңғырығуда. Панфиловтық Совет Одағының Батырлары — Х. Қөбіков, Н. С. Иванов, А. П. Пащенко, И. В. Каратаев, П. В. Хмылевтардың от кешкен өмірлері мен от оранған сол бір жылдар жайында өрбіген өзекті әңгіме кешінде Ұлы Отан соғысына қатысқан колхоз ардагерлері де тебірене сыр толғаған. Қырық бірінші жылы қан майданға туған ауылдарынан бірге аттанған Байдаулет Қожыманбетов, Илахун Юсупов, Жизан Разиев сұрапыл жолдардан өтіп, Берлинге дейін барды. Жеңіс туын желбіретті. Туған елге оралған олар еңбек майданына араласып кеткен еді. Содан бері еңбек көшінің алдыңғы сапында келе жатқан ағалардың кейінгі жастарға айтар өмір естеліктері де таусылмайды.

Цехтық комсомол ұйымының әр бас қосуы толғақты мәселелерге арналады. «Жарыс-табыс кілті», «Ұйымдастыра білген ұтады» деген мәселелер төңірегінде өткен комсомол жиналыстарының маңызы зор. Мұндай жайлардың күн тәртібіне дер кезінде енгізілуі жастарды еңбекке ұйымдастыруда үлкен роль атқарды. Ерекше ықпалын тигізді.

Еліміздің комсомол ұйымдарында ең жауапты науқан-комсомол документтерін ауыстырудың басталғанына да біраз уақыт болды.

КПСС XXIV съезі мен ВЛКСМ XVII съезінің тарихи шешімдерін орындауда игілікті жұмыстар жүргізіп келе жатқан комсомол ұйымдарының

өміріне жаңа леп, соны серпіліс тудырған да осы жауапты науқан болса керек.

Бүгінгі таңда еліміздің 400 мыңға жуық жас жігіттері мен қыздары, 12 мың комсомол жастар коллективтері өздерінің бесжылдық жоспарларын орындап шығып, келер жылдың есебіне еңбек етуде. Бесжылдық вахтасында тұрған тандаулылардың ендігі жердегі мақсаты ҚПСС XXV съезі шешімдерін жауынгерлікпен жүзеге асыру. Жарыс туын алаулата түскен жастық сыйы қашан да мол болмақ.

В. И. Ленин бейнесі бар жаңа комсомол билетін алғанда үлкен тебіреніс пен толғанысқа бөлейтін сәттің жауапкершілігін анық сезесің. Алау жүректер дүрсілін де естіп білгендейсің, «Сен бізді ерлікке шақырасың, комсомол билеті!» Документ ауыстыру қарсаңында комсомол ұйымдарында өткізіліп жүрген Лениндік сабақ осылай аталады. Қашаннан комсомолдың ерлік тарихынан үлгі алар қыз-жігіттердің қазіргі кездегі белсенділігі мен құлшынысының сыры да баршаға аян.

Көзге көрініп тұрар игі істер комсомол ұйымдарының маңызды науқанды қалай жүргізіп отырғанын айтып береді. Онан да бұрын қай-қайсымызды болсын мазалайтыны — документ ауыстыру және комсомол мүшесіне қандай әсер әкелгені, еңбек ететін ортасына тигізген ықпалы, өзі есепте тұратын ұйыммен қарым-қатынасы. Колхоз комсомол ұйымының секретары Қаһарман Илахунов осы төңіректе сыр шерткен.

— Документ ауыстыру — жауапкершілігі мен талабы зор науқан ғой. Алғашқы күннен бастап комсомол ұйымдары күрделі де негізгі шараларды белгілеп, басты бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіп келеді. Әсіресе комсомол документтерін ауыстыру ұйым жауынгерлігі мен ықпалдылығын

арттыруға өзіндік әсер етуде. Комсомолецтердің белсенділігіне де үлкен ұйтқы болып отырғаны даусыз. Бұл науқан ұйымның ішкі жұмыстарына да жаңа мүмкіндіктер ашуда.


ВЛКСМ XVII съезі міндеттеген үлкен сынды біздің колхоз жастары ұйымшылдықпен қарсы алғанын айтқанымыз жөн. Әрине, комсомол документтерін ауыстыру, ұйымның әйтпесе жеке комсомол мүшесінің іс-қағаздарын реттеумен ғана шектеліп қоймаса керек. Себепсіз есепке тұрмай, не болмаса есептен шықпай кеткендерді іздестірумен отырып қалмайтыны да белгілі. Ең бастысы көсем бейнесі бар жаңа үлгідегі комсомол билетін алған әр ВЛКСМ мүшесінің бойынан жасқа тән бір жарқын қасиеттер ұшқынын көруіміз тиіс. Барлық уақытта да Ленин комсомолы деген жоғары атаққа лайық үздіксіз еңбек пен тынымсыз ізденістің иесі екенін өзі еңбек ететін коллективіне жан-жақты қырларымен көрсете білуі абзал. Сондай-ақ жастардың қоғамдық белсенділігін көтеруге бірден-бір себебін тигізіп отырған да осынау науқан.

Бүгінде шаруашылықта 400-ден астам ВЛКСМ мүшесі еселі еңбек етуде. Олардың баршасы да тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылын табысты аяқтау мақсатына ерекше жұмылған. ВЛКСМ мүшелерінің барлығы дерлік жаңа билетті қолдарына алды. Олардың ішінде ондаған жас жігіт пен қыз Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының мүшесі деген құрметті атаққа тұңғыш рет ие болды. Шаруашылықтың әр саласында еңбек ететін жастардың жастық мандаты өз коллективтері арасына жаңа жігер, тың серпін ала келген. Үлкен толғаныс үстінде комсомол билетін қолына алып, қыздар мен жігіттер көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Өйткені жауапкершілік жүгі қашан да жаңа биіктерге бастайды емес пе. Колхоз бойын-

ша жаңа билетті тұңғыш алғандар сапында «Еңбек» жас шопандар бригадасының мүшесі, бесжылдық озаттары Оразгүл Бисенбаева, Майра Қиялова, Бұлбұл Боранбаева, Гүлжан Оңғарбаева, Бақтықыз Қожабаевалар бар. Бригада мүшелерінің ішінде өздеріне бекітіліп берілген тапсырмаларды тиянақты да тыңғылықты орындау тамаша дәстүрге айналған. Сондықтан да болар кімде-кім оларды үнемі міндеттеме биігінен көреді.


Жаңа билет иесі О. Бисенбаеваның лебізін тыңдасақ: шопан үшін әр күн үлкен сын. Мен бригадада топ комсоргімін. Біздің комсомолецтердің барлығы да өздеріне берілген жеке тапсырмалар мен қоғамдық жұмыстарды тиянақты орындауға күш салады. Бесжылдықтың қорытындылаушы жылын қол жеткен үздік табыстармен аяқтауға сеніміміз зор. Өйткені біздің замандастарымыз үлгілі де өнегелі еңбегімен ажарлы көрінеді емес пе. Әрі біздер жаңа үлгідегі комсомол билеттерін алғаш иеленушілерміз ғой. Бәрінен де жаңа комсомол билетін әйгілі еңбек ардагерлерінің қолынан алудың өзі — үлкен қуаныш. Комсомол билетін алған күнгі әсер әр уақытта жүректерде жаңғырыға береді.

Комплексте жас шопандар үшін барлық жағдай жасалған. Жатақхана, кітапхана, клуб, асхана жеке-жеке бөлмелерге орналастырылған, кең де жарық. Қайсысына да кірсе шыққысыз. Күнделікті газет-журналдар тігінділері, теледидар, музыкалық аспаптар, шахмат, дойбы... бәрі-бәрі жастардың мәдениетті тынығуына арналған. Комплекстегі атқарылып жатқан игі істердің жаршысы — «Еңбек» атты қабырға газеті. Шопан жастар өмірінің айнасына айналған газеттің әр санында комплекстегі жаңалықтарға, жаңа табыстар мен көрсеткіштерге, озаттар мен өнерпаздардың жарқын ісін



Колхоздың қой бордақылау

көрсетуге, бригададағы елеулі-елеулі оқиғаларға көбірек орын беріледі. Сонымен бірге бригада мүшелері еңбекті ұйымдастыру жөніндегі ойларын, пікірлерін, ұсыныстары мен іс-тәжірибелерін ортаға салады. Шопан жастар бригадасы механикаландырылған бригада десе де болғандай. Төрт «Беларусь» тракторы, төрт тіркеме, екі шөп ұнтақтайтын қондырғы, электр станциясы, басқа да ұсақ-түйек механизмдер толып жатыр. Оларды басқаратын да көбіне қыздар. Сондықтан олар



комплексінің жалпы көрінісі.

бекітіліп берілген техниканың қай түрін болмасын ұқыпты да тиімді пайдалануды мақсат еткен. Техниканың бұзылып қалмауын, жүйелі жұмыс істеуін үздіксіз қадағалап отырады. Қоғамдық меншікке деген қоғамдық көзқарас осындай-дан туындаса керек.

Міне, комплекс. Аумағы ат шаптырым жерді алып жатқан іркес-тіркес қоралар. Іргелесе қонған кіші-гірім ауыл дерсің. Олардың саны отызға тартады. Екі жағы ашық, төбесі жабық ұзын-ұзын

стандартты қоралардың орналасуында да мән бар. Араларынан трактор жүріп өткен кезде екі жағындағы науаларға ұнтақталған шөп пен жем белгілі мөлшерде түсіп отыруы тиіс. Бір мезет қойларға тұз да осы қарапайым әдіспен беріледі. Тоқтылар мен қозылар жеке-жеке бөлінген. Қоңы төмендері іріктеліп, айырықша күтіп-баптауға қойылған. Әлсін-әлсін жемшөп шашып, тіркемелі тракторлар жүр. Тр-тр... қойлар жапатармағай науаға бас қояды.

— Бір уақыттары өрісте сонадайдан гүріл естілсе-ақ тым-тырақай бытырай қашатын отар емес біздің қойлар. Тракторды тесіле күтіп тұрғандары,— деп әзілдеген Гүлбике.

— Әр қойға күніне 4 килограмм құнарлы шөп, 500 грамм жем береміз. Ал қозыларға 3 килограмм шөп, 400 грамм жем жеткілікті. Сонда тәуліктік салмақ қосуы 130—140 грамм болуы керек.

... Көлеңке басы ұзарып, күн ұясына құлап барады. Бүйірлері шыққан қойлар бырт-бырт күйіс қайырады. Шопан қыздар кешкі тамаққа жиналды. Аздан кейін аспанда да, жерде де жымың-жымың жұлдыздар ойнайды. Тағы бір еңбек күні аяқталғанымен шопандар бригадасы үшін үзіліс жоқ. Енді — түнгі күзет, сағат он екіге дейін екеу, одан бозала таңға дейін екеу қора басында еңбек күнін жалғайды. Түні бойы көз ілмейтін құрбылар ақ таңға дейін жұлдыздардың билеп шыққанын тамашалар еді.



**КОМБАЙНШЫНЫ МАЗАЛАҒАН
ОЙ
ДАЛА ҚОСЫНДА ӨТКЕН КАНИ-
КУЛ
„ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ“**

Жаз бойына қарбалас жұмыстар соңында жүріп, ауыл жастары бірін-бірі оқта-текте ғана көреді. Қазір де шүйіркелесіп жатыр. Мәз-майрам. Кеш түсе ауыл аспанын самаладай жұлдыз-шамдар жарқыратып жіберген. Топ-топ жастар легі колхоз орталығындағы Мәдениет үйіне ағылып келіп жатыр. Жиналыс басталуға әлі жарты сағат бар. Күн ұясына қона алғашқы күз тамшылары сіркіреп өткен. Шоқ-шоқ топтың әңгімелері де жұмыс жайында. Әрқайсысы өз кәсіптері мен мамандықтарынан сыр толғайды.

Желел бәрін көңіл көзімен байқап отыр. Есеп беру-сайлау жиналысы болады екен дегенді естігеннен бері шыдамсызданған. Жиналыс өтетін күнге асықты. Кеше кешке белгіленген жиналыс электр жарығының болмағанынан келер күнге қалдырылған еді. Кешкісін қатты жел тұрып, электр жарығы бірер сағат кешігіп жанды. Осыны сылтау етті ме, біраз жастар жиналысқа келмеген. Төрт жүзге жуық комсомолецтердің небары жетпіс-сексендейі кең сарайдың әр жерінде шоқиып отырғанды. Сонда ол мазасызданып жеткен үйге. Еңбектес, қатар жүрген замандас бойынан байқалып қалған оғаш мінезге қатты налыды. «Енді екі-үш күннен кейін

жаппай жүгеріге шығатын да осы жастар — қыздар мен жігіттер. Ал олар бар істе осындай жауапсыздық танытса не болғаны. Жоқ, мүмкін емес. Бәрі де науқанбастылықтан болып отыр».

Әметов Желел аудандағы алдыңғы қатарлы комбайншылардың бірі. Ол өткен жылғы социалистік жарыстың жеңімпазы. Бес жылдықтың айқындаушы жылының орағында дара көрінді. Отыз бес күннің ішінде 170 гектар егісті дестеге түсірді. Озат комбайншының сондағы еңбегін цифр тілімен былайша сөйлетер едік. 1200 центнер! Бұл жас жігіттің тоғызыншы бесжылдықтың айқындаушы жылында бастырған астығы. Ол «Бесжылдықтың жас гвардияшысы» атанды.

...Қолхоз комсомолецтерінің есеп беру-сайлау жиналысы көңілінен шыққан. Қыздар трактор — егіс бригадасы цехтық комсомол ұйымының секретары Сұлтан Нұрпейісова мен комсомол-жастар шопандар бригадасының комсоргі Оразгүл Бейсембаеваның сөйлеген сөздері толқытқанды. Екеуінің сөзін де салмақтап, екшеп ой елегінен сүзуде. Жүрек тереңінен шыққан әділ де орынды пікір. Салауатты да салиқалы сөз. Орынды талап. Қос құрбы жиналыс мінбесінен еңбек ететін ортаның бірі — диқан-механизатордың, екіншісі — шопан-оператордың өмірін бақайшағына дейін шаға әңгімелеген. Тасқынды табыс сырының көзін іздестірудегі жастардың бүгінгі таңдағы еңбегіне топшылаулар жасап сыр шерткен. Ондағылары өздері тізгіндеген патриоттық бастамалардың күрделілігін, мазмұндылығын аша түсу. Өркен жайған өрелі істің болашағын болжау, сол арқылы басқаларға ғибрат айту еді. Көпшіліктің ұйып тыңдағанына, дуылдата қол шапалақтауына қарағанда шегініс болмаған. Қайта бұлардың бәрі жұп жазбастан ілгерілеп келе жатқан сияқты.

Әлденеше оқталып өзін-өзі зорға ұстады. Айтпағы — әлгінде мінбеге көтерілген замандас-құрбыларының пікірлері мен ұсыныстары өте орынды. Құптарлық та, мақұлдарлық мақсатты ой.

Артынша зерделегені: «қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Не керек, не қажет? Бәрін де бүгінгі жастар керегінше қабылдап пайдаланады емеспе. Билік те, ерік те өз қолдарында ғой. Қыстырылғаным ретсіз болар».

Бәрінен бұрын Желелдің ауданның жүгері жинауға қатысатын барлық комбайншыларын орақты өте ұқыпты да сапалы өткізуге шақырғысы келетінін білдіру еді. Бұ жолы да өзін-өзі тежеген. Күні ертең-ақ өздері естір. Жақсылық тектен-тек жатпас...

Озат комбайншы сертінде тұра білді. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылының орағында ол алдына жан салмады. Жарыстың ең алдынан көрінді.

... Бағдатты үй-іші болып күткеніне де екі-үш тәулік. Әсіресе, Алма мен Толқынның автостанция алдын торуылдағандарына біраз болған. Лық толы автобус тоқтар-тоқтамастан есігіне жармасады жарысып. Жолаушылар түсіп жатыр, түсіп жатыр. Мұнда да болмады. Бауырлар кешкі автобусты күтеді. Тағы да жоқ. «Таңертеңгі автобуспен келетін шығар». Бастары салбырап үйлеріне қайтқан екеуі есіктен жарыса сөйлеп кіретін.

— Бағдат көкем бүгін де келмеді...

Бақтықыз да комплекстен кешелі-берлі түнделетіп үйге келетінді шығарды. Ондағысы әпкесінің келуін күткені еді. Оның үстіне компекстегі қыздар да «Қаникулға екі-үш күнде барып қалармын. Енді соңғы емтихан ғана қалды», — деп жазған хатын алғаннан бері тақақтап қоймаған.

— Келіп қалар, барсаңшы.

- Үйде жатқанда не істейді?
- Біздің де өмірімізді көрсін?
- Нағыз демалыс осында емеспе.
- Жетектесең де алып кел.
- Қой баққанды үйретейік өзіне.

Жұмахан шешесі мен Бекзат әкесі отырған орындарынан атып-атып түрегелді. «Бағдат көкем келді» деген дауыстың қайдан шыққанын да аңғармай қалған. Інілері мен сіңлілерінің ортасында күлімдеп келе жатқан тұла бойғы тұңғыштарының алдынан жүгіріп шыққан. Ана мен әке мейірлерін төгіп жатыр. Алма-кезек қыздарының беттерінен сүйіп жатыр.

- Кешіктің ғой.
- Түскен бетің осы ма?
- Емтихандарыңды қалай тапсырдың? Сабак жақсы ма?
- Қай жерде кездесіп жүр мыналар, а?..

Әншейінде жандарында жүргендіктен байқамайды екен, оқудағы Бағдатының әр каникулын әкешешесі сағына күтетін. Тақаған сайын күн санап отырғаны үй-іші болып.

Екі-үш күн әке-шешесінің қасында мауқын басқан Бағдат комплекстегі қыздармен бірге жұмыс істесем деген ниетін білдірді.

— Каникулым ай жарым уақыт қой. Үйде бос отырғаннан зерігіп кетермін. Одан да Бақтықыздардың бригадасына барып бір ай болса да еңбек етсем қайтеді?— деді ол. Әлгі тракторшы қыздардың біразы сонда екен.

... Бағдат бір аптаның ішінде-ақ комплекстегі жұмыстарды бүге-шігесіне дейін меңгеріп алды. Сырттан еститін шопандар бригадасының қым-қуыт өмірі оны жалықтырмаған, қайта бір күннен бір күн қызықтыра берді. Әлде, сонау бір кездері қол ұстасып шыққан Гүлбике, Тұрсынақша, Зорам,

Анархандармен осында қайта табысқанына қуанышты ма?! Құрбылар түннің бір уағына дейін отырады. Әрқайсысы-ақ көңіл сандығын ашып тастап, сыр пернесін шертер еді шетінен. Өткен күндер іздері әр жүректерде жаңғырып қоя береді. Сырға толы сезім сәттері құрбылар көңіліне нұрлы шуақ болып құйылады. Қыздар сықылықтап күміс күлкіні ағытады. Қосылып әсем әуезді әуелетер еді. Сондағы шарқ ұрып іздейтіндері аққу әні. Аққу — қыздар салған ән ырғағымен жұлдыздар таңғатынымсыз билеп шығады. Дала қосында өткен каникул күндерінің лезде зулап өткенін сезбей де қалыпты-ау. Ертең тағы да жол күтулі. Жүректер қимайтын секілді. Бағдат жүрегі де тыншымай лүпілдейді. Жанарына жетіп келген жалғыз моншақ үзіліп түскен. Сағыныш пен сезім моншағы еді. Жанарындағы әлгі тамшыны байқатқысы келмесе де құрбылар жаны бірден сезді. Бәрі келіп, оның қарақат көзіне тесілген сол сәт.

«Сен осындай әлсіз бе едің, Бағдат?!» Құрбылар осылай ой орманын аралаған.

Бағдат мөлдіреген күйі үн-түнсіз ұзақ тұрды. Жүрегі лүп-лүп сөйлеп тұр.

«Қоштасқым келмейді менің...»

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ
ҚОС ҚҰРБЫ
ЖАСТАР ЖҮРГЕН ЖЕРДЕ ІЗ
ҚАЛАДЫ



Есік сықырлап ашылған тәрізді. Ұйқылы-ояу басын көтерген ол төрдегі Тұрсынақшаның төсегіне қарады да «жатқан бойы екен ғой» деген іштей. Енді ғана қара көлеңке аралай бастаған бөлменің таңғы тыныштығын екінші жағына аунаса болғаны бейберекетін шығаратындай сезінді. Үн-түнсіз шалқасынан ұзақ жатты. Тәтті ұйқы құшағындағы құрбыларының оянып кетпеуін ойлаған. «Оның үстіне Тұрсынақша мен Гүлжанның түнгі күзеттен келіп жығылғаны да әлгінде». Үйреніп-ақ кетті дегенмен ұйқының аты — ұйқы. Бірер сағат болсын көз шырымын алған жөн. Әйтпесе, күн ұзаққа мен-зең жүргенің...»

Көзінің қайта ілініп кеткенін білмей қалған Гүлбике орнынан ұшып тұрды. Түн түңлігі түріліп, бөлме ішін бозала таңның жарығы билей бастапты. Көлеңке біткенді бұрыш-бұрышқа қуып тыққан. Таң хабаршысы бозторғайлар да үйреншікті әуендеріне салады. Үздіксіз шырылдайды, шиқылдайды. Бұтақтан-бұтаққа бұлт-бұлт секірген торғайлар. Ашық есіктің саңылауынан бөлмеге де кіріп кететіні бар. Қазір де жалғыз торғай үй ішінде сайрандап жүр. Әлде қыздардың тиіспейтініне әбден үйірсек болып кеткендіктен бе екен. Майра да тұрып кетіпті. Бүгінгі аспаз ғой. Ертеңгілік тамақтың

қамын жарым-жартылай түнде реттеп қойған. Сөйтсе дағы ерте ояныпты өзі.

— Майра-ау, тым құсұйқы болып кеткенсің бе? Гүлбике ас үйдің есігінен сығалады.

— Кезегім келген күні жата алмаймын, осы,— деп Майра шынын айтып жатыр.— Түсте шөлдегенде салқын тұрсын деп, компот қайнатып қойдым.

— Дұрыс болған екен бұның.

Гүлбике жүре сөйлеген беті комплексті, қоражайларды бір-бір барлап келетінін ескертті.

Алғашында ол өзінің қылығы өзіне оғаш көрінетіндей қатты ыңғайсызданып жүрді. Қатар құрбылары алдында «білгіш те, пысық та» аталғысы келуден бойын аулақ ұстаған.

— Қоғам малы баршамызға ортақ. Ендеше бәріміз бірдей тең жүріп тұралық. Мені бригадир деп дараламандар.

Оның мына пікіріне ұстаз жетекшісінен бастап, бригада мүшелері шетінен қосылмайтындарын айтқан еді сонда.

— Гүлбике, сенің мына қылығың мүлдем дұрыс емес. Бригада деген атымыз бар. Ал сол коллективтің жетекшісі өзіңсің. Әуел баста бригадирлікке қолқалағанда сені ақылшы, кеңесші сосын мына біздерге бас-көз болады деген едік. Несіне қысыласың, тізгінді қолыңа ал. Бригаданың ыстығы мен суығы, қиыншылығы мен қуанышы да саған байланысты. Көш бастағанның еш әбестігі жоқ. Түсіне білсек, біздер жас емеспіз, Гүлбике.

Құрбы қыздар ойлары еріксіз толғантқан.

— Қарағым, достар сөздерінің қайсысы болмасын жаны бар — ау. Ендігі жерде біріңе-бірің ақыл айтып, бағдар сілтеп отыратын осы өздерің емес пе. «Бригадиріміз» деудің өзі үлкен сенімнен туған. Байқаймын, ұялғандық болар ыңғайсыздана беретің сияқтысың. Бұл жараспайды. Өйткені сен

қоғамның қыруар малы жауапкершілікпен тапсырылып отырған жастар бригадасының жетекшісінің.

Ұстаз-жетекші Сәду Тұрабаевтың сөзі де ойға шомдырған.

Содан бері де жылжып күндер біріне-бірі ұласып жатты. Жас шопандар бригадасының өміріне осынау күндер жаңалықтар мен қуаныштарды молынан сыйлады. Жаз бойына «Мойынқұм» жайлауында отырған өрім өрендер арық-тұрақ тоқтылардың тез арада домаланып шыға келгеніне қуануда. Жетекші ұстаздарынан әлсін-әлсін сұрайтыны — қойдың жайы. Қабылдаған меже биігінен көріне аламыз ба, жоқ па? Бар көңілдерді дегбірсіз күйге түсіріп, көлденеңдей берген де осынау сауал. Өмірден терген тәжірибесі мол Сәду ежелгі әдетінше үндемеді. Лапылдап тұрған жастарды лепірмеліктен сақтандыруды күні ілгеріден зерделеген. Болмашыға масаттанып, кеудені ұрғыштайтын мінездің өзі көбінде жастардан көрініп қалады. Бұл жайларды ол жиі ұшырастырып та жүр. Сондықтан да болар соңынан ерген кейінгі ағыстарға бар айтқаны:

— Еңбек жемісі қашан да биіктерге құлаш ұрғызады. Ал заңғарларға самғау оңай емес. Бұралаңы көп өмір жолының қиын-қыстау сәттерін еңбекке араласқан күннен бастап білер еді кімдекім. Еңбек тезінен сомдалып шыңдалмайынша дала сахнасында еркін қанат қағып кету қиын. Адам баласын шындайтын да, сомдайтын да — еңбек. «Еңбек» атты жалғыз ауыз сөздің аясы кең. Қолына кетпен алып, я болмаса трактор руліне отырғанның бәрін бірдей әлгі сөздің шеңберіне енгізе бермеу керек. Не істеп, не тындырғаныңа көз жүгіртіп отырғаның абзал. Қоғамға, коллективіне қосар еңбегің қаншалықты. Ең бастысы — өзіндік еңбек үлесінді сезе білуің тиіс. Сендердің бойларыңнан

жарқырап байқалатыны да осы қасиет. Көрмейді емеспіз, бәрін де біліп жүрміз. Қадамдарың қуантады. Сынның үлкені әлі алда. Олай дейтінім мынау алдыларыңдағы қабылдап алған тоқтыны мемлекетке аман-есен жоғары көрсеткішпен өткізгенде барып сын қорытындысына үңілесіңдер. Әзірше қойдың қоңы жаман көрінбейді. Не болсын аялауды, күтімді қалайды ғой. Күтіп-баптауды төмендетпендер әйтеуір. Сосынғы үлкен ретінде ескертінім — «бірдеңе бітіріп тастадық, жоғары нәтижеге ие болдық» деп айқайлаудан алшақ жүріңдер. Тасқындайтын да, мақтанатын да кездер күтулі. Өмірдің ұзақ жолы сол сәттерге асықтырады. Сендердің де еңбек өмірбаяндарың енді ғана парақталды емес пе.

...Гүлбикені де ширатқан осы тақилеттес сөздер болатын. Бір кездері трактор рулінде екі-үш жылдың бедерінде не ғып естімеген. Қайда жұмсаса да сонда жүре беретін. Жүктеген тапсырмалардың қай-қайсысын болсын тиянақты да тыңғылықты орындау негізгі мақсаты. Оза шауып, оқшау көрінбесе де, оның есімі мақтаулылар сапында аталатын әркез.

Аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің мақтау грамоталарымен де әлденеше наградталған. Үздік еңбегінің нәтижесінде құрбыларымен қол ұстасып Отанымыздың астанасы Москваға да барды. Сол мезеттердің өзінде де көп көңіл аудара бермеген жайларды енді бастан өткізді. Жеке ғана өз жағдайының ығымен жүретін уақыттардан мүлдем өзгеше. Ендігі жерде ойлайтының — бүкіл бригада қамы, мазасыз күйге бөлейтіні — коллективтің бүгіні мен болашағы.

Сондықтан да Гүлбике жас шопандар бригадасына жетекшілікке бекітілген күннен бастап, колхоз басшылары мен тәжірибелі еңбек ардагерлерінің

сөздерін көп еститін болды. Бәрінікі жас талапқа жол сілтеу бағытындағы ақыл-кеңес еді. Әкесі Нұрбай мен шешесі Замиханның да құлағына құяр әңгімелері де жеткілікті. Олардың ойлайтыны қыздарының жауапты жұмыстарда абыроймен беделге орануы. Тұңғыштарының жемісті еңбегінің жемісін көріп отыруды, сөйтіп бойларын биік ұстап жүруді күні-түні тілер еді әке мен шеше. Әрине, олар үшін бұдан басқаның керегі жоқ. Даңққа бөлейтін де есімінді әйгілейтін де еңбек абыройы. Осы еңбек абыройына екiнiң бiрi не бола бермейдi-ау. Мамандығының қыры мен сырын жетiк меңгерген, кәсiбiн жан-тәнiмен сүйген адам ғана еңбек ететiн ортасының құрметтiсi әрi мақтанышы.

Комплекстi аралап жүрген кезде үзiлiп-үзiлiп қалған әңгiме арасында Гүлбикеден үй iшi, семья жағдайын сұраймын. Тұрмыс тiршiлiгiнiң тынысын сезудi негiзгi нысана еттiм. Ата-анасының, бауырларының еңбекке араласқан Гүлбикеге деген көз-қарасын бағдарлау басты мақсат-ты. Қысқа-қысқа диалогтар көп жайларды аңғартады. Замихан шешейге жолығып, бiрер ауыз сөз тындағанды жөн көрдiк. Батыр ана қарапайым әңгiмесiн тартымды жеткiзуге тырысады. Салмақты да салиқалы сөз жүйе-жүйесiн тауып жатыр.

— Мен он бiр бала тәрбиелеп өсiрiп отырмын. Өмiрiм де қызығым да осы боталарым. Балалы үй — базар. Шындығында өз думанымыз, өз шаттығымыз мол. Гүлбике — төл басы. Осындағы орта мектептi бiтiрiсiмен механизатор мамандығын меңгерушiлер қатарына қосылды. Кейiннен трактор рулiне отырды. Әкесi Нұрбай болып үйiмiзбен қуандық. Келе-келе дүркiретiп бастама көтердi қыздар. Бастама өрiсi бүгiнде республикамызға тарап отырғаны белгiлi. Анау Бағдаттары Ленин комсомолының лауреаты атанды. Депутат болып, орден

қадағандары қаншама. Гүлбикенің омырауында да «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі жарқырайды. КПСС мүшелігіне өтті. Екі-үш жылдан бері колхозымызда тұңғыш ұйымдастырылған жас шопандар бригадасын басқарып жүр. Ақ адал еңбек ет деуден басқа қосар ақылымыз жоқ. Гүлжаным да осы бригаданың мүшесі. Бүгінгі заманда шопан болғанның ешқандай да әбестігі болмаса керек. Мал шаруашылығын жастардың қолдарына алуы қуанарлық. Балаларымның әкесі кейінгі жылдарға дейін қой соңында жүрген екен. Абыройсыз емес. Ауыл болып құрметтейді, сыйлайды. Жеткіншектерімнің алды еңбек етіп жүрсе, кейінгілері мектепке барады. Баяхметім Талдықорған қаласындағы кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, туған ауылының игілігі үшін еңбек етуде. Егіздерім — Қасен мен Құсайын Отан алдындағы абыройлы міндетін өтеп жүр. Бақтынұр мен Бақтыгүл екінші класта оқиды. Жауынгер балаларым қызмет ететін әскери бөлімше командирлерінен алғыс хат алсам да, қос құлынымның қатар отырып сабаққа әзірленгенін көрсем де бір жасап қаламын осы. Қуанғаннан көзіме жас алып қоятын кездер де кездеседі. Біздердің борышымыз — осы кішкентайлардың адам болып өсуі үшін күш-жігерімізді, ақыл-кеңесімізді, аналық мейірімімізді молынан төгу.

Аспанның алыс төрінде ақ шарбы бұлттар қалқиды. Ақша бұлттар аналардың ақ жаулығындай елестейді. Ақша бұлттар аналардың ақ көңіліндей ерекше әсерге бөлейді. Бауыр еті — балаларына ақ тілек тілейтін де, ақ жол қалайтын да Замихан секілді аналар ғой.

Күн қайнап тұр. Ана мейіріміндей шуақты. Күн елжірейді. Асығыс жолға жиналған біздерді Гүлбикенің шешесі қол бұлғап шығарып салды. Көз алдымда он бір бала тәрбиелеп өсіріп, солардың

болашаққа басқан әр қадамын қадағалаумен тәулікті тәулікке жалғаған ана бейнесі. Ана бейнесі бірде жапырағын кеңге жайған алып бәйтеректі көз алдына көлбеңдетер еді...

...Зіркілдеген мотор үні құлақ тұндырады. Әлгінде шабындықтан әкелінген көк балауса арнаулы ұнтақтағыш қондырғы лентасымен сырғыған бойы екінші шүмектен трактор тіркемесіне үздіксіз құйылып жатыр.

— Нағыз шөп ұны осы,— деді Гүлбике таңырқап тұрған біздерге.

— Қойлар сүйсініп жейтін шығар.

— Жегенде қандай, мына бір тіркемені келесісі келгенше ойсыратып-ақ тастайды.

Бағанадан қондырғының тетіктерін бірінен соң бірін шұқылап жүрген Тұрсынақша сөзге араласқан. Ол қолындағы айыр мен төбе болып үйілген ұнтақталған шөпті жаймалады да, тракторын от алдырды. Қондырғы астына екінші трактор жылжыды.

Арнаулы науаларды шөп ұнымен толтырғаннан кейін Тұрсынақша тракторын жолдың шетіне шығарып сөндірді.

— Қанша рейс жасадың?

Маңдайына түскен орамалын түзеп қойған ол тіс жармастан біраз отырды. Ойына әлдене түскендей. Сәлден соң барып:

— Төрт рет,— деді.— Шөп жеткізушілер үлгермей жүр. Әлде шабындық қашықтап кеткен бе. Сөйтсе дағы көк балаусаға не жеткен. Бастарын көтермейді-ау қойлар да.

— Тұрсынақшалардың ақ таңнан қара кешке дейінгі тіршіліктері осы. Қойға шөп береді, жем береді. Қора тазалайды. Бәр-бәрі механизм күшімен, техниканың көмегімен тындырылып жатады.

Түнгі күзеттен де қалар емес. «Шаршап жүрсін ғой» дегенімізге ренжіп қалатыны да бар. Кешкі тамақтан соң жиналып, комплекске беттеп бара жатқанда тоқтатпайтын болдық бүгінде.

Жастар жетекшісі әңгіме тиегін ағытып отыр. Тұрсынақшада үн жоқ. Мен оған қараймын. Езуіне күлкі үйірілген қарындас назды үнмен құрбысының сөзін бөлген.

— Мен туралы Гүлбикеден әбден хабардар болған шығарсыз. Айрықша даралайтындай оқиғаға кезіккенім жоқ. Бәріміздің өмірбаянымыз ұқсас. Парталастар жұп жазбастан қайнаған еңбекке араласып кеттік. Жеке-жеке өмірбаяндық анкетамызды толтырған болсақ, біздердің мектеп бітірген, еңбекке келген уақыттарымызға дейін айна-қатесіз бір ғана сөздермен жазылар еді. Алғашында трактор бригадасында еңбек етсек, енді міне қазақстандық елу миллион үшін Бүкіл халықтық қозғалысқа қосылып кеттік.

Екінші тың — жауапты сын. Қанша дегенмен де мына біздерге — Гүлбике, Зорам, Рахила секілді үш-төрт жыл болсын өмір соқпақтарынан өткендігіміз көп көмектесуде. Аракідік ұшырасқан қиыншылықтарды жеңуге тәжірибеміз жетеді-ау. Ал мектеп табалдырығынан тіке еңбек сынына түскен Бұлбұл, Бақтықыз, Гүлжан, Майраларға қол ұшын созуымыз қажет. Жұмыс процесі де өте күрделі. Қойды комплексті түрде күтіп-баптау, бүгінгі күн талабынан туған өміршең үлкен іс. Осындай игілікті бастамалар төрінде жастардың жүруі заңды. Олар тас шайнап, мұз бүркеді.

Сырт көзге томаға-тұйық көрінетін кей жандардың шешіліп сөйлегенін көрсең шіркін. Ал қалың ортада өз ойын ақтарып салып, ағынан жарыла сыр толғағанына таң қаласың. Тұрсынақшаның да көптен шешілгені болар. Гүлбике де қасындағы

құрбы бойынан байқаған қылығына аң-таң. Әр сөзі тәнті еткен.

— Сөйлеуді қайдан үйренгенсің, ә?!

Гүлбике оның мойнына асылып, күміс күлкіні сыңғырлатқан.

— Үндемегенге екі сөздің басын біріктіре алмас деп қорқып жүр ме едің.— Көңіліңе алып қалдың ба?

— Жоқ-а-а..

Әзілдері жарасқан наз құрбылар пәк көңілдерге кірбің түсіріп алмауын да ойлайтын секілді. Біріне бірі күлкі сыйлауда.

«Еңбек» атты шопан комсомол-жастар бригадасының бригадирі Гүлбике Оңғарбаева мен осы коллективтің мүшесі Еңбек Қызыл Ту орденді, облыстық Советтің депутаты Тұрсынақша Құсайынова еңбек көрігінен өткен жалын жастар. Сонау жылдары трактор руліне қатар отырған қос құрбы қазір де нық сапта жұп жазбай келеді. Еңбектері өнімді, тұрмыстары көңілді. Олардан кейінгілер үйренер тамаша да өнегелі қасиеттер де мол. Еңбек әліппесін жаңадан ашқан Гүлжан Оңғарбаева, Бақтықыз Қожабаева, Майра Қиялова, Бақжамал Ибрагимовалар үлкен жолға апарар соқпаққа түскен. Ал жастар жүрген жерде әрқашан да із қалады...

КПСС XXIV съезі жүріп жатқан күндері Семей облысы Шұбартау ауданының мектеп бітіруші түлектері «Қой шаруашылығы жастардың төл ісіне айналсын» деп үн көтергені әлі есімізде. Қарап отырсақ содан бері талай уақыт зымырап өте шығыпты-ау. Әрбір күннің әкелер жаңалықтары мен елеулі өзгерістерінің мол болатынын үнемі бағдарлай бермейтініміз бар. Сонау жылдары ауданда тұңғыш құрылған комсомол жастардың төрт бригадасының саны бүгінде мыңға жуық. Әлгі бригада-

лар саны жағынан емес, формасы, еңбекті ұйымдастыруы, тұрмыс-тынысы жағынан да едәуір жетілдірілді, жастар бригадалары қазір қой шаруашылығын өнеркәсіптік негізде өсіріп өркендетуде. Жаңалық деген міне, осылайша өркен жаяды екен.

Орта мектепті бітірісімен ауылда қалдық. Асыл арман бізге механизатор мамандығын меңгертті. Құрбымыз Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева бастаған механизатор қыз-келіншектердің саны тоғызыншы бесжылдықтың аяғында 45-ке жетті. Бір ауылда қырық бес механизатор қыз. Солардың қарлығаштары болғанымыз қазір.

Тоғызыншы бесжылдықта қалыптасқан бригаданың өміріндегі ең елеулі жай — КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Леонид Ильич Брежнев жолдастың Тың игерудің 20 жылдық мерекесінде Алматыда сөйлеген сөзінде Қазақстанның кең-байтақ даласында таяу жылдарда 50 миллион ақтылы қой өсіру программасын ұсынуы болды. Біздер, механизатор қыздар, бұл шақыруды шын жүректен қуана құптадық.

Республика тарихында мал шаруашылығын, оның ішінде қой түлігін өнеркәсіптік негізде топтап бағу тәсілі алғашқы рет біздің ауданда өрістеді. Бастаманың алғашқы иелері де біздерміз. Қазір облыс бойынша әрқайсысында 5 мыңнан 25 мыңға дейін қой өсірілетін алаң, мал бордақылайтын 15 комплекс жұмыс істейді. Оларда 400-ден астам комсомолецтер мен жастар еселі еңбек етіп жүр. Тоғызыншы бесжылдық тұсында біздер Бүкілодақтық жүлдеге ие болдық. Біздің Талдықорған облысы Кербұлақ ауданы «Сарыбұлақ» асыл тұқымды қой заводының «Ұшқын» бригадасы мен Қаратал және Ақсу аудандарындағы «Армандастар» аталатын бригадалар да бүкіл республикаға белгілі. Облыс

еңбекшілерінің оныншы бесжылдықтың беташар жылына қабылдаған социалистік міндеттемесінде мынадай жолдар бар: «Әр саулықтан — 110 қозы алу, әр қойдан 4 килограмм жүн қырқу». Бұл шешім жастар бригадаларына үлкен сенім артып отыр. Таяу жылдарда Жетісу өңірінде 5 миллион қой өсетін болса, оның жарты миллионы Жаркенттің кең өрісінде өреді екен.

Қолхоз басқармасы мен партия ұйымы 1974 жылы жас коммунист ретінде маған сенім жүктеп, «Еңбек» атты бригаданы басқаруды тапсырған еді. Алғашқы жылы он мың тұяқ бордақылап етке өткіздік. Бригаданың құрамында 10 адам бар. Олар шетінен техника тілін жетік білетін жастар. Орденді Т. Құсайынова, жас коммунистер Ч. Зуламова мен А. Разиева, сондай-ақ Бағдаттың сіңлісі Бақтықыз бен менің сіңілім Гүлжан бригаданың белсенді мүшелері.

Мал бордақылайтын үлкен комплекстің іске қосылғанына біраз болды. Онда 20 мыңнан астам қой семіртеледі, барлық жұмыс механикаландырылған. Жаңа сапа бесжылдығы біздің бригада өміріне елеулі де маңызды табыстарды молдап әкелер деп ойлаймыз. Себебі өршіл, әрі жаңалыққа құштар еңбектес құрбыларымың бойынан байқайтыным — олардың ертеңге деген сенімі. Коллектив пен жүрген ортаңды тамаша жаңалықтармен қуанта беру басты мақсатымыз. Алға жылжу, биік белестерге ұмтылу өмір талабы. Соның айқын көрінісі бригаданың әр қадамымен өлшенеді ғой. Жетпіс алтыншы жылдың календарын парақтаған алғашқы күннен бастап бригаданың күн тәртібінде тұрған іс-жоспары мен міндеттемесіне жіті үңілдік. Алдағымызды бағдарлағанда оны өлшеп-пішіп, мүмкіндігінді анықтауың үшін өткенге де зер саларымыз заңды. «Еңбектіктердің» тоғызыншы бесжылдыққа

қосқан өзіндік үлестері бар. Оның бәрін тізіп айтудың еш қажеті жоқ. Жемісті еңбек әркез лайықты бағасын алып жатса нұр үстіне нұр. Ендеше кешегі қол жеткен табыстарымызды баянды етіп, оны есейлей түсуге деген құлшыныс әр жүректерде ұшқын атары сөзсіз. Оныншы бесжылдықты бригада мүшелерінің қай-қайсысы-ақ жалын жігермен қарсы алды. Қоллективтің озық тәжірибесін, қажыр-қайратын, мол мүмкіндігін саралап, жан-жақты талдап екшедік. Соның нәтижесі — беташар жылда әр қойдың тірілей салмағын 55 килограмға жеткізіп, әрқайсысынан 5 килограмнан жібек жүн қырқу. Бұл әрине жоғары меже. Оған жету жолында бригада мүшелерінің аянбай еңбек етері сөзсіз.

Біз мал өсіріп, өнім беріп жүрген соң кең өрістің келешегін ойлағанда, көсіліп жатқан ұлан жазира далалардың сол мал үшін игілікке түгел пайдаланылмай жүргені қынжылтады. Мұндай иен дала республикада мындаған гектармен саналады екен. Есік ашқан бесжылдық осы жерлерді суландыратын, қиырдағы далаларға жаңа қала, селолар қоныс тебетін бесжылдық болғай деп тілейміз. Тіпті қой шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшіріп, шоғырландырған жағдайда, оған мол жемшөп және кең өріс керек қой. Жастар бригадаларын механикаландыру, жас қой өсірушілердің кәсіптік мамандығын да үздіксіз жетілдіре беру қажет. Шопан мамандығының тар шеңберде қалмай, оның қосымша мамандықты игеруіне жол ашқан да осы механикаландырылған комплекстер. Ең бастысы ірілендірілген қой бордақылау комплекстері жастарды еңбекке баулудағы ғажайып орталыққа айналып отырғандығы. Қой соңында жүрген жастардың зоотехникалық, мал дәрігерлік ғылымдардан хабардар болғаны жөн. Онсыз бесаспап шопан болу мүмкін емес. Бригаданың 8 мүшесі

облыс орталығындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумда сырттай оқып жүр. Бұл жағынан аудан көлемінен мұндай бригаданы кездестіре алмаймыз. Әдетте көптеген бригадалардың екі не болмаса үш адамы ғана арнаулы оқу орындарында оқитыны белгілі...

Жастар бригадасының жетекшісі Гүлбике Оңғарбаева өзі басқарып отырған шағын коллективтің күнделікті тіршілігі мен ертеңгі міндеттері жайында әңгіме қозғаған сәттерде өздері тектес облыс көлеміндегі жас шопандар бригадаларының өмірін тілге тиек етеді. Бұл әрине қарапайым еңбек адамының жан-жағына көз жіберіп, еңбектегі бәсекелес коллективтерінің ішкі тұрмыс жағдайын сырттай болсын бағдарлап, қадағалап отыруынан туса керек. Гүлбикенің қойын дәптерінде бригада өмірінің әрбір елеулі сәттері дер кезінде жазылып тұрады. Сол жолдардың кейбірін оқысақ:

«Қараша айының орта кезі болатын. Сәскеде зоотехник келді. Жемде тұрған қойларды аралап көрдік. Арық-тұрақтарды қосымша жемдеп етке өткізерде әрқайсысының салмағын 45—50 килограмға жеткізуге келістім. Бұл бригаданың мүмкіндігі еді...»

«Ертелі-кеш ақшуда тұман шөгіп, көкжиектің өзі де көмескі тартып көрінсейші. Төрт аяқты мал қолға қарап қорада тұр. Қыстың хабаршысы ақ ұлпа көбелек қар қалқып түсіп жатыр. Күні ертең үскірік соғып, аяз тұрады. Қар жауса екен. Аяғымызға шаңғы байлап қыр асар едік. Қарашаның соңында етке тапсыратын тоқтыларды бөлектей бастадық...»

«Қарлы боран көкті жапты, қарлы құйын қуалай» демекші, желтоқсан да келіп жетті. Айнала төңірек ақ ұлпа жамылып жатыр. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылын біздің «Ең-

бек» атты комсомол жастар бригаасының шопандары елеулі табыстармен аттандырғалы отыр. Оның ішінде мына цифрларды айта кеткен жөн. Етке өткізілетін 8 мыңнан аса қойдың қондылығын арттырып, әрқайсысының орташа салмағын 50—51 килограмға жеткізу. Жұмыстан кейінгі бос уақытымыз да көңілді өтуде. Құрбылар тізіліп ақ далаға шығамыз. Айқыш-ұйқыш сызылған шаңғы іздері қиырларға шақырады...»

«Мұндай қуанбаспын. Коммунистер үлкен сенім көрсетіп Қазақстан Компартиясының XIV съезіне делегат етіп сайлады. Енді бір-екі күннен кейін коммунистердің үлкен форумына қатысып, өз бригаданың тамаша табыстарын еңбек рапорты ретінде алып бармақшымын. Бұдан артық бақыт та, қуаныш та болмас, сірә...»

Жоғарыдағы жолдардың өзі біраз нәрсені ұқтырғандай. Еңбек адамына қуаныштарыңыз жалғаса берсін демекпіз. КПСС XXV съезі қарсаңындағы еңбек вахтасында бригада қарауындағы 20 мыңнан астам қойды қыстан шығынсыз шығарып, әрқайсысының салмағын 53 килограмға жеткізуге ұйғарғанын басқа облыстардан келген өз әріптестеріне әңгімелеп берген. Озат тәжірибе ортаға салынды. Калинин атындағы колхоз қойды өнеркәсіптік негізде бордақылаудың нәтижесінде тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылы 104 мың 800 сом табыс алғанын жыр ғып шертті.

Гүлбике өз бригадасының, бір кездегі еңбектес құрбысы Бағдаттың құттықтауларын съезд өтіп жатқан күндері алып, үлкен қуаныш сәттерін бастан өткізді...

ТАБЫС БАСТАУЫ—ЖАСТЫҚ ЖІГЕР



Комсомол күші — партия басшылығында деген сөзді үнемі естіп жүреміз. Шындығында комсомолецтер мен жастардың небір жауапты жұмыстар ортасында жүруі көп ретте партия ұйымдарының басшылығына байланысты. Олардың жастарға бағыт-бағдар сілтеп, тындырылған сан-алуан жұмыстарды тиянақты қорытындылап, негізгі нысаналар туралы егжей-тегжейлі әңгімелейтіні бар. Панфилов аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ғалымжан Тұрғанбаев өзінің әңгімесін егіншілік пен мал шаруашылығы төңірегінде қозғаған. Аудан қыз-келіншектері турасында айтар сөзінің жүйесін Калинин атындағы совхоздың өнегелі еңбегімен коллектив мақтанышына айналған жастарына бұра берген. Төмендегі әңгіме өзегі де осылайша өрбіген еді.

Жадыраған жаз күндері ауданымызға келіп шаруашылықтарымызды аралаған кімде-кім құнарлы өлке, құт мекенде жап жасыл болып жайқалып тұрған дала аруы — жүгеріні көрер еді. «Дала аруы» деп әуелден тегіннен-тегін айтылмаса керек. Еркін ескен самал желмен баяу тербеліп, әсем ырғатылған осынау жүгері алқабына қараған адамның көзі тояттап, көңілі өседі. Жасыл желегі құлпырған жү-

гері плантациясы жиырма тоғыз мың гектар жерді алып жатыр. Жылдағыға қарағанда ауа райы қолайсыз болып тұр. Биылғы ауа райының құрғақшылығына қарамастан жүгерінің шығымы көз қуантады.

Еліміз бізден төрт жылдық тапсырмадан тыс алып мың тонна астық, 7327 тонна ет, 343 тонна жүн алды. Мемлекетке сүт тапсырудың бесжылдық жоспары аудан бойынша қорытындылаушы жылдың июнь айында орындалған. Астық өндіру және оны мемлекетке өткізу жөніндегі жоғары көрсеткіші үшін аудан тоғызыншы бесжылдықтың шешуші жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Кәсіподақтардың республикалық Советінің және Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің Қызыл туын алғаны үлкен мақтанш. Әрине, қыруар еңбек табысының ішіндегі маңдай тер тамшыларының иелері ретінде ілтипатпен ауызға алғашқылар сапында ілінері де калиндік диқандар. Калинин атындағы колхоз жылмажыл жүгеріні жақсы өсіріп жүр. Олар тоғызыншы бесжылдықтың әр жылында егістік көлемін көбейтіп, әр гектардан алынар өнімнің түсімділігін арттырып келеді. Мәселен, калиндіктер тоғызыншы бесжылдықта 550 мың центнер астық өткізуге міндеттенсе, төрт жылда Отан қоймасына 785 322 центнер алтын дән құйды. Ал, өткен қорытындылаушы жылы 120 мың центнердің орнына 181 167 центнер астық өткізілген екен. Осы цифрлардың өзі біраз жайды аңғартса керек.

Аудан еңбекшілері өткен қорытындылаушы жылы Отан қоймасына жүз он төрт мың тонна жүгері дәнін өткізіп, екі жүз мың тонна жүгері сүрлемін дайындауға міндеттенген еді. Дала ерлерінің ерен еңбектері меже биігінен табылуымызға кең жол ашты. Соның айғағы мемлекетке 115 000 тонна алтын

дән өткізілді. Мұның барлығы да қарапайым еңбек адамының құдіретті қолымен жасалынып отыр. Өйткені біздің өңірде ауа райы қолайсыз болған жылдардың өзінде де жүгеріден мол өнім өсіре білген нағыз еңбекқор, іскер адамдар бар. Олар онда емес, жүздеп саналады. Таңдаулы звено жетекшілері Мәриям Ниязова, Күләш Айтжанова тәрізді еңбек саңлақтары күтімді көп керек ететін дала аруының барлық қыр-сырын жетік біледі. Қос диқан өздерінің көп жылғы қажырлы еңбегі арқасында Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа ие. Үздік еңбегімен коллектив даңқын биікке самғатып жүргендер қаншама десеңші.

Сондай-ақ, іс тетігін байыпты білетін шебер ұйымдастырушыларды да ауданымыздың көптеген шаруашылықтарынан табасыз. Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхоздың председателі, Социалистік Еңбек Ері Н. Н. Головацкий, Калинин атындағы колхоздың председателі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Имир Біләлов, Киров атындағы колхоздың председателі Ибраһым Қожахметовтердің қай-қайсысы да шаруаның қырын, жердің сырын, істің тетігін жетік білетін басшылар. Өркенді де өнікті жұмыстардың үнемі басы-қасында жүретін, ертеңгі болашақ молшылықтар заңғарына ең алдымен жіті көз жіберетін де алдыңғы толқындар ғой. Темірқазықтай жарқыраған көргені мен түйгені мол, тағылымы мен тәжірибесі жеткілікті ағалар жолы — жастарға үлкен өнеге. Сондықтан болар, диқандықты мұрат тұтқан бүгінгі жастар — жігіттер мен қыздар жүрген орталарын игілікті істерімен қуантуды басты мақсат еткен. Жастар бойынан көретініміз де жалын мен жігер.

Жүгері әрі астық, әрі құнарлы мал азығы. Осы дақылдан мол өнім алып жүрген шаруашылықтардың экономикасы да биік. Дала аруын

күтіп-баптау, оның жап-жасыл жапырағын жайқалтып өсіру оңай шаруа емес. Ол тынымсыз табанды еңбекті қажет етеді. Бесжылдықтың барлық баспалдақ жылдарында биіктен-биікке қол созған аудан диқандары жоғарыдағы жайларды жақсы түсініп, жатпай-тұрмай тер төкті. Ерлікке пара-пар нағыз еңбектің үлгісін көрсетті.

Ауданның жалпы жер көлемі — бір миллион гектар. Соның қырық сегіз мың гектары суармалы жер. Егіншілік мәдениетін арттыруда, одан түсетін өнімді молайтып тұрақтандыруда су қорын тиімді пайдаланудың маңызы үлкен. Сондықтан да бұл мәселеге партиямыз бен үкіметіміз әрқашан айырықша назар аударып келеді. Суармалы егіншілікті өркендету жөнінде біздің республикамызда да келелі істер атқарылып отыр. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында (1975 ж.) суландыру мәселесінің арнайы сөз болуының өзі-ақ бұл іске қаншалықты зор мән беріліп отырғанына айғақ.

Суландыру ісін жақсартудың егіншілікпен бірге мал шаруашылығын өркендетуге де тигізер ықпалы ерекше. Мәселен, жүгеріден мол өнім алған жағдайда қоғамдық малды жеткілікті азықпен қамтамасыз ету мақсатындағы түйінді мәселе шешіледі де, одан алынатын өнім жоғары болмақ. Мұның өзі қой шаруашылығын өнеркәсіптік негізде өркендетуге қолайлы жағдай туғызады. Ауданда жүз мыңға жуық қой бар. Жеті колхоз бен бес совхоз қой бордақылау алаңдарын жасады. Бұл — өте тиімді тәсіл. Жемшөп беру, мал суару, басқа да толып жатқан жұмыстар механикаландырылған. Екі мың қойды күтіп-баптау жұмысында бар болғаны екі-ақ адам істейді. Бір ғана Калинин атындағы колхоздың «Еңбек» атты жас шопандар бригадасындағы он қыз екі-үш жыл бойы жиырма мыңға тарта қойды бағады екен. Осыдан байқай-

тынымыз, қойды арнаулы алаңдарда ұстаудың тиімділігінің зор маңыздылығы. Сондықтан да биыл аудан бойынша екі жүз жиырма мың қойды өндірістік негізде бордақыламақпыз. Қой қысы-жазы ашық алаңда тұратындықтан, жемшөбі ұнтақталып берілетіндіктен басқаша айтқанда бағып-қағуы келіскен малдан өлім-жітім де болмайды. Осындай әдіспен бағылған бір мың қойға жұмсалатын шығын өрісте жайылып бағылатын бір отар қойға жұмсалатын шығыннан аз.

Қой шаруашылығын өнеркәсіптік негізде өркендету тәжірибесі жаппай қолдау тапқаны белгілі. Игілікті бастама кең өріс жайып отыр. Панфиловтық шопан-жастардың жұмыстарын көру үшін республикамыздың бірқатар облыстарынан және РСФСР-дің Ростов облысынан, Ставрополь өлкесінен арнайы делегациялар келіп қайтты. Шопандардың бүгінгі өмірімен, жұмыс тәртібімен жан-жақты танысуға мүмкіндік алған. Комплекстерді аралап, жастар бригадаларының тұрмыс-тіршілігін тамашалады. Озық тәжірибелер, ортақ ұсыныстар, қой шаруашылығының толғақты проблемалары әр қырынан қозғалады. Ақыл-кеңестер бір арнаға тоғысып, құнды пікірлер жалғасын тауып жатты.

Жүгеріні молынан қолдану нәтижесінде малдың салмақ қосуы артып, одан алынатын өнім көбейіп, шаруашылықтардың экономикасы нығаяуына игі ықпал жасап отыр. Мұның жемісті нәтижелерін аудан көлеміндегі жыл санап бой көтерген құрылыстардан айқын көресің. Қолхоздар мен совхоздарды былай қойғанда тіпті кейбір бригадалардың да өз алдына архитектураның соңғы жетістіктерімен салынған тамаша Мәдениет сарайлары бар. Калинин атындағы колхоздың үлкен Мәдениет сарайы қазіргі аудан орталықтарындағы мәдени ошақтардың ешқайсысынан кем емес.

Алты жүз елу орындық көрермендер залы бар зәулім сарайдың сахнасы кең, еңсесі биік. Сондай-ақ мұнда кітапхана, оқу залы, спорт бөлмелері жұмыс істейді. Әртүрлі кештер өткізуге арналған бөлмелер тартымды безендірілген.

Нақты деректер жүгері өсіру бидайға қарағанда сегіз есе ауыр екенін көрсетті. Бірақ, бейнетті еңбектің зейнеті де көп. Сол себепті де жүгері егісінің көлемі жыл сайын көбейтілуде. Өткен жетпіс бесінші жылы жүгері алқабының алып жатқан жері аудан бойынша жиырма тоғыз мың гектар болған екен. Панфилов ауданында жүгерінің қаншалықты мол өсіріліп отырғандығын мына цифрдан анық аңғаруға болар еді. Өзбек ССР-інің Андижан облысында жүгері егісінің көлемі алты мың гектар болса, ауданның алдыңғы қатарлы шаруашылығы — Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхозда бес мың сегіз жүз қырық гектар жүгерілік дүбірлі еңбектің думанды шағына бөленеді қай кезде. Ал, Калинин атындағы колхоздың егіс көлемі бес мың гектар жерді алып жатыр.

Жүгері егісінің көлемі жыл сайын ұлғайтылуы жаңадан инженерлік құрылыстар жүргізуді талап етіп отыр. Олай болмаған жағдайда суарудың қазіргі жүйесімен суды үнемі пайдаланып, тұрақты мол өнім алу мүмкін емес. Себебі, атыз-арықтар арқылы егістікке жіберілетін судың межелі жерге жеткенше тең жартысы топыраққа сіңіп кетеді. Негізгі су көзі тау өзендері, бұлақтар болып отырған аудан жағдайында жүгері көлемін одан әрі көбейту үшін суды ысырап етпеу шараларын алдын ала жүргізу керек.

Осыдан келіп аудан территориясында темір бетон жасайтын завод салу қажеттігі туып отыр. Себебі, мұндай материалдарсыз науалар жасалмайды. Ал, ол материалдарды Алматыдан, я бол-

маса Талдықорғаннан тасымалдаған жағдайда жұмсалатын шығынның қырық проценті тек қана тасымал ақысына кетеді екен. Бұл — бір. Екіншіден, мұндай темір бетон материалдары қой шаруашылығын өнеркәсіптік негізде өркендету шараларына да қажет. Мәселен, одан жемшөп беретін астау, мал суаратын науа жасауға болар еді. Нақты есепке жүгінсек, үш қойға бір метр науа керек екен. Ал аудан бойынша жүз мың қой бордақылауға қойылғанда оған отыз километр науа керек. Қазіргі қолданылып жүрген ағаш-тақтайдан жасалған бұйымдардың тұтыну мерзімі қысқа, әрі сапасы төмен. Сондықтан да тиімді де, сапалы материалдарды көптеп пайдалану көзделуде. Аудан жерінде темір бетон материалдарын жасауға қажетті шикізат қоры жеткілікті. Осының бәрі Панфилов ауданының территориясында темір бетон шығаратын заводтың бой көтеруін талап етеді. Мұның өзі бір ғана аудан шаруашылықтарына емес, басқа да аудандарға пайдасы болары сөзсіз. Өзге совхоздар мен колхоздардың темір бетон бұйымдарына деген талап-тілегін де қанағаттандыруға мүмкіндік туар еді.

Тағы бір көптен толғандырып жүрген мәселенің бірі қой бордақылайтын комплексті ашық алаңдар құрылыстарының жоба-жоспары. Қазіргі жоба-жоспарлар бүгінгі күннің талабына сай келе бермейді. Олардың өзіндік құны тым қымбат.

Республиканың алдына таяудағы жылдары қой санын елу миллионға жеткізу міндеті қойылып отыр. Панфилов ауданының еңбекшілері де осынау бүкілхалықтық жауапты іске мүмкін болғанынша лайықты үлесін қосады. Аянбай еңбек етеді, бойдағы бар күш-жігерді дүбірлі үлкен істің жолында аянбай жұмсайтыны аян. Ал, енді қой шаруашылығының болашағын сөз еткенде шопандардың

тұрмыс жағдайын ұмытуға болмайды. Қойды бағатын да, өсіретін де ең алдымен шопандар. Ендеше олардың мұң-мұқтажының, тілек-талабының үлкен-кішісі болмаса керек. Осы жайлар дер кезінде ескеріліп, көңілден шығып жатса нұр үстіне нұр.

Соңғы жылдары екінші тыңға — қой шаруашылығына жастар лек-легімен келіп жатыр. Белді бекем буып қой бағып жүрген қыздар мен жігіттердің бүкіл кластарымен орта мектептен кейін еңбек әліппесін дала төсінде бастауы кімді де болса қуантуда. Жас шопандар бригадасы аз уақыттың ішінде ұлан-ғайыр республикамыздың барлық аудандарында жарыса шаңырақ көтергені баршаға белгілі. Бағалы бастама бастаушылары атанған шұбартаулық комсомолецтер мен жастардың ізбасарлары жыл сайын көбейіп, мал шаруашылығына комсомолдық жолдама алушылардың қатары үздіксіз толығуда.

Жаркент өңірінің кез-келген елді мекендеріне жол салсаңыз топ-топ болып қой баққан өрім жастардың өздеріне кездесесіз. Он жылдықты бітіріп еңбекке араласқан жас шопандардың бүгінгі өскелең заманымыздағы тұрмыс-тіршілігімен танысып, өз ауылының экономикасын биіктен-биікке көтеріп жүргендердің сүйсінерлік істерін өзгелерге үлгі-өнеге ретінде айтқың келеді.

Комсомолдың мал шаруашылығын өз қамқорлығына алуы үлкен жауапкершілікті сездіреді. Сондықтан да жастарға қолдан келген барлық жағдайды туғызып, қамқорлық көрсету ең бірінші міндет. Жарқын істер көрінісін сонда барып көрер едік. Калинин атындағы колхозда еңбек ететін «Еңбек» комсомол-жастар бригадасын аудандағы алғашқы қарлығаштар санатында ауызға аламыз. Тұңғыш қадам жасау қашан да қиын. Осы бригада құрылған күннен бастап олардың қаз қадамынан

көз жазбадық. Әрбір жұмыстары қадағаланды. Колхоз басшыларының жастарға деген қамқорлықтары үнемі қажет екендігі айтылып жүрді.

Әрине, өз орталарынан қанат қаққан жақсылық нышанына ешкім кедергі болмақ емес. Қайта мақтаныш сезіммен бағалы бастамалар өрісін жыраққа жаюды ойлайды ғой. Олай дейтініміз сонау бір жылдары Жаркент жерінде дүниеге келген қыз-келіншектердің жаппай техника тілін үйреніп, механизатор мамандығын меңгеруге деген құлшыныстары жайында республикамызда ғана емес, бүкіл елімізде айтылып жүрді. Ал, осындай игі істердің шын мәніндегі иелері калининдік қыздар болуының өзі олар үшін зор бақыт, үлкен мақтаныш. Іле-шала маханизаторлықты оқып-үйренуші, трактор рулінде отырушы қыз-келіншектер қозғалысының ықпалы мен әсерін айтып жеткізу қиын-ақ. Оның үстіне қыздар турасында, олардың сәтті қадамдары аз сөз болған жоқ. Аудандық, облыстық, республикалық, сондай-ақ одақтық баспасөздер әлденеше жазды. Өзінің кластас құрбыларының бастарын ортақ мақсатқа біріктірген, аз уақыттың ішінде мамандығының шебері атанған бригада жетекшісі Бағдат Қожабаева Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Бригаданың көптеген мүшелері орден мен медаль қадап, халық қалаулысы болды. Адал еңбектің бағасы әркез әділ таразыланып жатқанға не жетсін.

Одан да бұрын тілге оралатыны бір кездегі механизатор мамандығын меңгеріп, тың төсіне түрен салған, егістік алқаптан қырмандағға күнтүн дән тасыған қыздардың өмірдің өзі тудырған жаңа қозғалысқа — дүбірлі көшке ілесуі. Әйтпесе трактор руліндегі қыздардың ешқайсысын үйреншікті кәсіптерінен айнытқан жан жоқ. «Біздер бұл

күнде жалғыз емеспіз. Соңымыздан ерген құрбылар бойындағы тамаша қасиеттер ұшқыны соны айғақтайды. Ендігі жерде өзімізді тағы бір еңбек емтиханында сынағымыз келеді. Екінші тың — еншіміз. Сенімнен шығуға бар жігер-қайратымызды жұмсаймыз. Иә, солай...»

Мінеки, осынау сөздерді де еңбек тезінен өткен ауыл қарлығаштары айтқан. Патриоттық бастама иелері де Бағдат бригадасының мүшелері еді. Олар — облыстық Советтің депутаты, Еңбек Қызыл Ту орденді Тұрсынақша Құсайынова, аудандық Советтің депутаттары Гүлбике Оңғарбаева, Чимән Зуламовалар... және орта мектепті жаңадан бітіруші түлектер. Содан бері біраз уақыт өтті. Шопандар бригадасы есею баспалдақтарын аттады. Алғашқы қадам ауылды да, ауданды да елең еткізді. Жаңа бригадалар аттары әр шаруашылықтардан естіліп жатты.. Көрші колхоз, совхоздардың өкілдері Калинин атындағы колхоздың жас шопандар бригадасына арнайы қонаққа келе бастаған...

Калининдік жастар жаңа типпен салынған жақсы үйде тұрады. Демалыс бөлмелері, кітапхана, оқу залы мен асхана әлгі тұрған үймен қатар салынған. Жас шопандарға қажетті мебельдер жеткілікті. Мал шаруашылығына көптеп келе бастаған жастарға қамқорлық мәселесін сөз еткенде көкейге оралатын бірер пікірді ортаға сала кетуді жөн көрдік. Біздіңше, бір жерде тұрып, бір жерде еңбек ететін, бір жерде демалатын, бір жерде тамақтанатын жас шопандардың арнаулы жұмыс және демалыс киімдері болғаны ләзім.

Тұрмысқа керекті бұйымдарды да, гарнитурден бастап ыдыс-аяққа дейін, әрі арзан, әрі әдемі етіп көптеп шығаруды ойластыру керек. Шопандар үшін көшіп-қонуға ыңғайлы жартылай жиналмалы

гарнитурлар жасалса қандай жақсы. Қой шаруашылығында еңбек ететін жастар бригадаларына арнап жарық беретін шағын движоктар жасап шығару қажет-ақ.

Жақсы іс қашан да жалғасын тауып жатады. Олар жастарды жаңа жеңістерге, биік белестерге шақырары сөзсіз. Комсомолецтер мен жастардың арасында «Бесжылдыққа — жеңісті сөре!», «ҚПСС XXV съезі шешімдерін жүзеге асырайық!» девизимен басталған жарыс кеңінен өріс алды. Табыс бастауы — жастық жігер. Ендеше, игілік қайнарын тасқындату да жасампаз жастардың өз қолдарында.

Осы орайда бірер мысал келтірейік. Тәжірибесі республика комсомолы Орталық Комитетінің бюросында қаралған жеті адамнан тұратын «Ұшқын» комсомол-жастар бригадасы Калинин атындағы колхозға іргелес Киров атындағы колхозда. Ұшқындықтар 20 мыңнан астам қойды күтіп-бағады екен. Шағын отарлық жүйе бойынша, зоотехникалық нормаларын есептесек, осыншама қойды бағуға кемінде 60 шопан қажет болар еді. Бригада жемшөп тасып беру, қоралар мен комплекс төңірегін тазарту үшін тиісті техникамен қамтамасыз етілген. Ал, экономикалық көрсеткіштерге назар аударсақ тоғызыншы бесжылдықтың соңғы жылында бригада он мың қойды бордақылап, олардың әрбірінің орташа салмағын 55 килограмға жеткізді. Бұл аудан бойынша орта көрсеткіштен он килограмға жоғары. Қосымша салмақтың әрбір центнерінің өзіндік құны 12 сомнан аса төмендеді. Бригада төрт жүз мың сомға жуық пайда түсірді. Табыстың қайнар көзі осылайша ашылған. Калинин атындағы колхоздың «Еңбек» жастар бригадасының қол жеткізген табыстары да қуантарлық. Алғашқы жылы олар

әр қойды 54 килограмм салмақпен өткізіп, әрқайсысынан 4,5 килограмнан жүн қырықты. Комплексте бордақыланған әр қой 25 сом 75 тиын таза пайда берген. Жайылымда бордақыланған қойдың бір центнер етінің өзіндік құны 85 сом 75 тиын болса, комплексте бордақыланған қойдың әрбір центнерінің өзіндік құны 74 сом 80 тиыннан айналды. Осы цифрлардың өзі-ақ көл-көсір табыс сырын ашып тұр. Келер жылы да олар жақсы нәтижелерге ие болды. Мемлекетке тапсырылған әр қойдың салмағы 52 килограмнан айналды. Міндеттемедегі көрсеткіш 42 килограмм еді. Әр қойдан 3,3 килограмм орынына 4,4 килограмнан жібек жүн алынды. Әрине, бүгінгі биіктік ертеңге өлшем емес. Кешегіден бүгін, ал ертең бүгінгіден де жақсы жұмыс істеу ең негізгі нысана.

«Шағын механизацияны» енгізу жастар еңбегінің мазмұнын байытып, оны жеңілдетіп қана қоймаса керек. Жұмыс уақытын қысқартуға бірден-бір көмек те. Қой шаруашылығы комплекстерінің көпшілігінде ұдайы демалыстарға қоса екі сменалық жұмыс тәртібі енгізілген. Қазіргі өмір талабына орай шопан-механизатор, шопан-оператор секілді жаңа мамандықтар пайда болды. Қой шаруашылығындағы еңбектің ауыр процестерін толық механикаландыру бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселе. Сондықтан да жалғасын тапқан жақсы бастамалар мен жарқын істердің сапасын жақсарту беру ләзім.

ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН НЕМЕСЕ ТҮЙІН



Бағдаттың еңбектес құрбылары бастама шеруін алға әкетіп барады. Механизатор мамандығын тізгіндеген туған ауыл түлектері құрбы-қыздар трактор егіс бригадасы мен комсомол-жастар шопандар бригадасында табыстың тайқазанын үздіксіз толтыруда. Сол дүрмектің ішінде Бағдаттың сіңілісі Бақтықыз да жастық жалынын туып-өскен ауыл келбетін ажарландыруға жұмсап жүр. Бағдат каникул күндерін үнемі дала қосында өткізуді тамаша дәстүрге айналдырған. Жақында ғана ол өз замандастары еңбек ететін «Еңбек» комсомол-жастар бригадасында жазғы каникул күндерін өткізді. Дөңгелек стол басында Бағдаттың шешесі Жұмаханмен, әкесі Бекзатпен, сіңлісі Бақтықызбен ұзақ әңгіме дүкенін құрдық. Бағдат өмірбаянының негізгі беттері саналатын түрлі альбомдарды, толып жатқан диплом-грамоталарды көріп, қойын дәптерімен танысып, ондағы кейбір жолдарға тесіле үңілгенбіз. Үңіліп отырып әлденеге қуанғанбыз. Бағдат бақытын өз замандастарына, өз құрбыларына айтып жеткізгенше асықтық...

МАЗМҰНЫ

	Беті
Өмір дегеніміз — жол	3
Бәрі де сол бір кештен басталған	10
Темір тұлпар мінген қыз	16
Күдік бұлты қалай сейілді?	29
Бағдат және оның бригадасы	34
Тобықтай түйін	46
Егіншілік-жастардың екпінді шебі	59
«Дала аруы» ырғалып тұр	66
Алғашқы дән немесе қырман жыры	76
Бастама бастамаға ұласты	85
Комбайншыны мазалаған ой	97
Жауапкершілік жүгі	102
Табыс бастауы — жастық жігер	116
Өмірбаян беттерінен немесе түйін	128

16 т.